# ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

## ВЕСТНИК КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ЖЕНСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА

## BULLETIN OF THE KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY

**№5 (59) 2015**

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY
BULLETIN
SCIENTIFIC JOURNAL

№5 (59)

2006 жылдан бастап шығады, шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) Ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы №13965-Ж куәлігі бойынша тіркелген

**Бас редактор**
Нөкетаева Д.Ж. - п.ғ.к.

**Бас редактордың орынбасары**
Алиев Б.Ә. – ф.-м.ғ.д., профессор

**Редакциялық алқа**
Бакибаев А. - х.ғ.д., профессор (Ресей)
Абилев С. К. - б.ғ.д., профессор (Ресей)
Щепеткин И.А. - б.ғ.к., профессор (АҚШ Монтана университеті)
Бутин Б.М. - х.ғ.д., профессор
Сәтімбеков Р.С. - профессор
Құрманбаева М.С. - б.ғ.д., профессор м.а.
Дейв Чан – PhD Geotechnical Engineering, профессор (Канада, Альберта университеті).
Лазерев В.А. – п .ғ.д, профессор (Ресей, Центр современного образования и НМС по математике МО и Н РФ).
Обозов А.Дж. – техн.ғ.д., профессор (Қырғызстан, И.Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті).
Жамалов А. – техн.ғ.д., профессор
Құлбек М.Қ. – ф.-м. ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).
Баймахан Р.Б. – техн.ғ.д., профессор
Есқалиев М.Е.– техн.ғ.д., профессор
Роже Бастриос – PhD., профессор, гуманитарлық ғылымдар докторы (Франция)
Фарух Чолах – PhD., профессор (Түркия)
Семенов П.А. – ф.ғ.д. (Ресей)
Сүлейменова Ж.Н.– п.ғ.д., профессор
Қансейітова Ү.Р. – п.ғ.к.
Әбді Уақап Қара – профессор, PhD (Түркия)
Ахмет Ташағыл – профессор, PhD (Түркия)
Махмудов Б. Л. – PhD (Абай атындағы ҚазҰПУ)
Сүлейменова Ж.Д. – PhD (Астана қаласы)
Смағұлова С.Ә. – т.ғ.д., профессор (Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты)
Гогоберидзе А.Г. – п.ғ.д., профессор (Ресей)

Джуринский А.Н. – п.ғ.д., профессор (Ресей)
Артамонова Е.И. – п.ғ.д., профессор (Ресей)
Аймағамбетова Қ.А.–п.ғ.д., профессор
Бапаева М.К. – пс.ғ.к., доцент
Сұлтанова Р. – Азиаттық музыка орталығының директоры (Кембридж университеті)
Бағдат Естемесұлы – музыка институтының профессоры (Қытай Халық Республикасы Шыңжаң педагогикалық университеті)
Құлманова Ш.Б. – п.ғ.д., профессор
Халитова И.Р. – п.ғ.д., (Абай атындағы ҚазҰПУ).

**Редакциялық кеңес**
Кішібаев Қ.О. - х.ғ.к.
Мырзахметова Н.О. - х.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.
Мамырова К. Н. - п.ғ.к., доцент
Мухамединова Н. А. - п.ғ.к., доцент
Жексембиев Р.Қ. - б.ғ.к., доцент
Мырзалиев Ж. – ф.-м.ғ.д., профессор
Тұңғатарова Ә.Б.– ф.-м.ғ.д, профессор (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ).
Исаев С.Ә. – ф. - м.ғ.к, профессор
Мұқашов Қ.М. – ф.-м. ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).
Заурбеков Н.С. – техн.ғ.д., профессор (Алматы технологиялық Университеті).
Файзуллаев А.А. – п .ғ.д, қауым.профессор
Ершина А.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор
Салғараева Г.И. – техн.ғ.к., профессор
Сатбекова А.А. – п.ғ.д., профессор
Ержанова С.Б. – ф.ғ.д.,профессор м.а.
Ермекова Т.Н. – ф.ғ.д., доцент
Базылова Б.Қ. – ф.ғ.к., доцент
Рысбаева Г.Қ. – ф.ғ.к., доцент
Нұрланбекова Е.Қ. – п.ғ.к.
Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент
Қожакеева Л.Т. – т.ғ.д., профессор
Иманбекова Б.И. – саяси ғ.д., доцент
Заманбеков Ш.З. – э.ғ.к., доцент
Баданов А.И. – э.ғ.к., доцент
Қайпбаева А.Т. – т.ғ.к.
Жиенбаева С.Н.–п.ғ.д., профессор
Шаталина В.В.-пс.ғ.к., доктор PhD, (Ресей)
Шерьязданова Х.Т. – п.ғ.д., профессор
Мұратбаева Г.А. – п.ғ.д., доцент
Абаева Г.А. – п.ғ.к., доцент
Бейсенова Ж.Ж.– пс.ғ.к., аға оқытушы
Өмірбаева Г.Ш. – п.ғ.к., доцент
Қоңыратбай Т.Ә. – ф.ғ.д., профессор
Бисембаева Б.Ә. – п.ғ.к., доцент (Астана қаласы)
Какимова Л.Ш. – п.ғ.к., доцент
**Жауапты редактор-**Сәндібаева Н.Ә. - п.ғ.к.
**Редакторлар** Ж.Қ. Қуанышева, С.Авдарсолқызы, Қ.Ж.Тұрсынбаева, Р.Т.Айтбаева, А.Текесбаева, М.А.Оразалиева.
**Корректор** Сүйіндікова С.Ж., Түбітбаева Ж.Х.

© Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
050000, Алматы қ., Әйтеке би көшесі, 99. Тел. 279-30-10, факс 233-18-35.

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – TABLE OF CONTENTS

### ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES

***Ануарова Л.Е., Секерова Т.М., Сержанова Д.С.,*** ФЛОРИСТИЧЕСКАЯ, СИСТЕМАТИЧЕСКАЯ И ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ВОДОРОСЛЕЙ РЕКИ БОЛЬШАЯ АЛМАТИНКА........ 5

***Жайлыбай К.Н., Медеуова Ғ.Ж., Мұхамединова Н.А., Дүйсенби Б.Д.*** КҮШТІ ФОТОСИНТЕЗДЕУШІ АҒАШТАР ӨСІРУ – ҚУАҢШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘҢГІЛІК ЕЛ БОЛУЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОЛЫ........ 9

***Зиявдинова А.Қ., Сатыбалдиева А.У.*** ҚОНАҚ ҮЙ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТ САПАСЫНЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ........ 13

***Кішібаев Қ.О., Сейітбекова К.Ж.*** БЕЛСЕНДІ КАТАЛИЗАТОРЛАРДЫ ЖАСАУДА ТАБИҒИ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ........ 17

### ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА
### PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTERSCIENCE

***Ақжолова А.Ә., Чанбаева М.Қ.*** ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ-ДИДАКТИКАЛЫҚ ОРТАДА БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ........ 25

***Даулеткулова А.У.*** ФОРМИРОВАНИЕ ПРИЕМОВ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ – ОДИН ИЗ СПОСОБОВ РАЗВИТИЯ МАТЕМАТИЧЕСКОЙ ГРАМОТНОСТИ........ 30

***Ильясов Н., Сәндібаева Н.Ә., Маханбетова С.Е.*** ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ЭНТРОПИЯ ЖӘНЕ БІЛІМ САПАСЫН БАҒАЛАУ........ 33

### ФИЛОЛОГИЯ– PHILOLOGY

***Жунусова Д.А.*** АВИАЦИОННЫЙ АНГЛИЙСКИЙ ДЛЯ РАДИОПЕРЕГОВОРОВ........ 37

***Сарбасов Б.С.*** СҮЙІНБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ........ 40

***Тұрғанбаева Т.Т.*** БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МАМАНЫНЫҢ СӨЗ ЭТИКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ........ 44

### ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО
### HISTORY, ECONOMY AND LAW

***Ауелгазина Т.К.*** ДІНИ БІЛІМ – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ........ 48

***Жолдыбаева А.Е., Ахмадиева Э.М.*** ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ – БӘСЕКЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АНЫҚТАУШЫ ФАКТОР........ 53

***Жылқышыбаева Қ.Қ., Қасымбекова М.А.*** ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР........ 56

### ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY - PSYCHOLOGY

***Ерғожаева В.*** БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ДАМЫТА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ........ 61

***Ерғожина Ш.Л.*** ТІЛДІК ТҰЛҒАЛАРДЫ МЕҢГЕРТУДІҢ МӘТІНМЕН БАЙЛАНЫСЫ. 65

***Жиенбаева С.Н.*** МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІГІ..... 69

***Землянская Е.Н.*** МОДЕРНИЗАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ОБЛАСТИ ПОДГОТОВКИ МАГИСТРОВ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО НАПРАВЛЕНИЯ........ 74

### ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА – ART AND CULTURE

***Қоспағарова Ә.Қ.*** ТОПТЫҚ ҚОЙЫЛЫМ МЕН БҰҚАРАЛЫҚ МЕРЕКЕ........ 80

***Кремер Л.М.*** КОМПОЗИЦИЯ КЛАССИЧЕСКОГО ТАНЦА В ХУДОЖЕСТВЕННОЙ САМОДЕЯТЕЛЬНОСТИ И ЕЁ ЗНАЧЕНИЕ В ПОДГОТОВКЕ УЧИТЕЛЯ ХОРЕОГРАФИИ........ 84

***Кульманова Ш.Б.*** МАГИСТРАНТТАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ПРАКТИКАЛАРЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ........ 91

## ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES

**УДК 582.26.282.2.**

# ФЛОРИСТИЧЕСКАЯ, СИСТЕМАТИЧЕСКАЯ И ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ВОДОРОСЛЕЙ РЕКИ БОЛЬШАЯ АЛМАТИНКА

***Л.Е. Ануарова,*** *к.б.н., ст. преподаватель*
***Т.М. Секерова,*** *магистр, преподаватель*
***Д.С. Сержанова,*** *магистрант*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

***Аннотация:*** В статье представлены результаты изучения видового состава водорослей реки Большая Алматинка. К настоящему времени в данном водоеме насчитывается 122 видов внутривидовых таксонов, относящихся к 8 отделам. Ведущая роль принадлежит диатомовым водорослям.

***Ключевые слова***: водоросли, криптофит, динофит, хризомонада, диатом, хара, эвглена, хологамия, изогамия, гетерогамия, оогамия, отдел, класс, порядок, семейство, род, вид.

Диатомовые водоросли (*Bacillariophyta*) – это одноклеточные организмы, резко отличающиеся от остальных водорослей: клетки диатомовых снаружи окружина твердой кремнеземной оболочкой, называемой панцырь. Форма панцыря зависит от очертания створки. Характерной особенностью панциря является геометрическая правильность его строения. Диатомовые водоросли обитают во всех водоемах, болотах, на камнях и скалах, в почвах, на снегу и льду [1,2].

Река Большая Алматинка одна из крупных рек Заилийского Алатау быстро текущая и холодная, но и богатая своим видовым составом 122 вида и разновидностей водорослей [3,4]. Наибольшее видовое разнообразие присуще водорослям отдела диатомовых (*Bacillariophyta*), 74 видов, разновидностей и форм составляет 60,66% от таксономического списка [5,6,7]. За ними следуют представители отдела зеленые (*Chlorophyta*) – 27 или 22,13%, синезеленых (*Cyanophyta*) 14 видов и разновидностей или 11,47%, динофитовые (*Dinophyta*) – 2 или 1,64%, в отделах эвгленовые (*Euglenophyta*) – 2 или 1,64%, харовых (*Charophyta)* -1 или 0,82%, золотистые (*Chrysophyta*) – 1 или 0,82%, желтозеленые (*Xanthophyta)* – 1 (0,82) [8] (таблица 1).

Таблица 1 – Таксономический спектр альгофлоры реки Большая Алматинка

| Отдел | Число | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | классов | порядков | семейств | родов | Видов,% |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| *Cyanophyta* | 2 | 3 | 7 | 8 | 14 (11,47%) |
| *Chlorophyta* | 3 | 4 | 10 | 14 | 27 (22,13%) |
| *Bacillariophyta* | 2 | 3 | 8 | 25 | 74 (60,66%) |
| *Dinophyta* | 1 | 1 | 1 | 2 | 2 (1,64 %) |
| *Charophyta* | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 (0,82%) |
| *Euglenophyta* | 1 | 1 | 1 | 2 | 2 (1,64%) |
| *Chrysophyta* | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 (0,82%) |
| *Xantophyta* | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 (0,82%) |
| Всего | 10 | 12 | 23 | 55 | 122 (100 %) |

На основании структуры представителей отдела *Bacillariophyta* можно отметить, что обнаруженные 74 виды и разновидности водорослей принадлежат 25 родам, 9 семействам, 3 порядкам и 2 классам (таблица 2).

Таблица 2 – Систематический состав водорослей отдела *Bacillariophyta*

| Класс | Порядок | Семейство | Количество | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Родов | Видов |
| *Centricae* | *Discoidales* | *Coscinodiscaceae* Kutz. | 2 | 3 |
| *Pennatae* | *Araphinales* | *Fragilariaceae* (Kutz.) D.T. | 4 | 8 |
| | *Raphinales* | *Achnanthaceae* (Kutz.) Grun. | 3 | 4 |
| | | *Epithemiaceae* Hust. | 2 | 5 |
| | | *Eunotiaceae* Kutz. | 1 | 2 |
| | | *Naviculaceae* West. | 10 | 39 |
| | | *Nitzschiaceae* Hass. | 1 | 8 |
| | | *Surirellaceae* (Kutz.) Grun. | 2 | 5 |
| Всего | 3 | 9 | 25 | 74 |

Классом *Pennatae* представле*н* – 61 видом и разновидностями, двумя порядками *Raphinales* – 49 и *Araphinales* – 12. Класс *Centriacae* представлен небольшим числом видов и разновидностей – 3 видами, относящихся к одному порядку *Discoidales*. Порядок *Raphinales* слагается представителями 6 семейств, из которых наибольшее число видов в двух семействах: *Naviculaceae* West. (39 видов и разновидностей) и *Nitzschiaceae* Hass. (8). Порядок *Araphinales* представлен семейством *Fragilariaceae* (Kutz.) D.T. относятся 8 видов и разновидностей.

По одному семейству в порядках *Discoidales*. Семейство *Coscinodiscaceae* Kutz. представлен 3 видами. В видовом отношении ведущим является род *Navicula* Bory включает 8 видов, *Nitzschia* Grun. (7), за ним следуют *Synedra* Ehr. (5), *Cymbella* Ag. представлен 4 видами и разновидностей, остальные роды включают от 1 до 3.

Распределение водорослей в природе в значительной степени зависит от местных экологических условий, в связи с чем, создаются характерные природные экологические группировки, такие как планктонные, бентосные. Существование планктонных организмов во взвешенном состоянии в воде обеспечивается некоторыми специальными приспособлениями. У одних видов образуются разного рода выросты и придатки тела – шипы, щетинки, роговидные отростки, перепонки и т.д.

Бентосные водоросли прикрепляются ко дну водоема, а так же сюда можноотнести водоросли, растущие эпифитами на других водорослях и прочих водных растениях. В пресных водоемах в бентосе на различном грунте встречаются разнообразные зеленые водоросли (улотриксовые, эдогониевые, конъюгаты), диатомовые, сине-зеленые. Они или прикреплены к субстрату, или лежат свободно на дне, или образуют ватаобразные скопления, так называемые «лепешки», поднимающиеся к поверхности вместе с пузырьками кислорода, выделяемыми при фотосинтезе.

Таксономический анализ состава водорослей *Chlorophyta* свидетельствует о том, что 27 видов и разновидностей объединены в 14 родов, относящихся к 10 семействам, 4 порядкам и 3 классам (таблица 3). В классах *Conjugatophyceae* и *Ulothrichophyceae*, 13 и 7 видов и разновидности.

Таблица 3 – Систематический состав водорослей отдела *Chlorophyta*

| Класс | Порядок | Семейство | Количество | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Родов | Видов |
| *Chlorococcophyceae* | *Chlorococcales* | *Selenastraceae* | 2 | 3 |
| | | *Scenedesmaceae* | 1 | 3 |
| | | *Coelastraceae* | 1 | 1 |
| | | *Chlorellaceae* | 2 | 4 |
| *Conjugatophyceae* | *Desmidiales* | *Desmidiaceae* | 2 | 7 |
| | | *Closteriaceae* | 1 | 2 |
| | *Zygnematales* | *Zygnemataceae* | 2 | 4 |
| | *Ulothrichales* | *Ulothrichaceae* | 1 | 1 |
| | | *Ulvaceae* | 1 | 1 |
| | | *Cladophoraceae* | 1 | 1 |
| Всего | 4 | 10 | 14 | 27 |

Наибольшее количество видов и разновидностей в составе семейств *Desmidiaceae* Ralfs (7), *Zygnemataceae* (4) .

Среди родов зеленых водорослей в видовом отношении наиболее разнообразны *Cosmarium* Corda (7) и *Scenedesmus* Meyen (4).

Отдел синезеленые (*Cyanophyta)* представлен 14 видов и разновидностей водорослей, относящихся к 8 родам, 7 семействам, 3 порядкам и 2 классам (таблица 4). Класс *Chroococeophyceae* составляют 3 видов и разновидностей водорослей, класс *Hormogoniophyceae* – 11 видов. Доминирующее место занимает семейство *Oscillatoriaceae* (Kirchn.) Elenk. S. str. (4), *Anabaenaceae* Elenk 3 видов и разновидностей, в семействах *Merismopediaceae* Elenk. (2). Среди родов наибольшее число видов и разновидностей у *Oscillatoria* Vauch., у двух родов 4 вида и разновидностей, а в остальных восьми родах по два и по одному виду.

Таблица 4 – Систематический состав водорослей отдела *Cyanophyta*

| Класс | Порядок | Семейство | Количество | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Родов | Видов |
| *Chroococeophyceae* | *Chroococcales* | *Merismopediaceae* | 1 | 2 |
| | | *Microcystidaceae.* | 1 | 1 |
| *Hormogoniophyceae* | *Nostocales* | *Anabaenaceae* | 1 | 3 |
| | | *Nodulariaceae* | 1 | 1 |
| | | *Aphanizomenonacea* | 1 | 1 |
| | | *Nostocaceae* | 1 | 2 |
| | *Oscillatoriales* | *Oscillatoriaceae* | 2 | 4 |
| Всего | 3 | 7 | 8 | 14 |

Как видно из таблицы данных 5, отделы эвгленовые (*Euglenophyta)* представлен - 2 вида из 3 родов, харовые (*Charophyta)* – 1 вид из 1 рода, динофитовые (*Dinophyta)* – 2 вида из 2 родов, золотистые *(Chrysophyta)* –1 вид из 1 рода.

Таблица 5–Систематический состав водорослей *Euglenophyta,Dinophyta, Charophyta Chrysophyta*

| Отдел водорослей | Класс | Порядок | Семейство | Количество | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Род | Вид |
| *Euglenophyta* | *Euglenophyceae* | *Euglenales* | *Euglenaceae* | 2 | 2 |
| *Dinophyta* | *Dinophyceae* | *Peridiniales* | *Peridiniaceae.* | 2 | 2 |
| *Chrysophyta* | *Chrysophyceae* | *Ochrononadales* | *Dinobryonaceae* | 1 | 1 |
| *Xanthophyta* | *Xanthotrichophyceae* | *Heterothrichales* | *Heterothrichaceae* | 1 | 1 |
| *Charophyta* | *Charophyceae* | *Charales* | *Characeae* | 1 | 1 |
| Всего | 5 | 5 | 5 | 7 | 7 |

Как показал систематический и флористический состав водорослей, что река Большая Алматинка имеет своеобразный и богатый видовой состав. Встречаются редкие виды это *Peridinium aciculiferum* Lemm., *Nodularia spumigena* Mert. Ex Born.et Flah., *Lyngbya aestuarii* (Mert.) Leibm., *Coelastrum microporum* Nag., *Staurastrum arachne* Ralf.,*Cyclotella antiqua* W. Sm. и др. Из харовых встречаются вид: *Chara vulgaris* L. emend Wallr., из эвгленовых: *Trachelomonas armata* Stein., *Euglena Ehrenbergii* Klebs.

*Заключение.* В целом, флора водорослей реки Большая Алматинка разнообразна и наибольшого развития достигает в весенне- летний период. В нем преобладают диатомовые холодноводные, североальписките, реофильные, бентические и эпифитные виды.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Абдрахманов О., Абдрахманова А.О., Назарбекова С.Т., Нуркенова А.Т., Гаврилькова Е.А. Систематика низших растений. – Караганда, 2009.

2. Нурашов С. Б., Саметова Э.С. Диатомовые водоросли горных рек Заилийского Алатау. Материалы XIII Междун. науч. конф. Альгологов (XIII Диатомовая школа). «Диатомовые водоросли:современное состояние и перспективы исследований». – П. Борок. Ярославская обл. РФ. 2013. – С. 66-67.

3. Нурашов С. Б. Материалы к изучению харовых водорослей Казахстана // Ботанические исследования в Казахстане. Материалы науч. конф. – Алматы, 2003. – С. 94-97.

4. Саметова Э.С., Нурашов С.Б., Абиев С.А. Видовой состав зеленых водорослей Илийской межгорной котловины // Вестник сел.-хоз. наук Казахстана. – Алматы, 2010. № 6. – С. 28-29.

5. Баринова С.С., Медведева Л.А., Анисимова О.В. Биоразнообразие водорослей-индикаторов окружающей среды. – Телль-Авив, 2006. – 498 с.

6. Wendy Guiry in Guiry, M.D. & Guiry, G.M. 2014. *Algae Base.* World-wide electronic publication, National University of Ireland, Galway. http:// www.algaebase. org; searched on 10 March 2014.

7. Абиев С.А., Нурашов С.Б., Саметова Э.С. Водоросли водоемов Илийской межгорной котловины // Материалы Международной научн. конф.: «Актуальные проблемы альгологии, микологии и гидроботаники». – Ташкент, 2009. – С. 42-43.

8. Саметова Э.С. Альгофлора водоемов Заилийского Алатау. // Дисс. .... кан. биол.наук – Алматы. 2010. – 117 с.

## ТҮЙІНДЕМЕ

***Ануарова Л.Е.,*** *б.ғ.к., аға оқытушы,* ***Секерова Т.М.,*** *магистр, оқытушы,*
***Сержанова Д.С.,*** *магистрант*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

## ҮЛКЕН АЛМАТЫ ӨЗЕНІ БАЛДЫРЛАРЫНЫҢ ФЛОРАЛЫҚ, СИСТЕМАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Мақалада Үлкен Алматы өзені балдырларының түрлік құрамы анықталып, жүйелік талдау жасау нәтижесінде сирек кездесетін және доминантты түрлерге сипаттама берілген.

***Түйін сөздер:*** балдырлар, криптофит, динофит, хризомонада, диатом, хара, эвглена, хологамия, изогамия, гетерогамия, оогамия, бөлім, класс, катар, тұқымдас, туыс, түр.

## SUMMARY

***L.E. Anuarova,*** *candidate of biological sciences,* ***Sekerova T.M.,*** *master, teacher*
***Cerzhanova C.D.,*** *master*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

## BIG OF ALMATY WATER-PLANTS THE RIVER FLORA, SYSTEMATIZATION AND OF EKOLOGICAL DESCRIPTION

Type of liguid, Big of Almaty the river water-plant family composition the article turns out, system discusses does result rare meets and dominants gives a kind description is given.

***Key words:*** water-plants, isogamy, heterogamy, department, cool, catarrh, relative, relative, kind.

ӘОЖ 577.41/46

# КҮШТІ ФОТОСИНТЕЗДЕУШІ АҒАШТАР ӨСІРУ – ҚУАҢШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘҢГІЛІК ЕЛ БОЛУЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОЛЫ

***К.Н. Жайлыбай,*** *б.ғ.д., профессор*
***Ғ.Ж. Медеуова,*** *а.ш.ғ.к., қауым. проф.м.а.*
***Н.А. Мұхамединова,*** *п.ғ.к., қауым. проф.м.а*
***Б.Д. Дүйсенби,*** *студент*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік*
*қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Әлемдік жылу процесінің және климаттың қолайсыз алдын алу әрі Қазақстан экологиясын жақсарту мақсатында өте күшті фотосинтездеуші әрі ұзақ жыл өмір сүретін емен, арша, үйеңкі, туя, акация, каштан ағаштарын алдағы 40-45 жыл бойы үздіксіз және көптеп өсіру және жастарды экологиялық патриотизмге тәрбиелеу керек.

***Түйін сөздер*:** Климаттың әлемдік жылынуы, климаттық циклдер, Қазақстан экологиясын жақсарту мәселелері, емен, арша, туя, үйеңкі, акация, оларды өсірудің ең арзан әдістемесі, жастарды экологиялық патриотизмге тәрбиелеу.

Кейінгі кезеңдерде табиғаттағы ең күшті өзгерістердің бірі – бүкіл биосфераның жылынуы, яғни атмосфераның және гидросфераның біртіндеп, бірақ үздіксіз жылынуы. Бұл ғылымда және қоғамдық пікірде дәлелденген факт. БҰҰ мамандарының мәліметі бойынша, климаттың әлемдік жылынуының негізгі себептері: *біріншіден:* бұл адамзаттың тіршілік әрекеті нәтижесі. Адам баласы өндірісті, техниканы, технологияны, транспортты зор қарқынмен дамытты, ауыл шаруашылығы интенсивтендірілді. Нәтижесінде атмосфераға «жылыжай эффектін» беретін $CO_2$, $CH_4$ газдары, күкірт пен азот оксидтері және басқада зиянды газдар заводтар мен жылу электростанциялары трубаларынан, автокөліктерден көп мөлшерде шығарылуда /1,2,3/.

*Екіншіден* – қазіргі кезеңде Күннің активтілігі күшейіп, Жер ғаламшарын қыздырып, жылынуын күшейтуде. Егер аспанда бұлт жоқ болса, ауа тез қызып, аптап ыстық болады. Бұл күннің активтілігінің күшеюінен. Жақында НАСА ғарыш агенттігінің мамандары Күн бетіндегі жарылыстарды суретке түсіріп алды және теледидардан көрсетілді.

*Үшіншіден* – Ресей ғалымдарының пікірі бойынша, қазіргі кезеңдегі климаттың глобальды жылынуы табиғи процесс деп есептейді. Жер ғаламшарының солтүстік бөлігінде климаттың ылғалды-салқын фазасы 1978-1979 жылдары басталып, 2010-2011 жылдары аяқталды. Енді, 2012-2013 жылдардан бастап климаттың жылы құрғақ кезеңі басталып, ұзақ жылдарға созылады. Ал, ең қатал, жауын-шашыны аз, жазы аптап ыстық, қуаңшылық жағдайдың максимальды әсерлі кезеңі 2018-2021 жылдары байқалады және 2026-2035 жылдарға дейін созылады, сосын кезең аяқталады [1]. Аталған қуаңшылық жағдайлардың зиянды әсері Қазақстанның шөл-шөлейт аймақтарында өте күшті болады деп күтілуде. Климаттың қуаңшылыққа ұшырауы тұщы су тапшылығын туындатып, жазда өте күшті аптап ыстық болады, шөлейттену процесі күшейе түседі, ормандар өрті (табиғи және антропогендік әсерден) көбейеді. Мұның бәрі әлеуметтік қиындықтар туындатып, жануарлар, адамдар шығыны болуы мүмкін.

Қазіргі ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша, атмосферадағы оттегі түгелімен өсімдіктер фотосинтезі нәтижесінде жинақталған. Мысалы, құрлықтағы өсімдіктер жамылғысының фотосинтезі нәтижесінде атмосфераға жылына 280-320 млрд. тонна оттегі қосылады. Оның 80-85% мөлшері биосферадағы тірі организмдердің, соның ішінде адамдардың тыныс алуына жұмсалады екен, ал 10%-ы, яғни 28-32 млрд. тонна оттегі өндірісте, транспорттың барлық түрлерінде жағылады. Ал, өндіріс, транспорт, ауыл шаруашылығы қазіргі кездегідей қарқынмен дамитын болса, XXI ғасырда жылына 58-64

млрд. тонна және оданда көп мөлшерде оттегі жағылып, пайдаланады деген болжам бар. Қазірдің өзінде әлемде күніне 4,5 млрд. тонна жанармай жағылып, көп мөлшерде оттегі шығындалуда. Нәтижесінде құрлықтағы өсімдіктердің фотосинтезі процесінде шығарылған оттегі адамзаттың энергия алуы үшін жағылған оттегі мөлшерін қайтадан толтырып, қалпына келтіре алмайды, аталған газ (оттегі) мөлшері жылдан-жылға азая береді. Егер аталған салаларда энергия алу үшін жанармайды жағу шектелмесе, оттегінің мөлшері 21%-дан 8-12%-ға дейін азаюы мүмкін. Бұл сүтқоректі жануарларға өте зиянды құбылыс, олар жаппай қырылуы мүмкін.

Биосферадағы және Қазақстандағы ауа бассейнін жақсартып тазалау үшін адам баласының әліде 40-45 жыл уақыты бар. Мұндай зиянды құбылыстарды болдырмаудың және өте қатал, жазы аптап ыстық, қысы суық, континентальды климат жағдайын жақсартудың бірнеше жолы бар: 1) энергия алудың басқа, альтернативті жолын табу (күн мен жел энергиясын, гидроэлектр станциялары энергиясын, т.б. пайдалану). Мысалы, Астанада күн сәулесінен энергия алатын, құны 55 млн. еуро электр станциясын салу, Шығыс Қазақстан облысында құны 18,1 млрд. теңге болатын жел электростанцияларын салу жоспарлануда. Жақында Қазақстан «Экспо-2017» көрмесін өткізу мәртебесіне ие болды. Бұл көрменің тақырыбы «Болашақ энергиясы». 2) биосферадағы өсімдіктер жамылғысы фотосинтезін күшейту үшін ормандарды сақтап, көлемін ұлғайту, күшті фотосинтездеуші әрі ұзақ жыл өмір сүретін ағаштарды көптеп өсіру керек.

Бірақ, «планетамыздың өкпесі» саналатын Амазонка өзені жағасындағы тропикалық ну ормандардың алаңы 2010 жылы 103 шаршы км-ге, 2011 жылы 593 шаршы км-ге, яғни 27%-ға қысқарған. Азиядағы, Африкадағы, Солтүстік Америкадағы, Россиядағы және басқа жерлердегі ормандар осындай жылдамдықпен жойылуда. XXI ғасырдың алғашқы 5 жылында ормандардың жойылуы жылына 7,4 млн. гектар шамасында. Ал, ормандарды жою осындай жылдамдылықпен жүргізілсе, алдағы 40-45 жылдан кейін биосферада орнына келмес апатты жағдайлардың пайда болуын, оттегінің азаюын туындатады, планетамыздағы орташа жылу +3- 5 градусқа көтеріледі деген болжам бар. Бұл процестердің ішіндегі ең қауіптісі биосферадағы оттегінің азаюы. Биосфераның эволюциясы барысында цианобактериялар мен өсімдіктердің фотосинтезі нәтижесінде атмосферада оттегінің көбейіп, қазіргі кезеңдегі 21%-дық мөлшеріне жету үшін шамамен 1 млрд. жыл уақыт кетті. Егер ауадағы оттегі 21%-дан 8-12%-ға дейін азаятын болса, атмосферадағы оттегі мөлшерін қайтадан қалпына келтіру үшін жүздеген миллион жыл уақыт керек, ал бұл биосферадағы сүтқоректі жануарлар мен адамдар үшін апаттың ең үлкені. Аталған процестер нәтижесінде Антарктидадағы, Гренландиядағы, биік таулар басындағы мұздықтар 2001-2003 жылдардан бастап 3-4 есе жылдамдықпен еруде. Нәтижесінде әлемдік мұхит 3-5 метрге және оданда жоғары деңгейге көтеріледі деген болжам бар. Мұздықтар осылай жылдам ерігендіктен жоғарыда аталған 40-45 жылдың әдепкі 20-25 жылы ішінде көктем, жаз айларында жауын, ал қыс айларында қар көп жауып, тасқын су проблемалары туындайды. Кейінгі 2-3 жыл ішінде мұндай жағдайлар Европада, Австралияда, Қытайда, Индияда, Жапонияда, Ресейде қыс кезеңінде қар көп жауғандықтан, көктемдегі, жаздағы нөсер жаңбыр әсерінен көптеген елдімекендерді тасқын су басты.

2012 жылдың шілде айында АҚШ-та екі аптаға созылған аптап ыстықтан 77 адам қайтыс болды, техника істен шыға бастады. 2013 жылы Индияда аптап ыстықтан көптеген адамдар қайтыс болды, ал Жапонияда шілде айындағы ыстықтан көп адамдар зардап шекті. 2012 жылы Қазақстанның Қызылорда облысында 40-45$^0$С ыстық болып тұрды. Ақтөбе, Қостанай, Ақмола, Маңғыстау облыстарында 35-37$^0$С ыстық сақталуда. Осындай аптап ыстық әсерінен 2012 жылы 1 млн. гектар егіс алқаптары өте төмен өнім берді. 2014 жылы Маңғыстау облысында аптап ыстық әсерінен табиғи шөптер қурап қалып, ірі қара мал (200-ден аса) өлді.

Сонымен, әлемдік жылу әсерінен және Күннің активтілігі күшейіп, Жер ғаламшарын қыздыруы салдарынан кейбір жерлерде аптап ыстық болуда, ал басқа жерлерде орасан көп мөлшерде жауын-шашын болып, тасқын су жиілеп, әлеуметтік шығындар, яғни жануарлар, адамдар өлімі көбейіп, құрылыстар қирауда, бұл орасан көп экономикалық шығындар әкелді.

Осыдан кейінгі 20-25 жылда Еуразия құрлығы ортасында орналасқан, далалық, шөлшөлейт аймақтары 60% асатын Қазақстанда өте күшті қуаңшылық жағдай қалыптасып, тұщы су проблемасы туындауы мүмкін. Мұндай жағдайларды болдырмау үшін Қазақстан территориясында күшті фотосинтездеуші, $CO_2$ сіңіріп, көп мөлшерде оттегі шығаратын және ұзақ жыл өмір сүретін емен, арша, акация, үйеңкі, т.б. ағашты өсімдіктерді жылда-жылда көптеп егіп өсіру керек. Бұл жай айтыла салынған сөз емес, алдағы 40-45 жылдан кейін Қазақстан аумағында қолайлы экологиялық жағдай қалыптасып, халқының қалыпты өмір сүруінің негізгі кепілдемесінің бірі. Нәтижесінде, өте күшті қуаңшылық және қатал континентальды климатты жағдайларды болдырмай, экологиялық жағдайды жақсартуға, әлеуметтік (жануарлар, адам өлімін) және экономикалық шығындарды болдырмауға болады деп күтілуде [2,3].

Осыған сәйкес, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Экология кафедрасында күшті фотосинтездеуші әрі ұзақ жыл өмір сүретін емен, арша, акация, үйеңкі ағашты өсімдіктерін тұқымынан өсіріп, олардың өскін-көшеттерін дайындап, көктемде топыраққа (тұрақты орнына) отырғызып, күтіп-баптап өсірудің ең арзан әдістемесі тұжырымдалды [2,3]. Аталған әдістемені мектептердегі биология және экология пәні мұғалімдеріне және оқушыларына, ауылдық жерлердегі жас мамандарға үйретсек, олар өздері өте көп мөлшерде арша, емен, акация, үйеңкі, талшын, сирень (жұпаргүл) өскіндері көшеттерін дайындай алады. Егер оқушылар мен жас мамандар аталған өсімдіктер өскін-көшеттерін өсіріп дайындаса, сосын мектеп айналасына, ауылдарының көшелеріне және маңына отырғызып, өздері күтіп-баптаса, онда олардың табиғатқа, оның экологиялық жағдайына көзқарасы түбегейлі өзгереді және мұның *экологиялық патриотизм* түсінігіндегі тәрбиелік мәні орасан зор.

*Астана маңында орман жасатқан Елбасы өнегесін, идеясын жүзеге асыру.* Біздің болашағымыз жастар, ал оларға таза, оттегісі мол ауа керек. Алдағы 40-45 жылда ғалымдар болжаған атмосферадағы оттегінің азаюын, құрлық ортасындағы Қазақстанда келешекте болатын қатал континентальды климатты, яғни жазы өте ыстық, қысы суық, тұщы суы тапшы, қуаңшылық жағдайды болдырмаудың негізгі шараларының бірі – ормандарды сақтау және де емен, арша, акация, үйеңкі, т.б. күшті фотосинтездеуші әрі ұзақ жыл өмір сүретін ағашты өсімдіктерді өте көп мөлшерде өсіру керек. Ағашты өсімдіктер көп болса, фотосинтез процесі күшейіп, $CO_2$ көбірек сіңіреді, көп мөлшерде оттегіні шығарады, ауа тазарады, жауын-шашын өзі келеді, континентальды климат жұмсарады. Бірақ, мұны жүзеге асыру өте күрделі проблема, оған бүкіл халық, әсіресе жастар жұмылуы керек. 2013-2014 оқу жылында Қазақстанда 2,5 млн. оқушы оқиды екен, ал алдағы жылдары оқушылар саны көбірек болады, өйткені халқымыздың саны өсіп келе жатыр. Осы оқушылардың 45-50% әрқайсысы он-оннан ағашты өсімдіктер өсірсе, бір жылдың өзінде 12,5 млн. түп арша, сондай мөлшерде емен, акация, үйеңкі, талшын, т.б. ағаштары өсіріледі екен. Бұл процесс 40-45 жыл бойы үздіксіз жүргізілсе, елімізде күшті фотосинтездеуші әрі ұзақ жыл өмір сүретін ағашты өсімдіктер орасан көбейеді. Яғни, жастар (оқушылар, студенттер, жас мамандар мен жұмысшылар) үлкен әлеуметтік күш және де *өздері өмір сүретін экологиялық ортаны жақсартады.* Сондықтан Қазақстандағы әрбір мектеп, колледждер мен гимназиялардағы биология, экология мамандығы мұғалімдері мен оқушылары, ауылдық жерлердегі жас мамандар мен жұмысшылар жұмыла кірісіп, өздері тұрған елді мекен көшелерін және ауылдарды қоршап, жыл сайын көп мөлшерде арша, емен, акация, үйеңкі, т.б. ағашты өсімдіктерді 40-45 жыл бойы үздіксіз өсіре берсе, бүкіл Қазақстандағы қуаңшылық жағдай өзгеріп, экологиясы жақсарады деп ойлаймыз. Егіншілік алқаптарында да ағашты және бұталы өсімдіктер өсіріп, қорғаныс-орман белдеулерін жасаудың мәні зор. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей басшылығымен Астана төңірегінде санитарлық-қорғаныс орман ағаштары отырғызылды және бұл іс-шара одан әрі жалғасуда. Отырғызылған орман ағаштары 8-12 метр және оданда биік болып өсіп, Астана маңындағы макроклиматты және қала ішіндегі микроклиматты, экологиялық жағдайды жақсартуда. Терістейден келетін қатты жел күшін азайтып, шаң-тозаңнан, ластаушы газдардан ауаны тазартуда. Мысалы, өсірілген

ағашты алқаптардың әсері болуы керек, 2012-2013 және 2013-2014 жылдарғы қыс айларында басқа жылдармен салыстырғанда қар 5 есе артық жауды. Бұл егіс алқаптарының өнімділігін арттырады және шөптер қаулап өсіп, жануарлар мен жәндіктерге қолайлы экологиялық жағдай туындайды. Осындай іс-шараларды әрбір қалалар төңірегінде, облыс және аудан орталықтары маңында, елді мекендерде жүргізу керек. Осындай әдістемемен егіс алқаптарында орман-қорғаныс белдеулерін жасап, ағашты және бұталы өсімдіктер отырғызып, өсіру керек. Бұл егіс өнімділігін едәуір арттырады.

Біздің әдістемеміз бойынша ауылдық жерлерде арша, емен, акация, үйеңкі, талшын т.б. ағаштарын көп мөлшерде өсіруге болады. Осыған сәйкес, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Экология кафедрасының профессоры К.Н.Жайлыбайдың жетекшілігімен Алматы облысы Дарынды балаларға арналған Қарғалы №2 арнаулы гимназиясы ауласында, Алматы қаласы, Жетісу ауданы №177 ЖББ мектебінде арша, емен өскіндерін апарып отырғызып, күтіп-баптау әдістері үйретілді.

2011 жылы 17 мамыр және 27 шілдесінде Алматы қаласы маңындағы Медеу шатқалында, Іле-Алатау мемлекеттік Ұлттық табиғи паркінің (МҰТП) аумағында күшті жел әсерінен көптеген ағаштар құлап қалған. Аталған Ұлттық табиғат паркінің ұжымы 2012 жылдан бастап «Өз ағашыңды отырғыз» акциясын өткізуде. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Экология кафедрасы ұжымы және экология мамандығының студенттері Жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен студенттері арасында бірінші болып бұл іс-шараға белсене қатысты және Сібір шыршасы ағашын көптеп отырғызды.




Сурет 1 – Іле-Алатау мемлекеттік Ұлттық табиғи паркі ұйымдастырған «Өз ағашыңды отырғыз» акциясына профессор К.Н. Жайлыбайдың жетекшілігімен қатысып, ағаштар отырғызған Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Экология мамандығының 3-4 курс студенттері

Сонымен бірге, Медеу шатқалында Қыздар университетіне бөлінген участкеде құлаған ағаштар орнына студент қыздар өздері тұқымынан өсірген арша, емен, акация, сирень ағаштарының өскін көшеттерін отырғызуға қатысуда. Атап айтқанда, 2012 жылы аталған участкеде 600 түп емен көшетін (бір жылдық), 300 түп арша көшетін, 60 түп сирень көшеттері отырғызылды. Студент қыздар бұл жұмыстарды әрбір жексенбі күндері жасады және алдағы 10-25 жыл бойы аталған ағаштар көшеттерін отырғызып, күтіп-баптау жұмыстарын жүргізеді. Мұның әлеуметтік және *жастарды экологиялық патриотизм* түсінігінде тәрбиелеуде маңызы орасан зор. Бұл іс-шаралар толығымен орындалып, күшті фотосинтездеуші ағашты өсімдіктер жайқалып өскен жағдайда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өнегесі, идеясы жүзеге асады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кривенко В.Г. Природная циклика нашей планеты //Вестник РАЕН. 2010, № 3.

2. Жайлыбай К.Н., Мұхамединова Н.А. Қазақстан экологиясын жақсарту мәселелері және емен, арша, акация, сирень өсірудің ең арзан әдістемесі (Ұсыныстар). – Алматы. 2012.

3. Жайлыбай К.Н. и др. Экологические проблемы Казахстана, дешевый способ выращивания клена, туя, дуба, можжевельника, акации, сирени и воспитание молодежи в экологическом патриотизме // Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. 2014, №1/2 (60). – С.49-52.

## РЕЗЮМЕ

***Жайлыбай К.Н.,*** *д.б.н., профессор,* ***Медеуова Г.Ж.,*** *к.с.-х.н. и.о. ассоцир. проф.,*
***Мухамединова Н.А.,*** *к.п.н., ассоцир. проф.,* ***Дюсенби Б.Д.,*** *студент*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**ВЫРАЩИВАНИЯ СИЛЬНО ФОТОСИНТЕЗИРУЮЩИХ ДРЕВЕСНЫХ РАСТЕНИЙ – ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ ПУТЬ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ ОПУСТЫНИВАНИЯ И ФОРМИРОВАНИЯ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» В КАЗАХСТАНЕ**

Для предупреждения негативного влияния глобального потепления и цикличности климата на экологическую обстановку Казахстана ежегодно в течение 40-45 лет следует выращивать в большом количестве сильно фотосинтезирующих и долго живущих древесных растений-дуба, можжевельника, акации, клена, каштана и др. древесных растений.

***Ключевые слова:*** Глобальное потепление, климатические циклы, экология Казахстана, дешевый способ выращивания дуба, можжевельника, акации, клена, каштана, экологический патриотизм молодежи.

## SUMMARY

***K.N. Zhailybai****, Doctor of Biological Sciences, professor*
***G.Zh. Medeuova,*** *candidate of Agricultural Sciences, acting associate professor*
***N.A. Mukhamedinova,*** *cand.of ped.sci., associate professor*
***B.D. Duisenbi,*** *student of 4th course*
*(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**GROWING STRONG PHOTOSYNTHETIC WOODY PLANTS AND ECOLOGICAL WAY OF PREVENTING DESERTIFICATION AND «MANGILIK EL» IN KAZAKHSTAN**

To prevent the negative impact of global warning and climate cyclicite on the environmental situationin Kazakhstan, a lot of hard holophytes and long-lived woodyplans such as oak, juniper, acacia, maple and others should be grown annually for 40-45 years.

***Keywords:*** Global warming, climatic cycles6 ecology of Kazakhstan, maple, oak, juniper, acacia lilae and cheapest wey to growing them, improwing the tnvirovemental situation in Razakhstan, enviromentalyouth patriotism.

**ӘОЖ 379.851**

# ҚОНАҚ ҮЙ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТ САПАСЫНЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

***А.Қ. Зиявдинова,*** *х.ғ.м., аға оқытушы,*
***А.У. Сатыбалдиева****, п.ғ.м., оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада еліміз аумағындағы қонақ үйлердің қызмет көрсету сапасы мен қонақжайлық өнім сапасының дәрежелері, олардың өзара байланыстары, сондай-ақ

тұтынушының қадірі, сапасы, баға мен өзіндік құнның тепе-теңдігі жан-жақты қарастырылады.

***Түйін сөздер:*** Қонақ үй, қызмет көрсету сапасы, қызмет көрсету нарығы.

Бүгін әлемде болып жатқан үрдістер қандай қарама-қайшы болып келсе, қазіргі туризмнің де жағдайы сондай болып тұр. Бірақ тап сол туризм жалпыадами құндылықтарды қалыптастыру тәсілдерінің бірі болып, XXI ғ. тарихи, мәдени, табиғи мұраларын оқып-біліп және оларды сақтаудың бірден-бір оңтайлы тәсілі болып отыр.

Халықаралық туризмнің табыстары шамамен алғанда триллион долларды құрайды. Туризм үлесінде әлемдік экспорттың 8%, қызмет көрсету нарығының 31% және де бүкіл әлемдегі 100 млн.-нан астам жұмыс орындары болып отыр. Ол бүгінде мұнай кәсібінен кейін екінші орындағы шаруашылық саласы болып отыр [1].

Соңғы кездері қонақ үй бизнесі әлемде пайдалы бизнестің біріне айналды. Ол өзімен қоса туризмді дамытады. Ал туризм болса, әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымның салааралық кешені ретінде әлемдік экономикада басты рөлді алады, әлемдік ұлттық өнімнің 1/10 бөлігін қамтамасыз етеді. Сондықтан да алдағы кезеңде оның ең маңызды факторына айналмақ.

Халықаралық туризм халықтың жұмысбастылығына қатты әсер етеді. Қазіргі кезде әрбір 15-ші қызметкер әлемде қонақ үй бизнесінде жұмыс істейді. Туризм үлесіне әлемдік капиталдың шамамен 7%, салық түсімдерінің 5%, тұтынушы шығындарының 11% келеді. Бұл көрсеткіштер, әрине туризм индустриясының, оның ішінде, әсіресе қонақ үй саласының жұмыс істеуіне тікелей экономикалық тиімділікпен сипатталынады.

Қонақ үйдің басты көзі – турист болғандықтан, қонақ үйде көрсетілетін қызметтердің сапасы әлемдік деңгейде әр түрлі болуы қажет. Тек сонда ғана қонақ үй саласы өркендеп, өз дамуын одан әрі жалғастырады. Туризм – экономика салаларының ішіндегі қарқынды дамып келе жатқан, ірі қызмет көрсету салаларының бірі. Оның дамуының жоғары қарқындары мен валюталық түсімдердің үлкен көлемдері жеке туристік индустрияның қалыптасуына септігін тигізетін түрлі экономика секторларына белсенді ықпалын тигізеді.

Кез келген қонақ үйдің тиімді жұмыс істеуі, оның қонақ үй қызмет көрсетуінің сапасына өте тығыз байланысты. Жоғарғы сапалы қызмет көрсету меншік түріне байланыссыз, қонақ үй басшылығының жұмысына көңіл аударуы жұмысының құрама бөлігі болып табылады. Көбінесе бұл мақсаттағы істер, қонақ үй қызметтерінің сапасын бақылау мен оны жақсартуға бағытталады (ыстық су температурасы, орамалдар саны, тамақ даярлау жағдайлары және т.б.). Алайда, қонақ үй қызметтерінің сапасы ісінің техникалық шешімдерімен ғана шектелмейді. Қонақ үй индустриясы, әдетте қонақтарды тартуға, олардың талаптарын орындауға, сеніміне ие болуға кәсіпорындардың бас қосуына тырысады. Бұл қонақтардың көңілінен шығуға толық мүмкіндік береді. Сондықтан қонақ үй кәсіпорнының стратегиясы – қонақтар мен кәсіпорын қатынастарын жетілдіруге бағытталу қажет [2].

Қонақ үй қызметтерінің сапасы үлкен дәрежеде, онда істейтін адамдарға, олардың біліктілігіне, ынтасына, шығармашылық қабілетіне, жаңа технологияларды меңгеру шеберлігіне және жаңа ұйымдастыру үрдістерін қонақтарға қызмет көрсетуге арналған жаңа материалдық база түрлерін пайдалануға байланысты. Қонақ үй бизнесінде көрсетілген қызмет көрсету сапасы қонақты қанағаттандыру деңгейімен өлшенеді.

Қызмет көрсету сапасы – тұтынушының белгілі және болжамалы қажеттіліктерін қамтамасыз ету қабілетін анықтайтын қызмет көрсету сипаттамаларының жиынтығы.

Қонақжайлық өнім сапасының төмендегі дәрежелері ескеріледі (қызмет көрсету түрлерінің бәріне қолданылады):

– ұнамды интерьері: қонақ үй ауласы мен бөлмелерінің күтімді және тартымды болуы;
– қызметшілердің біліктілігі, білімі мен қабілеттілігі;
– қызмет көрсетуші адамдардың кішіпейілділігі, білімділігі, сыпайылығы, қонақжайлылығы, әдептілігі және қонақты қадірлеуі;
– сөйлесу, тұтынушыларды хабардар ету, оларды таңдай білу;

– кәсіпкерлік жарамдық (қызмет көрсету аясында): сенімділік, сыйластық, парасаттылық, кіршіксіз адалдық, тартымдылық;

– жауапкершілік: қайырымдылық, тілектестік және қызметкердің қызмет көрсетуге даярлығы;

– даярлық: қонақжайдың қызмет көрсету және басқару қызметшілерінің теориялық білімі мен қажетті іскерлік даярлығы;

– сырт пішіні: қызметшілердің сымбатты тартымдылығы (қызмет түріне қарай арнайы киім, ұнамды әдеттер);

– тұрақтылық: қонақжайдың жұмысы, оның технологиялық үрдісінің ойланбағандығы қонақтарға қолайсыздық туғызбау керек;

– қауіпсіздік: қауіп-қатердің, тәуекелділіктің және белгісіздіктің жоқтығы [3].

«Жоғары сапа – жоғары өзіндік құнды білдіреді» деген себеп дұрыс емес, өйткені қызмет ету орнына тұтынушыны тарту мүмкіндіктерін ескермейді.

Тұтынушының қадірін, сапаны, баға мен өзіндік құнның тепе-теңдігін дұрыс түсінуі, пайданы молайта алады және қонақ үй кәсіпорнына бағаны көтеру мен сатуды көбейтуге мүмкіндік береді.

Сапаны үнемі жақсарту – бос шығын емес, тұтынушының көңілінен шығу арқылы, оның сенімін қамтамасыз етуге негізделген ұзақ мерзімді тапсырыс. Бұл пікір зерттеулерге негізделген: жаңа тұтынушыны тарту және бұрынғы тұтынушыға сапалы қызмет көрсету арқылы ұстаудан бес есе көп шығынды талап етеді.

Бұл зерттеулер келесі факторларға негізделген:

- тұтынушыны ұстап қалу қабілеті маркетингке кететін шығындарды қысқартады, яғни, оның рентабельділігін арттырады;

- көңілі толған тұтынушы тегін жарнама жасайды, қонақжай туралы жақсы пікір таратады.

Сонымен, туризм – бұл клиентке ақылы түрде түрлі қызметтерді көрсететін экономика бөлімі. Сол себепті туризм экономика салаларының ішіндегі тез дамып келе жатқан, келешегі зор қызмет көрсету аясы болып отыр. Ол сауда мен көліктен бастап, қаржыландыру мен түрлі делдалдыққа дейінгі қызмет түрлерінің кең аясын қамтиды. Қызмет көрсету аясына қонақ үйлер мен мейрамханалар, кір жуу орындары мен шаштараз, оқу және спорт мекемелері, туристік фирмалар, радио және телекешендер, консалтингілік фирмалар, медициналық мекемелер, мұражайлар, кино мен театрлар жатады. Аталған ұйымдардың барлығы дерлік белгілі бір дәрежеде қызмет көрсетеді.

Қызмет көрсету дегеніміз – бір жақтың екінші жаққа ұсынатын қандай да бір іс-шаралары немесе пайдасы болып табылады, олар көбіне білінбейді және ешқандай материалдық нәрсені алуды меңземейді.

Қызмет көрсету нарығы басқа нарықтардан негізінен екі себеппен ерекшеленеді:

1. Қызмет көрсетуді өткізгенге дейін оның барлығы білінбейді. Бұл жағдай қызмет көрсетуді өткізгенге дейін оның салыстырылуы мен бағалануына мүмкіндік бермейді. Сол себепті, тек күтілетін және алынған пайданы бағалауға болады.

2. Қызмет көрсетуге белгісіздік тән болады, бұл клиентті тиімсіз жағдайға қояды да, сатушыларға көрсететін қызметтерін нарыққа жылжытуын қиындатады.

Қызмет көрсету нарығының бұл ерекшеліктері және қызмет түрлерінің өзгешеліктері, атап айтқанда, олардың көзге түспейтіндігі, сақтауға жарамсыздығы, сапасының өзгергіштігі, жасалынуы мен пайдаланылуының ажырамастығы қызмет көрсету маркетингінің өзгешелігін айқындай түседі. Қандай болмасын қонақ үй жұмысының тиімділігі олардың ұсынатын қызмет түрлерінің сапасымен тығыз байланысты.

Қызмет көрсету сапасына қарасты мыналарды атап айтуға болады:

- жете білушілік (фирманың қызмет көрсетуі үшін қажетті дағдылар мен білімге ие болуы);

- дәйектілік (фирма жұмысының тұрақтылығы);

- ықыластық (әдеттен тыс сұраныс кезінде жүйе істен шықпайды);

- қол жетерлік (фирма қызметкерлерімен қатынастың жеңілдігі);
- түсінушілік (клиенттердің ерекше сұраныстарын түсіну);
- коммуникация (клиенттерге дер кезінде және түсінікті ақпарат беру);
- сенім (фирманың атағы);
- қауіпсіздік (қауіп-қатерден сақтау (физикалық және моральдық);
- сыпайылық (әдептілік, ұқыптылық, жылышырайлық);
- көрнектілік (бөлмелердің материалдық тартымдылығы мен қызметкерлердің формасы).

Жоғары сапалы қонақ үй қызметін ұсыну меншік түріне қарамастан, қонақ үй басқармасының тұрақты құрамдас бөлігі болып табылады. Қызмет көрсету аясында сапаға қол жеткізу – шешілуі кәсіпкерлік табысты қамтамасыз ететін маңызды мәселе болып табылады. Қонақжайлық аясында өткізілетін іс-шаралар қызметшілер мен қонақтардың арасындағы қатынас пен қызметшілер жұмысын басқарудың жоғары дәрежесін талап етеді. Бұған байланысты жиі кездесетін істер қонақ үй мекемесінің қызмет көрсетуінің сапасын саралап, жақсартуға бағытталған (ыстық су температурасы, орамалдар саны, асты даярлау жағдайы және т.б.). Дегенмен, қонақ үй қызмет көрсетуінің сапасы істің техникалық жағының мәселелерін шешуде ғана болмайды. Қонақ үй индустриясына қарасты мекемелердің күш-жігері әдетте өзіне клиенттерді тартуға, қонақтардың талаптарын мүмкіндігінше орындап, олардың сеніміне ие болуға бағытталады. Ал бұған олардың толық қанағаттандырылуы ғана кепіл бола алады. Сол себепті қонақ үй мекемелерінің даму стратегиясы клиенттер қонақ үй мекемесі арасындағы қатынасты үнемі жетілдіруге ерекше көңіл бөліп отыруды естен шығармау керек [4].

Бүгінде қонақ үй мекемелері директорларының көбі сапа жоғарылығы өзіндік құнның жоғарылығын білдіреді деген ойда. Бұл көзқарас дұрыс емес, себебі ол қызмет көрсетудің өзінен-өзі күшейту механизмі ретінде клиентпен кездесу потенциалын жоққа шығарады. Клиент, сапа, баға, өзіндік құнның тұрақтылануының мәнін түсіну қонақ үй мекемесіне бағаны көтеріп, көбірек сатуға мүмкіндік беріп, пайданы арттыра алады. Сапаны үнемі жоғарылату – бұл шығын емес, керісінше, клиенттердің берілгендігін олардың талаптарын орындау арқылы қамтамасыз етуге негізделген ұзақ мерзімді салым. Бұл пікір жаңа клиентті табуға жұмсалатын шығын көне клиентке сапалы қызмет көрсету арқылы оны сақтап қалуға кететін шығыннан 5 есе көптігін көрсетіп отырған зерттеулерге сүйеніп айтылған.

Бұл зерттеу келесі факторларға негізделген:

- клиенттерді сақтап қалу мүмкіндігі маркетинг шығындарын азайтуға мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде, рентабельділікті ұлғайтады;
- қанағаттандырылған клиент қонақ үйге жағымды ауызша ақпаратты тарату арқылы тегін жарнама жасайды.

Қонақ үй қызметінің сапасы көбіне адам капиталының кәсібилігі мен құштарлығынан, оның шығармашылық қабілетінен, жаңа технологияларды қабылдай алатындығынан және жаңа ұйымдастыру үрдістері мен материалдық база клиенттеріне қызмет көрсетуде қолданылатын формаларына байланысты болады. Қонақ үй қызметінің сапасы көрсетілген қызметтің клиент ойынан шығу шамасы болып табылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1.Браймер Р.А. Основы управления в индустрии гостеприимства / Пер. с англ. — М.: Аспект-Пресс, 1995. – 254 с.

2.Куатова Р. Отельный бизнес: искуство продовать «сервис» /Технологии управления. 2002. – С. 14-18, 20-23.

3.Уокер Дж.Р. Введение в гостеприимство: Учебник/Пер. с англ. –М.: ЮНИТИ, 1999.

4.Филип Котлер, Джон Боуэн, Джеймс Мейкеиз. Маркетинг гостеприимства и туризм: Учебник для вузов/Пер. с англ. – М.:

**РЕЗЮМЕ**

***Зиявдинова А.К.,*** *м. х.н., ст. преподаватель,*
***Сатыбалдиева А.У.,*** *м.п.н., преподаватель*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**КАЧЕСТВО И РОЛЬ ОБСЛУЖИВАНИЯ В ОТЕЛЕ**

В этой статье рассматриваются качество обслуживания в отеле и услуги с особенностями рынка.

***Ключевые слова:*** отель, качество обслуживания, услуги рынка.

**SUMMARY**

***A.K. Ziyavdinova,*** *master of chemical sciences, senior lecturer,*
***A.U. Satybaldiyeva****, master of pedagogical sciences, lecturer*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**THE QUALITY AND THE ROLE OF SERVICES IN THE HOTEL**

This article looks at the quality of service and hotel services with features of the market.

***Key words:*** Hotel, quality of service, market services.

**ӘОЖ 541.128.**

## БЕЛСЕНДІ КАТАЛИЗАТОРЛАРДЫ ЖАСАУДА ТАБИҒИ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ

***Қ.О. Кішібаев,*** *х.ғ.к., аға оқытушы*
***К.Ж. Сейітбекова,*** *магистрант*
*(Алматы қ. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Бұл жұмыста минералдарға және әртүрлі оксидтерге қондырылған палладий мен калий гуматының полимерметалдық кешені негізіндегі жаңа катализаторларды синтездеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының қорытындысы берілген. Жасалынған катализаторлар нитроқосылыстарды тотықсыздандыру процестерінде сыналған. Ең тиімді катализатор ретінде 0,8%Pd-КГт (1%)/боксит-094 катализаторы анықталды. Осы катализаторда нитроқосылыстарды гидрлеу процесі 2-4 есе тез жүретіндігі көрсетілген.

***Түйін сөздер:*** Боксит-094, гумин қышқылы, калий гуматы, катализатор, калий орто-нитрофеноляты, полимерметалдық кешен, пара-нитродиэтиланилин, цеолит, шунгит, тасымалдағыш.

Қазіргі кезде көптеген өндірістік процестерде каталитикалық процестердің үстемділігі жоғары болып табылады. Онда қолданылатын катализаторлардың диапазондары кең, олар ірі тонналы мұнайды өндіруде, гидротазалауда, аммиакты алу және дәрілік препараттарды, реактивтерді синтездеуде және тұрып қалған сулар мен газдарды тазалауда қолданылады. Осыған байланысты катализ ғылыми-техникалық прогресті анықтайтын элементтердің бірі болып табылады. Селективті және тиімділігі жоғары катализаторларды қолдану қоршаған ортаны қорғау мен табиғи шикізатты қолдану мәселелерін шешудің мүмкіндігін арттырады.

Қазіргі кезде тотықтыру, гидрлеу және т.б. процестерде қолданылатын катализаторлардың саны белгілі. Бірақ бұл катализаторлар жоғары тұрақтылық пен селективтілікке әрқашан ие бола алмайды. Сонымен қатар реакцияны жүргізу үшін

молекуланың жүйесінде функционалды топтар мен қабаттасқан байланыстардың болуы өте жұмсақ жағдайды талап етеді. Яғни ол десрукциялау немесе изомеризациялану процестерінде қосымша процестерді жоюға септігін тигізеді. Жұмсақ жағдайда қарапайым катализаторлар активтілігі төмен немесе селективтілігі төмен болуы мүмкін. Балама жағдайда металды комплексті катализаторлар аталған кемшіліктерсіз қызмет атқаруы мүмкін.

Өткен жүз жылдықтың бастапқы 70 жылдарында полимерлі материалдарды (сонымен қатар металкешенді) қолдану үлкен жетістікке жеткен және полимерді синтездеу жетістігі мен мүмкіндігі кеңінен ашылды. Оның ерекшеліктеріне органикалық синтезде (гидрогенизациялау, селективті тотықтыру, полимеризациялау және т.б.) иммобилизденген металкешенді катализаторларды колдану жатады. Олардың негізінде бірқатар бәсекеге қабілетті технологиялар мен процестер жасалған. Қолданылатын кешенді катализаторлар полимерлердің бетіне бекітілген сияқты минералды тасымалдағыштарға бекітілген болуы мүмкін. Ол ары қарай катализде осы бағытты дамыту үшін қажет. Бұл бағыттың негізіне, яғни мұндай катализаторлар гомогенді жүйедегі сияқты гетерогенді жүйеде де өздерінің жетістіктері бойынша сәйкес келуі мүмкін. Мұндай жүйелердегі зерттеу жұмыстары мен олардың катализ процестеріндегі жетістіктері туралы мәліметтер [1] жұмыста келтірілген. Минералды тасымалдағыштарға қондырылған катализаторларды жасау үшін ең негізгі жағдайға полимердегі функционалды топтардың реакциялық қабілеттілігі жатады. Қарапайым минералды тасымалдағыштарға қондырылған катализаторлар (ҚМТҚК) – ауыспалы металдардың иондарымен тармақталған немесе түзу тігілмеген макромолекулалардың функционалды топтармен өзара әрекеттесуінен алынатын кешендер болып табылады. Оның активті орталықтары майысқақ полимерлі тізбектермен байланысады және полимерлі тізбектердің үздіксіз сегменттерінің жылжуына қатысады. Мұндай жүйелер еритін және ерімейтін болуы мүмкін.

Қарапайым минералды тасымалдағыштарға қондырылған катализаторлар еру қабілеттілігіне: полимерлі тізбектердің жылжуының арқасында кинетикалық аймақта процестердің жүруі, осыдан олардың функционалды топтары, яғни активті орталықта орналасқан субстраттар үшін жақсы жағдайды қамтамасыз етеді. Еріткішті дұрыс таңдау кезінде активті орталықтың қажеттілігі тез арада артады және субстратқа айналу процесі тез болады. Полимердің ерігіштігін қолданған кезде реакцияның жүру ерекшеліктері ерітіндідегі макромолекуланың конформациясының өзгеру мүмкіндігі болып табылады [2]. Өте сұйытылған ерітіндіде полимердің молекуласы үздіксіз конформациясын өзгертіп, полимерлі тізбектердегі көптеген қарапайым байланыстардың арасында бос айналудың әсерінен әртүрлі пішінде болуы мүмкін. Сонымен қатар олардың біреуі де қажетті болып табылмайды.

Себебі еритін ҚМТҚК реакциялық көлемнен күрделі бөлінетін катализаторлар туындайтын гомогенді жүйені қалыптастырады. Бұл үшін қосымша тұндыру сатысы, ҚМТҚК сүзуі мен т.б. қажет етеді.

Гидрлеудің активтілігі, қалыптылығы мен селективтілігі бастапқы компоненттердің (ПВП мен $PdCl_2$) қатынасына, комплекстүзілу реакциясының температурасына, Pd-ПВП тұнбаға түскеннен кейінгі жататын ерітіндідегі компоненттердің ұстап тұру уақытына байланысты болатындығы көрсетілген [3]. ҚМТҚК жасаған авторлар селективтілігі мен активтіліктің каталитикалық процесс жүретін еріткіштің табиғатына тәуелді болады. Себебі, гидрлеуді жүргізу үшін тиімді метанол мен этанол болып табылады. Онда Pd-ПВП комплекстері жақсы ісінеді. Катализаторлар жоғары тұрақтылығын көрсетіп, бірнеше рет процесті жүргізгенде – катализатор 30 порция қанықпаған заттарды гидрлегеннен кейін де өзінің активтілігін төмендетпейді. Мұндай катализаторлардың жоғары тұрақтылығын авторлар каталитикалық процестің барысында сақталатын палладийдің бөлшегінің жоғары дисперстілігімен түсіндіреді. Полимерлі тізбектердің сегменттері палладийдің бөлшектерінің агломерациялануын тоқтатады.

Мұндай типті катализаторлардың келешегі зор болып табылады. Бірақ олардың кемшілігі оның құрамындағы металдың мөлшерінің азаюынан болып келеді. Себебі ПВП

мен $PdCl_2$ өзара әрекеттесу реакциясының нәтижесінде $L_2PdCl_2$ формуласынан тұратын стехиометриялық қосылыс түзіледі. Екінші жағынан катализаторлардың беткі көлемнен реакциялық орталықтан шығарылуы мен гетерогенизациялануы үшін авторлар бутадиен мен изопреннің каталитикалық полимеризациялануын қолданды [4]. Инертті полимерлерге осы мысал ретінде полиэтилен мен полипропилен қолданылып, полимеризациялану әдісінде функционалды топпен сәйкес мономер қосылады да, содан кейін оған металдың қосылысы жалғанады. Бұл идеяны ең алғаш рет Шеппард ұсынып, жұмыста мұндай тасымалдағыштар пептидтердің қатты фазаларын синтездеу үшін қолданылады [5].

ҚПК басқа бекітілген кешендер сияқты кемшіліктерінің бірі металдың полимерлі жасандыдан шайылуына және каталитикалық жүйелердің қатерсіздендіруіне алып келетін металл-полимер байланысының салыстырмалы төмен тұрақтылығы. Металдың полимермен байланысын арттыру үшін хелат түзетін лигандалы полимерлі тасымалдағыштар ұсынылады [6]. Жұмыста бутадиеннің полимеризациясында кобальттың бекітілген хелаттарының құрылысы мен каталитикалық қасиеттері алюминийдің органикалық қосылыстарымен үйлесуі зерттелген. Бірақ, хелат түзетін полимерлі кешендердің кемшілігі бутадиеннің полимеризациясы үдерісінде стериялық кедергі тудыру мүмкіндігі болып табылады, металдың ($Co^{2+}$ ден $Co^{1+}$ дейін) тотықсыздану күрделілігі қандай болса, Co(I) бутадиенмен тұрақтануы да сондай. Ұқсас нәтижелер [7] авторлармен аллилді спиртті палладийде гидрлеу кезінде стиролдың иминодитиолды топтарымен бекітілген сополимерінде алынған. Палладий кешендерінің жоғары беріктілігін авторлар РФЭС зерттеулер мысалында дәлелдейді. Палладий ондай жүйелерде ноль валентті күйде молекулярлы сутекті реакторда алдын ала натрий борогидридімен өңдегенде тотықсызданбайды. Соңғы уақытта көптеген жұмыстарда ҚПК алудың дәстүрлі емес әдістері ұсынылады. Полимер коллоидты катализатор дайындаудың бір сатылы әдісі ретінде тотықсыздандырғыш агент, натрий борогидридін қосу арқылы металдың полимермен бір уақытта қосылуы болып табылады. Жүргізілген зерттеулер негізінде гидрлеу үдерісі үшін коллоидты катализаторлар алуға берілген әдіс тиімді деген қорытындыға келеді [8].

Барлық гетерогенді катализдегі сияқты шашыранды металлкешендер жағдайында меншікті беттік ($S_{мен}$, $м^2/г$) әсері мен кеуектілік (қуыстың көлемі, $V_{қуыс}$, $см^3/г$) катализатордың белсенділігіне көп мысал бар. Мысалы, ДВБСС үшін тігілген агент мөлшерімен анықталады, $S_{мен}$ және $V_{қуыс}$ оның құрамы10, 20, 30 и 40% болғанда сәйкес 14 және 0,040; 182 және 0,192; 222 және 0,333; 357 және 0,392 [9]. Тіпті, $MX_n$ байланысу кеуек полимермен оның морфологиясының өзгеруіне және қуыстарының өлшемдерінің қайта үлесуіне, ал түйіршіктерді қарапайым ұсақтау ДВБСС (20% ДВБ), құрамында бекітілген титаноцен оның каталитикалық белсенділігін көп рет жоғарылатуға алып келеді. Ондай катализаторлардың $S_{мен}$ жоғарылатудың өзіндік әдісі – минералды-полимерлі табиғаты аралас тасымалдағыштарда шашыратылған металлкешендерді қолдану. Оларды әртүрлі әдіспен алады: полимерлеу және $SiO_2$ , MqO, $TiO_2$, $Al_2O_3$ қатысында сәйкес мономерінен полимерлеу-жалғау т.б. полимерлердің арзанқол оксидтерімен және функционалдық топтар металлкешеннің лигандтық қоршауына қосылады. Мысалы, Rh. Ондай катализаторлардың меншікті беті 200-700 $м^2/г$. Салыстыру үшін сондай катализаторды алуға мысал келтірейік. Метакрил қышқылының $SiO_2$ қатысында *мета* және *пара* дивинилбензол қоспасымен сополимерленуі тігілген тасымалдағыштың түзілуіне $SiO_2$-ПМА (ПМА-полиметилакрилат) әкеледі. Оның $PdCl_2{\cdot}2H_2O$ немесе $H_2PtCl_6$ әрекеттесуінен қанықпаған көмірсутектердің, нитроқосылыстардың, альдегидтер мен кетондардың гидрлеу тиімді катализаторлары түзіледі. Мұндай контакттердің тұрақтылығы жоғары (2000 циклдан көп), реакциялық ортадан қарапайым декантациялау арқылы бөлінеді.

Қолайлы жағдайларда полимердің лигандтық топтары екі түрлі қызмет атқарады: тотығу дәрежесі жоғары күйдегі ауыспалы металды үйлестіру үшін электрондонорлық және тотығу дәрежесі төмен немесе нөл валентті күйде (тотықсызданғанннан кейін) металды тұрақтандыру үшін электронакцепторлық қасиет көрсетеді. *«Функционалдық топ-субстрат»* өзара әрекеттесуі күшті тігілген полимерлі тасымалдағыштар $MX_n$ байланыстыруда көп рет

топтардың үлесінен асу үшін маңызды рөл атқарады. Катализдің макрокешендермен маңызды ерекшеліктері – геометриялық немесе қалыптамалы іріктемелілігі-субстрат молекуласының геометриялық өлшемдеріне гидрлеу жылдамдығының тәуелділігіне тоқталайық. Бұл тәуелділік гидрлеу жылдамдығын төмендетуде байқалады:

- олефин тізбегінің ұзындығының өсуімен;
- цикл ішінде (гексен-1 гексен-2 немесе циклогексенге қарағанда; ~ 20 рет тез гидрленеді) немесе тізбек ішінде қос байланысы бар, соңғы қос байланысы бар алкендерден субстраттарға ауысқанда;
- *цис*-тан *транс*-изомерге ауысқанда;
- сызықты тұйық олефиндерде қос байланыста орын басушылардың санының артуымен (осымен бірге реакция жылдамдығын электрондонорлық реакция жылдамдығын арттырса, электронакцепторлы баяулатады);
- алкендерге ароматты субстраттардың гетероатомдарын енгізгенде;
- бензол сақинасына көлемді орын басушыларды енгізгенде (бензол, толуол, *орто*-ксилол, *үшіншілік* – бутилбензол және гексаметилбензолдың гидрлеу жылдамдығының қатынасы 1: 0,62: 0,27: 0,01: 0 құрайды);
- нитроқосылыстарға орын басушыларды енгізгенде.

Соңғысы Pd-шашыранды кешен мен әртүрлі нитроқосылыстарды қалпына келтіру мысалында қолданылуы мүмкін (кесте 1).

Кесте 1 – Pd-полиметилметакрилат қатысында әртүрлі нитроқосылыстарды гидрлеудің бастапқы жылдамдығы ($w_0$)

| Субстрат | $W_0$, см$^3$$H_2$ / мин | Гидрлеуге қатысты жылдамдық |
|---|---|---|
| Нитробензол | 46,1 | 1,00 |
| *пара*-Нитроанилин | 54,5 | 1,18 |
| *мета*- Нитроанилин | 50,0 | 1,08 |
| *орто*-Нитроанилин | 28,8 | 1,63 |
| *орто*- Нитротолуол | 34,3 | 0,74 |
| *орто*- Нитрофенол | 48,0 | 1,04 |
| Нитрометан | 9,6 | 0,21 |
| Нитроэтан | 4,6 | 0,10 |

Тағы бір қызық жағдай – L негізгі тізбек арасындағы байланыстыратын топтың кешентүзуші $MX_n$-ге, пайда болатын катализаторларға ұзындығының артуы әсер етеді. Мұндай әсер олардың субстратқа қолжетімді болуын жеңілдететін металлорталықтардың қозғалғыштығының артуымен байланысты. Ереже бойынша, «анкерлік» тізбек ұзындығының артуымен гидрлеу жылдамдығы артады және гомогенді ұқсас аналогының белсенділігіне жақындайды.

Гуминді препараттарды минералды тасымалдағыштарға қондырылған катализаторларға енгізілген табиғи полимер-модифактор ретінде қолдану мүмкіндігі зерттелді [10,11]. Ал минералды тасымалдағыштарға қондырылған белсенді катализаторларды жасау және оларды гидрлеу процестеріне қолдану бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Нитроқосылыстарды тотықсыздандыру процестерінің катализаторлары ретінде платиналы топты металдар: платина, палладий, рений, родий және т.б. жатады. Олар жоғары активтілік пен төзімділікке ие болып келеді. Бірақ, мұндай катализаторлардың жеткіліксіздігі мен қымбат болуына байланысты таза металл ретінде қолданылмайды да, олар тасымалдағыштағы катализаторлар үшін активті фазалар немесе промоторлар ретінде қолданылады. Салыстырмалы арзан болып келетін әртүрлі тасымалдағыштарға енгізілген палладийлі катализаторлар кеңінен қолданылады. Бірақ, нитроқосылыстарды қалпына келтіру реакцияларында жоғары активтілікке ие болып келеді де, олар дезактивирленеді, яғни алынған аминнің бағасынан катализатордың шығымы жоғары болуы мүмкін. Сондықтан ароматты нитроқосылыстарды гидрогенизациялау процесі үшін тиімді

катализаторларды таңдап алу гетерогенді катализдің маңызды сұрағы болып табылады. Аминдер органикалық синтездің негізгі және жұмсақ маңызды өнімі болып табылады. Ароматты аминдер аралық өнімдердің ішінде ерекше маңызды орынды алады. Олар түсті кинода, химикаттарда, гербицидтерде, тез оталғыш заттарда, бояу өндірісінде кеңінен қолданылады.

Бұл жұмыста калий малеаты мен пара-нитродиэтиланилин қолданылады. Тасымалдағыш ретінде $Al_2O_3$, Ой-Қарағай кен орнынан шығатын көмір, $SiO_2$, NiO, Бақыршықтан шығатын шунгит, 094-боксит, цеолит таңдап алынды.

Жұмысты зерттеудің негізгі міндеттеріне – минералды тасымалдағыштарға қондырылған катализаторлар негізінде тасымалдығыштарды іріктеу, олардың беттік сипаттамаларына қышқылды-сілтілі өңделуінің әсерін анықтау, минералды тасымалдағыштарға қондырылған катализаторлардың белсенділігін гидрлеу реакциялары арқылы анықтау. Реакция барысында катализатордың потенциалының өзгеруі мен газды фазадағы сутектің сіңірілуінің біруақыттағы мүмкіндігі қадағаланып, тәжірибе сутектің атмосфералық қысымында каталитикалық «үйрек» қондырғысында жүргізілді.

Каталитикалық реакция «үйректі» минутына 650-700 тербелу жылдамдығында реакциялық массаның араласуында жүргізеді. Яғни диффузиялық тежелусіз процесті жүргізуге болады. Қондырғыдағы жұмыстың реті келесідей жүргізіледі: алдымен барлық газды жүйелер мен үйректі ауа толық жойылғанша сутекпен үрлейді. Сутектің тогына катализатордың бір порциясын енгізеді. Онда кері сутекті – тұрақты потенциалдың мәніне дейін жеткізеді де, содан кейін зерттелетін затты енгізеді де, сутекпен үрлеп, тербеліс басталғаннан кейін қалыпқа келеді. Процесс барысында катализатордың потенциалының өзгеруі мен өлшегіш бюретканың екі еселенуі бойынша газды фазадағы сутектің сіңіру жылдамдығы бойынша қадағаланады. Катализатордың потенциалын В-23 типті сандық электронды вольтметрдің көмегімен өлшенді.

Катализаторды дайындау әдісі: Көлемі 500 $см^3$ стаканға 100 $см^3$ дистилденген су құйып, тасымалдағышты және pH 9 – 10 дейін $Na_2CO_3$ енгізеді де, бөлме температурасында магнитті араластырғышпен араластырады. Суспензияны тасымалдағыш толық суланғанша 10-15 минут араластырады. Тасымалдағыш ретінде «Қиякты» мен «Ой-Қарағайдан» шығатын көмір, алюминий мен кремнийдің оксидтері, «Бақыршықтан» шығатын шунгит (Шт), боксит-094 (Б-094) және цеолит (Цт) қолданылды. $Na_2PdCI_4$ есептелген мөлшерін дистилденген суда ерітіп, содан кейін бұл ерітіндіні суспензиялы тасымалдағыш араластырылған стаканға тамшылатып ауыстырады. Сонымен бірге табиғи полимер-калий гуматы ерітіндісі де енгізіледі. Палладийдің суспензиясы және калий гуматы ерітіндісі толық тұнбаға түсіру мақсатында бір сағат араластыру қажет. Палладийдің толық тұнбаға түскенін калийдің роданидімен теріс реакция бойынша тексеріледі. Катализаторды сүзеді де, бейтарап реакциясына дейін дистилденген сумен жуады. Содан кейін дайын катализаторды 3 сағат 363К температурада вакуумды кептіргіш шкафта кептіріледі.

Палладийлі катализаторлы органикалық қосылыстарды гидрогенизациялау механизмі мен тасымалдағыштың табиғатына активтілігінің, бір қалыптылығының, селективтілігінің әсері көптеген жұмыстарда қарастырылған. Нитроқосылыстардың тотықсыздануының механизмі (пара-нитро-диэтиланилин ПНДА, калий орто-нитро-фенолятыКОНФ) және кинетикалық зерттеуі үшін Pd/тасымалдағыш және Pd-калий гуматы/тасымалдағыш катализаторларында жүргізілді.

Тасымалдағыштар ретінде $Al_2O_3$, Ой-Қарағайдан шығатын көмір, $SiO_2$,NiO, Бақыршықтан шығатын шунгит (Шт), боксит-094 (Б-094), цеолит (Цт) қолданылды. Катализатордағы активті фазаның (палладий) мөлшері 0,8 масс.%, ал калий гуматының катализатордағы мөлшері 1 масс.% құрады.

Қышқылды ортадағы беттік адсорбцияланған орталықтар (М-ОН) оң зарядталады және сондықтан көп мөлшерде аниондар адсорбцияланады. Ал негіздік ортада қышқылды активті орталықтар теріс зарядталады да, көп мөлшерде катиондар адсорбцияланады. Әрбір оксид үшін белгілі бір pH болады да, ол кезде беті зарядталмайды. Мұндай pH мәні потенциалды

нөлді заряд деп аталады (немесе изоэлектрлік нүкте). 2,3-кестелерде тасымалдағыштардың изоэлектрлік нүктелерінің мәні келтірілген. Тасымалдағыштың (оксидтер) изоэлектрлік нүктесінің мәнін ескерілуі катализаторды өңдеген кезде қажет, себебі бұл олардың адсорбциялану ерекшеліктерін болжауға мүмкіндік береді.

Бұл тәжірибелер 333К (ПНДА) мен 313К (КОНФ) температурада және атмосфералық қысымда жүргізілді. 2 және 3 кестелерде көрсетілген мәліметтерден палладийлі катализаторлар үшін тиімді тасымалдағыштар таңдалынды.

2-кестеде ПНДА тотықсыздандыру кезінде катализатордың активтілігіне тасымалдағыштың меншікті беті мен изоэлектрлік нүкте мәнінің әсері көрсетілген. ПНДА тотықсыздандырған кезде катализатордың активтілігі күкірт қышқылында тасымалдағыштың қышқылды-негізді қасиетіне байланысты болады. Яғни тасымалдағыштың изоэлектрлік нүктесінің мәні (қышқылдыдан амфортерліге) өскен сайын катализатордың активтілігі төмендейді, ал содан кейін амфотерліден негіздікке ауысқан кезде катализатордың активтілігі артады. Меншіктік бетінің мәні жоғары NiO енгізілген катализатор өте активті болып келеді.

Кесте 2 – ПНДА-ның 0,8% Pd/тасымалдағыш катализаторындағы тотықсыздану жылдамдығы: реакция күкірт қышқылында және этанолда 333К ($P_{атм}$, $q_{кат}$ = 0,1 г, $m_{ПНДА}$ = 0,29 г, $V_{H2}$ = 100 см$^3$) жүргізілді.

| Катализатор | Тасымалдағыштың изоэлектрлік нүктесі | Тасымалдағыштың беттік үлесі, м$^2$/г | ПНДА-ның тотықсыздану жылдамдығы, (еріткіш–$H_2SO_4$), см$^3H_2$/мин | | Катализатор пот. ығысуы, Δφ, мВ | ПНДА-ның тотықсыздану жылдамдығы, еріткіш - этанол, см$^3H_2$/мин | | Катализатор пот. ығысуы, Δφ, мВ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | $W_{нач}$ | $W_{ср}$ | | $W_{нач}$ | $W_{ср}$ | |
| Pd/$SiO_2$ | 1,0-2,0 Қышқылды | 156,0 | 3,0 | 2,1 | 40 | 18,4 | 18,4 | 120 |
| Pd/$Al_2O_3$ | 7,0-9,0 амфот. | 88,0 | 3,0 | 2,2 | 30 | 13,6 | 12,8 | 110 |
| Pd/NiO | 10,5-11,0 негізді | 200,0 | 5,6 | 3,5 | 60 | 34,4 | 30,0 | 110 |
| Pd/Шт | 5,0-6,5 амфот. | 5,0 | 2,9 | 2,5 | 50 | 35,6 | 32,6 | 100 |
| Pd/$C_{Ой-Карагай}$ | 9,0-9,8 негізді | 11,8 | 3,1 | 2,0 | 20 | 1,6 | 1,4 | 100 |
| Pd/Б-094 | 5,0-7,0 амфот. | 38,3 | 3,0 | 1,7 | 110 | 21,6 | 21,2 | 139 |
| Pd/Цт | 3,0-4,0 Қышқылды | 16,6 | 4,8 | 3,6 | 30 | 21,8 | 21,4 | 141 |

Этанолдағы оксидтерге қондырылған (NiO, $SiO_2$, $Al_2O_3$) катализаторда ПНДА тотықсыздандырған кезде тасымалдағыштың меншікті бетінің артуы бойынша активтігі артады. Табиғи минералдарға енгізілген катализаторларда беттік меншіктілігі төмен болса, тасымалдағыштың қышқылды-негіздік қасиетіне катализатордың активтілігі байланысты болады. Яғни тасымалдағыштың изоэлектрлік нүктесінің мәні азаюына қарай (негізділен амфотерліге) катализатордың активтілігі артады да, ал содан кейін изоэлектрлік нүктесінің ауысқан кезде амфотерліктен қышқылдыққа активтілігі төмендейді. Этанолдағы ПНДА тотықсыздану реакциясынының жоғары жылдамдығы Pd/Шт, Pd/NiO, Pd/Б-094 мен Pd/Цт катализаторларында байқалады. Этанолдағы Pd/$Al_2O_3$, Pd/Б-094, Pd/Цт, Pd/$SiO_2$,Pd/NiO мен Pd/Шт катализаторларында реакция күкірт қышқылды ортаға қарағанда 4-12 есе тез жүреді. Тек Pd/$C_{ой-карағай}$ катализаторда тотықсыздану жылдамдығы 2 есеге азаяды ($H_2SO_4$-те 3,1см$^3$/мин пен этанолда 1,6см$^3$/мин). ПНДА тотықсыздануында катализаторлардың потенциалының ығысуы 100-141мВ құрайды (4-кесте), яғни бұл катализатордың бетінде ПНДА мен сутектік адсорбциялануы туралы куәландырады. Реакцияның жылдамдығы сутектегі сияқты ПНДА-да да активациялануымен лимиттеледі.

Реакцияның жоғары жылдамдығында КОНФ тотықсыздану кезі Pd/Б-094, Pd/Шт мен Pd/NiO катализаторларында байқалады. КОНФ тотықсыздандыру кезіндегі катализатордың потенциалының ығысуы 240-322 мВ құрайды (3-кесте), яғни бұл катализатордың бетінде сутектің болмауынан және КОНФ адсорбциялануы туралы куәландырады. Реакцияның

жылдамдығы КОНФ активациясымен лимиттеледі. Катализатордың бетінде сутектік байланыстың беріктігі мен КОНФ адсорбциялануының артуы катализатордың бетінде әрекеттесетін компоненттің концентрациясына қатынасына жағымды болып келеді. Нәтижесінде органикалық нитроқосылыстардың тотықсыздану жылдамдығы артады.

Кесте 3 – КОНФ-ның 0,8% Pd катализаторындағы тотықсыздану жылдамдығы: реакция 0,1Н КОН ортасында, 313К ($P_{атм}$, $q_{кат}$=0,1г, $m_{КОНФ}$=0,21г, $V_{H2}$=100см$^3$) жүргізілді.

| Катализа-тор | Тасымалдағыштың изоэлектрлік нүктесі | Тасымалдағыштың беттік үлесі, м$^2$/г | КОНФтотықсыздану жылдамдығы, см$^3$$H_2$/мин | | Катализатор потенциялының ығысуы, Δφ, мВ |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | $W_{нач}$ | $W_{ср}$ | |
| Pd/$SiO_2$ | 1,0-2,0 Қышқылды | 156,0 | 6,2 | 5,8 | 300 |
| Pd/$Al_2O_3$ | 7,0-9,0 амфот. | 88,0 | 4,8 | 4,3 | 240 |
| Pd/NiO | 10,5-11,0 негізді | 200,0 | 11,3 | 8,0 | 260 |
| Pd/Шт | 5,0-6,5 амфот. | 5,0 | 11,7 | 10,3 | 309 |
| Pd/$C_{Ой-Карағай}$ | 9,0-9,8 негізді | 11,8 | 5,0 | 3,6 | 250 |
| Pd/Б-094 | 5,0-7,0 амфот. | 38,3 | 16,0 | 15,2 | 289 |
| Pd/Цт | 3,0-4,0 Қышқылды | 16,6 | 7,4 | 7,0 | 322 |

3-кестеден сонымен қатар КОНФ тотықсыздануында катализатордың активтілігі тасымалдағыштың меншікті беті мен изоэлектрлік нүктесіне әсерін көруге болады. Оксидтерге (NiO, $SiO_2$, $Al_2O_3$) енгізілген катализаторларда активтілігі тасымалдағыштың меншікті бетінің артуына қарай артады. Табиғи минералдарға енгізілген катализаторлардың активтілігі сонымен қатар тасымалдағыштың қышқылды-негізді қасиетіне байланысты болады.

Кесте 4 – ПНДА-ның 0,8% Pd-калий гуматы (1%) /тасымалдағыш катализаторындағы тотықсыздану жылдамдығы: реакция күкірт қышқылында және этанолда 333К ($P_{атм}$, $q_{кат}$ = 0,1 г, $m_{ПНДА}$ = 0,29 г, $V_{H2}$ = 100 см$^3$) жүргізілді

| Катализатор | ПНДА тотықсыздану жылдамдығы (еріткіш - $H_2SO_4$), см$^3$$H_2$/мин | | *Δφ, мВ* | ПНДА тотықсыздану жылдамдығы (еріткіш - этанол), см$^3$$H_2$/мин | | Δφ, мВ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | $W_{баст}$ | $W_{орт}$ | | $W_{баст}$ | $W_{орт}$ | |
| Pd-КГт/$Al_2O_3$ | 3,0 | 1,8 | 20 | 12,5 | 12,0 | 120 |
| Pd-КГт/$SiO_2$ | 4,2 | 2,8 | 20 | 19,8 | 19,2 | 160 |
| Pd-КГт/Цт | 4,4 | 2,3 | 90 | 18,2 | 14,5 | 120 |
| Pd-КГт/Шт | 3,9 | 3,0 | 30 | 38,0 | 38,0 | 160 |
| Pd-КГт/Б-094 | 4,4 | 2,9 | 30 | 33,3 | 33,3 | 160 |

4-кестеден ПНДА-ның тотықсыздану жылдамдығы күкірт қышқылында 3,0 – 4,6 см$^3$/мин аралығында екенін, жылдамдықтың ең жоғары мәні Pd-КГт/Б-094 және Pd-КГт/Цт катализаторларында екенін көреміз. Ал этанолда жылдамдықтың ең жоғары мәні Pd-ГтК/Шт и Pd-ГтК/Б-094 катализаторларында екенін көреміз. Катализатор потенциалының ығысуы 120-230 мВ құрайды, ол катализатордың бетінде сутектің де, ПНДА да адсорбциаланатындығын дәлелдейді.

Кесте 5 – КОНФ- ның 0,8% Pd-калий гуматы (1%)/ тасымалдағыш катализаторындағы тотықсыздану жылдамдығы: реакция 0,1Н КОН ортасында, 313К ($P_{атм}$, $q_{кат}$=0,1г, $m_{ОНФК}$=0,21г, $V_{H2}$=100см$^3$) жүргізілді.

| Катализатор | КОНФ тотықсыздану жылдамдығы см$^3$ $H_2$/мин | | Катализатор потенциалының ығысуы, Δφ, мВ |
|---|---|---|---|
| | $W_{нач}$ | $W_{ср}$ | |
| Pd-КГт/$Al_2O_3$ | 4,5 | 3,4 | 290 |
| Pd-КГт/$SiO_2$ | 12,6 | 11,5 | 300 |
| Pd-КГт/Цт | 13,1 | 11,6 | 290 |
| Pd-КГт/Шт | 17,7 | 17,3 | 300 |
| Pd-КГт/Б-094 | 25,2 | 25,2 | 320 |

КОНФ-ның тотықсыздануында катализаторларды белсенділігі бойынша келесі қатарға орналастыруға болады: Pd-КГт/Б-094 > Pd-КГт/Шт > Pd-КГт/Цт> Pd-КГт/$SiO_2$> Pd-КГт/$Al_2O_3$. Катализатор потенциалының ығысуы 290-320 мВ құрайды, ол катализатордың бетінде КОНФ-ның адсорбциаланатындығын дәлелдейді.

Жаңа катализаторларды синтездеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының қорытындысы бойынша төмендегідей қорытындылар жасалды:

1. Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша калий гуматының палладиймен полимерметалдық комплекс түзетініне тұжырым жасауға болады.
2. Осы полимерметалдық комплексті табиғи минералдарға және оксидтерге қондыру арқылы жасалынған катализаторлардың белсенділігі тек палладийдің өзі қондырылған катализаторлардың белсенділігінен 2-4 есе артық екені анықталды.
3. Нитроқосылыстарды тотықсыздандыру процестерінде ең тиімді катализатор ретінде 0,8%Pd-КГт(1%)/боксит-094 катализаторы анықталды. Осы катализаторда нитроқосылыстарды гидрлеу процесі 2-4 есе тез жүреді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Пахомов Н.А., Буянов Р.А. Современные тенденции в области развития традиционных и создания новых методов приготовления катализаторов // Кинетика и катализ. 2005. – Т. 46, № 5. – С. 711-727.
2. Островский Н.М. Проблемы исследования кинетики дезактивации катализаторов // Кинетика и катализ. – 2005. – Т. 46, № 5. 737-748б.
3. Лефедова О.В., Улитин М.В., Барбов А.В. Научно-прикладные основы селективной гидрогенизации нитро и азогрупп в соединениях ароматического ряда // Рос.хим. журн. – 2006. – Т. L, № 3. – С. 123-130.
4. Stuver W., Wagner R. New Catalyst Resins and their applications / eds A.G. Bayer. – Heverkusen. – 1988. – P. 3-5.
5. Uop and Chyoda bubble away // European Chemical News. – 1997. – P. 25.
6. Караханов Э.А., Клюев М.В., Терешко Л., Калинина О., Дедов А.Г. Гидрирование ароматических нитросоединений на растворимых металлополимерных катализаторах // Нефтехимия. – 1991. – Т. 31, № 3. – С. 312.
7. Karakhanov E.A., Dedov A.G., Neimerwets E.B., Runova E.A. Polymer-Tailored Pt, Pd, Rh complexes and Their Catalytic Perfomance in Hydrogenation and Carbonylation of Aromatic and Heteroaromatic Compounds //Abst. for the VII Symposium on Relation between Homogenous and Heterogenous Catalysis. – Tokyo, 1992. – P. 88.
8. Karakhanov E.A., Dedov A.G., Neimerwets E.B. Soluble Metalpolymer Catalysts in the Hydrogenation of Organic Compounds // Appl. Organomet. Chem. – 1990. – Vol. 4. – P. 1-7.
9. Харламов В.Ф. Хемосорбированые атомы и молекулы реагирующих веществ как активные центры гетерогенного катализа // Кинетика и катализ. – 2005. – Т. 46, № 4. – С. 497-505.
10. Каирбеков Ж.К., Аубакиров Е.А., Кишибаев К.О., Жубанов К.А. Модифицированные гуматом калия палладиевые катализаторы гидрогенизации // IV Укр. науч.-техн. конф. по катализу «Укркатализ – IV». – Северодонецк, 2004. – С. 103-105.
11. Каирбеков Ж.К., Аубакиров Е.А., Кишибаев К.О., Байдиндаева А.Т.,Турдыкулова А.К. Гуминовые кислоты – модификаторы для нанесенных палладиевых катализаторов // Междунар. науч.-прак. конф. «Состояние и перспективные направления углехимии». – Караганда, 2004. – С. 158-160.

**РЕЗЮМЕ**

***Кишибаев К.О.,*** *к.х.н.,* ***Сейтбекова К.Ж.,*** *магистр*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРИРОДНЫХ МАТЕРИАЛОВ ПРИ РАЗРАБОТКЕ АКТИВНЫХ КАТАЛИЗАТОРОВ**


В работе синтезированные палладиевые катализаторы на основе полимерметаллических комплексов палладия и гумата калия, нанесенные на различные неорганические оксиды и природные минералы. Активность катализаторов исследовалась в реакциях восстановления нитросоединений. Показано, что оптимальным катализатором процессов восстановления нитросоединений является катализатор 0,8%Pd-ГтК(1%)/боксит-094. На этом катализаторе скорость гидрирования нитросоединений в 2-4 раза быстрее.


***Ключевые слова:*** Боксит-094, гуминовая кислота, гумат калия, катализатор, орто-нитрофенолят калия, полимерметаллический комплекс, пара-нитродиэтиланилин, цеолит, шунгит, носитель.

**SUMMARY**

***K.O. Kishibaev,*** *cand.of ch.sci.,senior lecturer,* ***K.Zh. Seitbekova,*** *master*
*(Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**USING OF NATURAL MATERIALS FOR DEVELOPMENT OF ACTIVE CATALYSTS**


New palladic catalysts are in-process synthesized on the basis of полимерметаллических complexes of palladium and гумата of potassium, inflicted on different inorganic oxides and natural minerals. Activity of catalysts was investigated in the reactions of renewal of nitro-compounds. It is shown that the optimal catalyst of processes of renewal of nitro-compounds is a catalyst of 0,8% Pd-KGm (1%) /боксит- 094. On this catalyst speed of hydrogenizing of nitro-compounds is in 2-4 times quicker.


***Keywords:*** Bauxit- 094, humic acid, gumatof potassium, catalyst, ortho -nitrofenoliat potassium, polimermetalicall complex,pair-nitrodietilanelin, zeolite, shungit, carrier.

## ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА
## PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTERSCIENCE

**ӘОЖ 378.02:37.031.4**

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ-ДИДАКТИКАЛЫҚ ОРТАДА БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

***А.Ә.Ақжолова,*** *аға оқытушы,*
***М.Қ.Чанбаева,*** *аға оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада педагогикалық жоғары оқу орындарындағы ақпараттық-дидактикалық ортада болашақ информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қарастырылады.

***Түйін сөздер:*** информатика пәні мұғалімдерін кәсіби даярлау, болашақ информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі, кілттік құзыреттіліктер, педагогикалық жобалау, педагогикалық жоғары оқу орындарының ақпараттық-дидактикалық ортасы, оқу үдерісін технологиялық қамтамасыз ету.

Бүгінгі күні ақпараттық технология кең көлемде оқыту мен педагогикалық ұйымдастыру қызметінде барлық оқу орындарында қолданылады. Қоғамды ақпараттандыру үдерісі және олармен тығыз байланысты білім беру іс-әрекеттері түрлерін ақпараттандыру, ақпараттық технологияларды жаппай тарату мен жетілдіру үдерісімен сипатталады. Ақпараттық технологиялар арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Осыған байланысты адамның шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдай жасау керек. Оқу орындарында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану нәтижесінде, адам машықтанған потенциалды тұлғаға айналуы өзінен-өзі түсінікті.

Бүгінде білім беру жүйесін ақпараттандыру істерінің басты мақсаты – заман талабына байланысты ақпараттық қоғамның шарттарына сәйкес білім алушыларды тұрмыстық қоғамдық және кәсіптік өмір салаларына толық әрі тиімді түрде араластыру болып табылады. Білім беру ісінің өзі күрделі құрылымнан тұратын жүйе ретінде қарастырылады. Бүгінде құзыреттілік тәсіл жаңаша идея болмағанымен жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда, атап айтқанда, студенттерге бағдарланған құзыреттілік пен білім беруден күтілетін нәтижеден олардың мазмұнды және процессуалды білім беру үдерісінің негізгі мақсатын көруге болады.

Барлық потенциалды жоғары білім беру саласында құзыретті түлекті қалыптастыру үшін бәрінен бұрын, бүгінгі білім алушылардың танымын, коммуникативтілігін, дербес белсенділігін дамытатын технологияларды қолдану керек. Білім беру тәжірибесінде құзыретті-бағдарланған тәсілді енгізу үшін ерекше ұйымдастыру түрлерімен қатар, мысалы, әдістемелік жүйеге оқытудың жеке тұлғаға бағытталған әдісін, даралық, дифференциалдық, жобалық-зерттеуші әдістерін енгізген сияқты, маңызды құзыреттілікті құрастыру қажеттігін талап етеді.

Жоғары кәсіптік білім берудегі құзыреттілік тәсілдің теориялық-әдістемелік негіздері В.И.Байденконың, В.А.Болотованың, Н.А.Гришанованың, В.В.Ищенконың, Б.К.Коломийцаның, Д.А.Мархотинаның, Г.К.Селевконың, В.В.Серикованың, Ю.Г.Татураның еңбектерінде ашылған. Осы жұмыстардың ішінен болашақ пәндік мұғалімдердің құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеруге байланысты зерттеулерді Т.В.Довудьконың, И.Я.Злотникованың, М.Б.Лебедеваның, В.В.Мозолинаның, О.Г.Сломянинованың, Е.К.Хеннердің еңбектерінен кездестіруге болады. Сол уақытта жасалған зерттеулер болашақ информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға жасалған бағыттардың төмендігін көрсетті.

Білім беруді ақпараттандыру болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерін шешуге арналған инновациялық тәсілдерді даярлау негізінде қызмет етті. Бұл мәселелерді педагогика теориясында және тәжірибесінде зерттеген көптеген авторлардың еңбектерінде кәсіби құзыреттілік екі аспектіде:

-білім беру мақсаты және мамандарды кәсіби даярлау;

-кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруға мамандардың дайындығын сипаттайтын аралық нәтиже ретінде қарастырылған.

Болашақ информатика пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту бағыттарының бірі кәсіби бағытталған дидактикалық ақпараттық ортаны жобалау болып табылады.

Ақпараттық орта – бұл ақпараттық кеңістіктің бөлігі, жақын қарым-қатынастағы жеке тұлғаның ақпараттық қоршалуы, оның кейбір іс-әрекетін жүзеге асыратын шарттардың жиынтығы. Қызметтің бұл түрі ақпараттық орта сипатын анықтайды: егер бұл қызмет білім беру болса, онда орта ақпаратты-білім беру ортасы болып табылады. Сондықтан оқыту іс-әрекеті пәннің немесе жоғары оқу орнының ақпараттық оқыту ортасында жүзеге асырылады.

Кәсіби ақпараттық білім беру ортасы – белгілі бір мамандық иесінің кәсіби іс-әрекетінде пайдалануға арналған компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялар негізінде құралған ақпаратты-бағдарламалық жабдықтар жиынтығы.

*Педагогикалық жоғары оқу орнындағы ақпараттық-дидактикалық орта* біртұтас жүйені және білім беру үдерісіндегі субъектілердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру, стандарттың орындалуын және сапалы білім алумен қамтамасыз ететін, ақпараттық жаттықтырушы ресурстар құралдарымен болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісін жүзеге асыратын жоғары оқу орнының ақпараттық білім беру кеңістігінің бір бөлігі болып табылады.

Дидактикалық ортаның ақпараттық ресурстары мәліметтер қоры және білім, ақпараттық іздеуші және ақпараттық-анықтамалық жүйелер, автоматтандырылған кітапханалық жүйелер, электронды журналдар, эксперттік жүйелер, автоматтандырылған курстар, жаттықтырушы жүйелер, автоматтандырылған зертханалық практикумдар, компьютерлік жаттықтырушылар, автоматтандырылған оқу орын бөлімшелеріндегі оқу және ғылыми басқару жүйесі, сондай-ақ, берілген ақпараттық ресурстардың түрлерін дайындауға арналған арнайы құрал-саймандық құралдар болып табылады.

Педагогикалық жоғары оқу орындарындағы ақпараттық-дидактикалық ортаның құрылымдық құраушылары болып:

−материалды-техникалық, оқу үдерісін ұйымдастырудың пәндік және материалдық жағдайларын ұсынатын электронды-коммуникативті оқыту құралы;

−жүйеге білім беру стандарттары, білім беру бағдарламалары, компьютерлік бағдарламалар, оқу, әдістемелік әдебиеттер кіретін пәндік-әдістемелік;

−компьютерді қолданып білім беру үдерісін ұйымдастыруда өзара әрекеттесетін субъектілердің (оқытушы және студенттер) енгізілу сипатын анықтайтын субъектілі-басқарушылық.

Педагогикалық жоғары оқу орындарының ақпараттық-дидактикалық ортасы келесі қызметтерді орындайды:з

−*ынталандыру қызметі:* оқытушы кәсіби құзыреттілікті дамытуға бағытталған оқу-танымдық іс-әрекеттерді құру, ынталандыру және пайда болатын өзіндік қажеттіліктеріне көмектесу, уақтылы қолдау көрсету, қажетті нұсқаулықтар беруді қалыптастырады;

−*оқыту үдерісін құрылымдау және жобалау қызметі:* бұл қызметке өзінің іс-әрекет нәтижесін болжау, оқыту үдерісінде олардың бірізділігін анықтау, білім беру іс-әрекетінің әдіс-тәсілдері және стратегиясын қалыптастыру жатады;

−*кеңес беруші-қолдаушы қызметі:* білім алушыға кәсіби құзыреттілігін дамыту және өзін-өзі дамыту мәселесі туралы кеңес беру, оларға оқу бағдарламасын жүзеге асыруға жеке қолдау және көмек көрсету;

−*ақпараттық-үйретуші қызметі:* оқытушы студенттерге қажетті оқу бағдарламасының теориялық және ақпараттық мазмұнын түсінуге және қабылдауға қабілетті кәсіби құзыреттілікті қалыптастыратын компоненттермен қамтамасыз етеді;

−*оңтайландыру,* оқыту үдерісінде ақпараттарды өңдеу және жинауға жұмсалатын уақыт шығынын азайтуға мүмкіндік береді;

−білім беру үдерісінде субъектілердің ақпараттық-педагогикалық өзара әрекеттестігін басқару.

Жоғарыда аталған дидактикалық ақпараттық ортаның қызметтері оқыту құралдарының дидактикалық қызметтерімен өзара байланыста болады. Осыдан педагогикалық жоғары оқу орындарындағы ақпараттық-дидактикалық орта болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді құралы болуы мүмкін деген тұжырымға келуге болады.

Педагогикалық жоғары оқу орнындағы ақпараттық-дидактикалық ортада болашақ информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту үдерісін жобалауды зерттеуде педагогтар ұжымының кәсіби іс-әрекетінің ерекше түрі көрсетілген. Мұндай жағдайда жобалау нәтижесі осы үдеріске педагогикалық технология мен моделі енгізілген технологиямен қамтамасыз ету болып табылады.

Болашақ информатика пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға дайындалған моделі блоктық құрылымнан тұрады, педагогикалық үдерістің қызметтік және мазмұндық сипаттамаларын бейнелейді, құзыреттілікті дамыту траекториясын көрсетеді және оқытуда серіктестік концепциясына сүйенеді. Болашақ информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту моделінде педагогикалық жоғары оқу орындарының ақпараттық-дидактикалық ортасы ресурстарының және кәсіби даярлаудың теориялық, әдістемелік және тәжірибелік бөлімдерінің интеграцияларының есебінен жүзеге асырылады.Теориялық дайындықта пәндерді меңгеру үдерісі ақпараттық-дидактикалық ортадағы сәйкес материалдармен және тапсырмалармен сүйемелденеді. Әдістемелік дайындықта студенттер информатиканың тараулары бойынша зертханалық, практикалық жұмыстарды, шығармашылық жобаларды орындау, педагогикалық жоғары оқу орындарының ақпараттық-дидактикалық ортасының ресурстарын пайдаланып, педагогикалық практикаға дайындау үшін ақпараттық-дидактикалық ортаның мүмкіндіктерін пайдаланады. Тәжірибелік дайындықта студенттер ақпараттық-дидактикалық ортаның ресурстарын педагогикалық практикада және курстық, дипломдық жобалауларда шығармашылық тәжірибе жинақтау үшін пайдаланады.

Болашақ информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы модулдік принципте құрылған педагогикалық технология студенттердің оқу іс-әрекетін кәсіби іс-әрекетке түрлендіруді жүзеге асыруға, қойылған мақсатта құзыреттілік тәсілінің негізгі жағдайын іске асыру негізінде маманның кәсіби дайындық процесін ұйымдастыруға және оның нәтижесін бағалауға мүмкіндік береді. Ол дидактикалық мақсатты жүйелі түрде іске асыруға, студенттердің іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасын, оқу элементтеріне құрылымданған дидактикалық материалдың мазмұнын, дидактикалық материалдарды меңгеру бойынша әдістемелік ұйғарымдарды, дидактикалық материалдарды меңгеру нұсқаларын және оқу іс-әрекетін бағалау мен өзін-өзі бағалау тәсілдерін түрлендіруге мүмкіндік беретін педагогикалық құрал болып табылады. Құрастырылған технологияның ерекшелігі оның практикаға бағдарланған сипатында болып табылады. Онымен оқыту тек ақпаратты тасымалдап қана қоймай, кәсіби іс-әрекетті оқытумен толықтырылады. Онда негізгі екпін білім алушылардың кәсіби іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін ұйымдастыруға ауысады.

Болашақ информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту үдерісінің тиімділігі келесідей педагогикалық және ұйымдастырушылық шарттардың жиынымен қамтамасыз етіледі:

−арнайы ақпараттық-дидактикалық ортаны құрылымдау арқылы педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру кеңістігін ақпараттандыру;

−болашақ информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту үдерісіндегі технологиялық қамтамасыз ету, бұл үдерістің қосатын моделі модульді педагогикалық технологиялар және педагогикалық жоғары оқу орындарының ақпараттық-дидактикалық ортасының жобалау тәсілі, кәсіби құзыреттілікті дамыту;

−студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың педагогикалық мониторингісі және осы үдерісті педагогикалық қолдауға оқытушылардың дайындығы;

−ақпараттық-дидактикалық орта жағдайында педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларын кәсіби-шығармашылықпен өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндіктер жасау.

Мақалада қарастырылған материалдар болашақ информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға байланысты мәселелердің теориялық және қолданбалы аспектілерін егжей-тегжей қарастыруды жалғастыруға, жоғары оқу орнының ақпараттық-дидактикалық ортаның әлеуетті мүмкіндіктерін ашуға, болашақ информатика пәні мұғалімдерін даярлау жүйесін ары қарай дамыту жолдарын және стратегиясын анықтауға мүмкіндік береді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР


1. Злотникова И.Я. Формирование информационной компетенции будущего учителя-предметника в педагогическом вузе // Педагогическая информатика. 2004. №1. – С.40-45.
2. Бондаревская Е.В., Кульневич С.В. Парадигмальный подход к разработке содержания ключевых педагогических компетенций // Педагогика. 2004. №10. – С. 23-31.
3. Лебедева М.Б., Шилова О.Н. Что такое ИКТ-компетентность студентов педагогического университета и как ее формировать // Информатика и образование. 2004. №3. – С.95-100.


## РЕЗЮМЕ


***Акжолова А.А.,*** *старший преподаватель,*
***Чанбаева М.К.,*** *старший преподаватель*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*


### ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ У БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНФОРМАТИКИ В УСЛОВИЯХ ИНФОРМАЦИОННО-ДИДАКТИЧЕСКОЙ СРЕДЫ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ВУЗА


В статье рассматриваются формирование профессиональной компетентности у будущих учителей информатики в условиях информационно-дидактической среды педагогического вуза.



***Ключевые слова:*** профессиональная подготовка учителя информатики, профессиональная компетентность будущих учителей информатики, ключевые компетентности, педагогическое проектирование, информационно-дидактическая среда педагогического вуза, технологическое обеспечение процесса обучения.


## SUMMARY


***A.A. Akzholova,*** *senior lecturer,* ***M.K. Chanbayeva,*** *senior lecturer*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*


### THE FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF FUTURE TEACHERS OF COMPUTER SCIENCE IN THE CONDITIONS OF INFORMATIONAL- DIDACTIC ENVIRONMENT AT PEDAGOGICAL UNIVERSITIES


The article deals with the formation of professional competence of future teachers of computer science in the conditions of informational-didactic environment at pedagogical universities.



***Keywords:*** professional training teacher Informatics, professional competence of future teachers of computer science, key competences, instructional design, information and didactic environment of pedagogical university, technological support the learning process.

**УДК 372.8:33**

# ФОРМИРОВАНИЕ ПРИЕМОВ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ – ОДИН ИЗ СПОСОБОВ РАЗВИТИЯ МАТЕМАТИЧЕСКОЙ ГРАМОТНОСТИ

***А.У. Даулеткулова,*** *к.п.н., и.о. асс. профессора*
*(г. Алматы, Казахский государственный*
*женский педагогический университет)*

***Аннотация:*** В статье рассматриваются вопросы формирования логических приемов. Формируя логические приемы, как: анализ, синтез, абстракция, конкретизация и обобщения мы развиваем функциональную грамотность.

***Ключевые слова:*** логическое мышление, анализ и синтез, сравнение, абстрагирование, обобщение, конкретизация.

В Национальном плане действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012-2016 годы, утвержденный Постановлением Правительства Республика Казахстан от 25 июня 2012 года (№832) отмечено, что «Будут внедрены эффективные формы и методы обучения для того, чтобы сформировать основы логического, критического и конструктивного мышления, обеспечивающего успешность достижения образовательных результатов, умение применять полученные знания в учебной и практической деятельности».

Развитие логического мышления школьников – одна из актуальнейших педагогических проблем, исследованию которой посвящено большое количество психологических, философских, социологических работ. В большинстве педагогических исследований отмечается, что развитие логического мышления тесно связано с процессом обучения, является базой для развития интеллектуальных способностей детей, успешного усвоения учебной программы и поэтому должно быть целенаправленным, непрерывным, акцентированным, связанным с изучением всех школьных дисциплин на всех его ступенях.

Основные идеи о формировании логических операций разрабатывались в психологии мышления под руководством психологов А.Н.Леонтьева, С.Л.Рубинштейна. Ими были сделаны выводы о взаимосвязи процесса обучения и развития мышления, об мышлении, об изменении качества аналитико-синтетической деятельности и ее состава, а также о необходимости целенаправленного формирования логических операций у учащихся.

Вопрос о порядке формирования приемов мышления был всесторонне исследован Н.Ф.Талызиной. Она определяет порядок формирования отдельных приемов:

1. анализ и синтез;
2. сравнение;
3. абстрагирование;
4. обобщение;
5. конкретизация.

В психологии и педагогике различают прямые и косвенные пути целенаправленного формирования логических операций. Прямой путь – это объяснение сущности выполняемого приема, знакомство с его алгоритмом, функциями.

Косвенный путь представляет собой, прежде всего, деятельность по усвоению конкретных предметных знаний и умений по определенному правилу. При этом последнее есть не что иное, как адаптированный к конкретной учебной ситуации прием логического мышления, логическая операция.

Многие исследователи, как педагоги, так и психологи, придерживаются точки зрения, согласно которой анализ и синтез являются основными операциями мышления (С.Л.Рубинштейн, Н.А.Леонтьев, В.В.Давыдов, А.А.Люблинская, Д.Н.Боголявленский, Н.А.Менчинская и др.). Без них не образуется ни одна из форм мышления «…недостатки анализа и синтеза непосредственно отражаются на качестве выполнения более сложных умственных операций» [2, с.36].

В педагогической и методической литературе по данной проблеме отмечается, что операции анализа и синтеза разложить на элементарные составляющие очень сложно. Для организации аналитико-синтетической умственной деятельности чаще всего предлагаются специальные задания.

Н.Н.Поспелов и И.Н.Поспелов исследовали развитие аналитико-синтетической деятельности учащихся в процессе решения геометрических задач:

1. анализ условия – что предполагает, прежде всего, правильное понимание данных задачи и поставленных вопросов;

2. анализ геометрической фигуры – выполнение правильного чертежа на основании результатов умственной деятельности, полученных в пункте первом, выделение основных свойств полученной геометрической фигуры;

3. анализ данных и искомых величин – здесь «производится выявление взаимосвязей между известными и неизвестными величинами»;

4. анализ плана решения задачи – заключается в проверке правильности и в улучшении создаваемого плана решения, при этом выявляются противоречия с условием задачи;

5. анализ решения – заключается в проверке решения и его обоснованности про помощи сопоставления решения с отдельными частями условия задачи и с условиями задачи в целом;

6. анализ результата – предполагает проверку результата с условием задачи и чертежом [3].

Также некоторые авторы подчеркивают, что для развития логических операций как анализ и синтез эффективными являются такие формы практических действий, как составление конспектов, планов, тезисов, схем, графиков, диаграмм. Значимой для формирования математической грамотности школьников является логическая операция сравнения, состоящая в установлении признаков сходства и различия между предметами и явлениями. Операция сравнения может производиться по сходным и отличительным признакам (полное сравнение), а также осуществляться по одному признаку (частичное).

Существуют различные дидактические рекомендации обучению этой операции. Некоторые из них приведем ниже. Деятельность учащихся происходит в отрыве от контекста того или иного учебного предмета, учитель поэтапно формирует логическую операцию на абстрактном материале.

Во время выполнения учебной задачи в рамках конкретной дисциплины учителем вводится алгоритм приема сравнения, учащиеся строят свои действия согласно этому алгоритму. Параллельное изучение определенного материала и алгоритма приема сравнения. Такой методический прием формирования операции наиболее часто встречается в педагогической литературе, так как любой учебной предмет четко регламентирован программой.

Для формирования математической грамотности важной логической операцией является абстрагирование – мысленное выделение существенных особенностей предметов и явлений, отвлечение от несущественных при рассмотрении их с определенной точки зрения.

Операция абстрагирования, как это, впрочем, следует из определения, может рассматриваться в двух основных аспектах: выделение только существенных для поставленной задачи признаков объекта или явления, или же выделение различных по степени значимости признаков, а затем только игнорирование маловажных признаков. Разные исследователи имеют противоположные точки зрения на то, какой из этих аспектов более полно отражает сущность абстрагирования. Так, в работах Д.Н.Богоявленского, Н.А.Менчинской упоминается положительное (отделение и сохранение существенных признаков) и отрицательное абстрагирование (отбрасывание несущественных признаков). Мыслительный прием абстрагирования напрямую зависит от успешности использования анализа, синтеза и сравнения, с другой стороны, основной функцией абстрагирования является выделение существенных и несущественных признаков объектов, что, само собой разумеется, откладывает отпечаток на проведение сравнения, делая его более глубоким.

Алгоритм абстрагирования имеет следующую структуру:

1. активизация восприятия, памяти и представления;
2. описание целостной картины объекта или явления;
3. анализ объекта абстрагирования для выделения его существенных сторон и качеств;
4. воображаемый синтез абстрактной модели объекта;
5. обобщение главных существенных свойств объекта.

Следующая операция, которая необходима для формирования математической грамотности, это – обобщение. Обобщение – это нахождение общего в заданных предметах или явлениях. Этим общим могут быть признаки или части, элементы и т.п. Нахождение общего включает в себя сопоставление предметов, вычленение общих признаков в каждом из заданных предметов и объединение последних по этим признакам формирование приёма обобщения включает две фазы:

Первая фаза – знакомство с перечнем действий:

1. рассмотреть заданные объекты на предмет общих, существенных признаков, получить предварительный вывод;

2. сопоставить те же объекты на наличие их несущественных признаков, определить в каких пределах эти признаки различается, в каких – сходится, сформулировать основной вывод.

На втором этапе учащиеся осваивают перенос, а точнее, два разных способа переноса. Первый – «перенос в усвоении», где полученные знания реализуются в умения, чем достигается устранение так называемых «ножниц» между теорией и практикой школьного обучения. Второй – «контрольный перенос», где усвоенные приемы и способы переноса используются самостоятельно. Обобщения как операция логического мышления имеет функцию, отвечающую за выделение существенно-общих признаков. Обобщение тесно связано с такими мыслительными операциями, как анализ, синтез, сравнение и абстрагирование.

Знания, приобретенные учащимися, должны быть определенным образом систематизированы. Постепенно учащиеся смогут самостоятельно обеспечивать переход от единичных знаний к их обобщению, а затем систематизации и классификации.

Н.Н.Поспелов, Н.И.Поспелов предлагают для учителя следующий план действий по формированию и совершенствованию операции классификации:

1. знакомство с элементами формальной логики;
2. объяснение и усвоение сущности операции классификации;
3. показ и анализ готовых (верных и неверных) классификаций различных объектов;
4. выработку, рекомендации и применение правил (предписаний, алгоритмов) классификации;
5. упражнение в классификации различных объектов [3].

Операция классификации – это производная от сравнения и поэтому более сложная операция. На основе установления сходств главных и второстепенных признаков предметы объединяются в классы, роды, виды. В заключение отметим, что такие мыслительные операции как сравнение, анализ и синтез, абстрагирование, классификация и обобщение должны комплексно развиваться преимущественно в раннем школьном возрасте.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Талызина Н.Ф. Формирование познавательной деятельности учащихся. – М.: Знание, 1983. – 96 с.

2. Менчинская Н.А. Проблема учения и умственного развития школьника. – М.: Педагогика, 1989. – 223 с.

3. Поспелов Н.Н., Поспелов И.Н. Формирование мыслительных операций у старшеклассников. – М.: Педагогика, 1989. – 152 с.

## ТҮЙІНДЕМЕ

*Дәулетқұлова А.У., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

**МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУДЫҢ БІР ЖОЛЫ – ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУДЫҢ ТҮРЛЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Мақалада логикалық операцияларды қалыптастырудың мәселелері қарастырылған. Анализ, синтез, абстракция, нақтылау және жалпылау сияқты логикалық операцияларды қалыптастыра отырып, функционалдық сауаттылықты дамытуға болатыны айтылады.

***Түйін сөздер:*** логикалық ойлау, анализ және синтез, салыстыру, абстракциялау, жалпылау, нақтылау



## SUMMARY

***A.U. Dauletkulova,*** *candidate of pedagogical sciences, acting associate professor*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University,)*

**THE FORMATION OF METHODS OF LOGICAL THINKING IS – ONE OF THE WAYS OF DEVELOPING MATHEMATICAL LITERACY**

In the article is considered problems of forming logical methods. Forming logical methods, as: analysis, synthesis, abstraction, concretization and generalization, we develop functional literacy.

***Keywords:*** logical thinking, analysis andsynthesis; comparison; abstraction; generalization; concretization.


**ӘОЖ 657.158**

# ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ЭНТРОПИЯ ЖӘНЕ БІЛІМ САПАСЫН БАҒАЛАУ

***Н. Ильясов,*** *п.ғ.к., профессор*
***Н.Ә. Сәндібаева,*** *п.ғ.к., доцент м.а.*
***С.Е. Маханбетова,*** *физика магистрі, оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік*
*қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада тест нәтижелерін өңдеудің, бақылаудың, бағалаудың статистикалық жүйесіне арналған жаңа әдісі қарастырылады.

***Түйін сөздер:*** білімді бағалау, синергетика, энтропия, рейтингтік балл.

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін білім алушының білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден-бір жолы білім алушының білімін бағалау жүйесі бойынша сараптау.

Білімді бағалау үшін (баға қою) сәйкес белгілеулері (сан, әріп және т.б. түрде) бар білім деңгейлерінің нақты шкаласы жасалуы тиіс және оны бақылау нәтижесінде сәйкес белгілері анықталады. Бес балдық жүйе шеңберінде мұндай білім деңгейіне қойылатын талаптар барлық пәндер үшін жетекші әдістемелік құралдарда егжей-тегжейлі сипатталған.

Оқыту кезеңдеріне байланысты білімді бақылаудың әртүрлі формалары мен түрлері (ағымдық және белестік бақылаулар, сынақ, емтихан, бітіру және мемлекеттік емтихандар) жүргізіліп отырады. Әр бақылау түрі білімнің белгілі деңгейін, қарапайымнан күрделіге дейін (төменгіден жоғарыға) анықтауға арналады. Балл түрінде қойылатын баға (білім деңгейінің көрсеткіші) бақылаудың түріне сәйкес келуі керек. Қарапайым бақылау нәтижесінде аз балл, күрделі бақылауда көп балл қойылуы тиіс. Білім деңгейінің күрделенуіне сәйкес балл санының өсу заңдылығы логиканың, табиғаттың заңдылығына сәйкес сайланып алынады.

Әдетте, оқу орындарында рейтингтік жүйелер мен тестілік бақылауларда мынадай кең тараған әдістемелік қателіктер орын алады:

- рейтингтік баллдың мағынасын дұрыс түсінбеушілік. Бастапқы ұғым балл емес баға, себебі, білім, оның деңгейлерінің аралық сандық белгілерінің (баллдардың), қарапайым қосындысымен анықталмайды. Балл тек қойылған бағалардың қосындысынан құралады;
- аттестациялық баллдың ең жоғарғы мәнін анықтауда пәнге бөлінген аудиториялық сағаттардың мөлшерін (кредитті) пайдалану. Оқу жоспары бойынша пәнге бөлінген сағаттар саны студенттің білім деңгейінің тікелей әрі нақты сипаттамасы бола алмайды. Жоғарғы балл берілген пәнге жоспарланған бақылаулардың түрімен және санымен анықталады. Көп оқу орындарында белгіленген тұрақты жоғарғы балл (мысалы 100 балл), бақылау түрлерінің өзгешеліктерін ескермейді;
- оқу-танымдық іс-әрекетті бағалауда, оның әртүрлі формалары мен көлемдерін ескермейтін, ғылыми негізсіз ойдан алынған коэффициенттерді пайдалану. Білімді, біліктер мен дағдыларды бағалауда ойдан алынған (ғылыми негізделмеген) коэффициенттерді пайдалануға болмайды. Бұл бір объектіні әр масштабты құралмен өлшеп, әртүрлі, біріне-бірі үйлеспейтін (тіптен салыстырмалы бірліктің өзінде) нәтижелер алумен парапар.
- тест әдісінің мүмкіндігін асыра бағалау. Тестілеу бақылаудың оқыту функциясын толығымен алмастыра алмайды. Статистикалық заңдылық алу үшін тест сұрақтарының қиындығы бірдей, көп болу керек, ал өте қарапайым, жеңіл сұрақтар білімнің құрылымдық сипатына қайшы келеді;
- конкурстық тест нәтижелерін өңдеу әдістерінің, білімді бақылаудың маңызы мен мәніне сәйкессіздігі.

Жеке сұрақтардың қиындығы (информативтілігі) ескерілмей анықталған баллдардың қосындысы дәл нәтиже бермейді. Нәтижелерді өңдеудің қазіргі қолданатын әдістерінде тест сұрақтарының қиын, оңай екендігі туралы мәселе қойылмайды. Басында барлық сұрақтың қиындығы шамалас деп қабылданғанымен, тексеру нәтижесінде ерекше сұрақтар болады.

Әрбір бақылаудың нәтижесі немесе барлық бақылаулардың нәтижелерінің қосындысы бойынша қойылатын балл (баға немесе бағалар қосындысы) білімнің сапалық деңгейін қорытынды балл анықтайды. Бұл үшін мүмкін болатын ең үлкен балл санының қанша пайызы «қанағаттанарлық», «жақсы», «өте жақсы» деп сипатталатын деңгейлерге сәйкес келетіндігін белгілеу керек. Көп жағдайда бұл түрде сараптау үшін ғылыми түрде негізделмеген әртүрлі коэффициенттер пайдаланылады.

Оқушылардың білімін тексеру мен сапасын анықтауға бағытталған компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін қажет ететін көп сұраққа, көп баллды бақылау жүйесіне негізделген статистикалық әдістер, рейтингтік жүйелер мен тестілеу тиімді болып отыр.

Рейтинг деп кәсіптік, шығармашылық әрекеттің салыстырмалы статистикалық көрсеткішін айтады.

«Тест» сөзі ағылшынша – «есеп», «түйін, сұрақ» деген мағыналарды білдіреді. Білім, білік және дағдыларды бақылаудың бұл әдісі аз уақыт ішінде оқушылардың интеллектуалдық деңгейін тексеруге, білімі бойынша әртүрлі конкурстар өткізуге тиімді. Оқушыға қойылатын тест сұрақтарының саны тексерілетін білімнің көлемін қамтитын және статистикалық заңдылықтарды қамтамасыз ететіндей мөлшерде болуы шарт. Тест бір мәнді қатаң тұжырымдалған тапсырмалардан және олардың әрқайсысының жауаптары 3-5 вариантта беріледі. Дұрыс емес жауаптардың формалары дұрыс жауапқа ұқсас болуы керек.

Соңғы сұрақтар дәрежесі қиындау тапсырмалар болады. Сұрақтардың мазмұны мен мөлшеріне қойылатын талаптар орындалғанда, оның нәтижелері дұрыс өңделген жағдайда тестілеу білім алушының білімін объективті бағалаудың әмбебап жедел әдісі болып табылады. Өтілген материалдардың көлеміне байланысты сұрақтардың саны әртүрлі 5,10,25-30 сұрақ болғанда студенттің білімін қалай бағалаймыз? Бұл сұраққа статистикалық заңдылықтарға сүйеніп зерттейтін, күрделі жүйелер туралы ғылым синергетика арқылы жауап беруге болады. Статистикалық заңдылық бойынша студенттің рейтингтік балы, яғни конкурстық орнын анықтап, студент білімінің бағасын қорытып шығаруға болады.

Бұл үшін синергетикалық ғылымның статистикалық заңдылықтарына негізделген арнайы төмендегідей формулаларды қолданамыз.

Формула мен кестедегі белгілеулер:

L – студент саны, i – берілген сұрақтардың саны;

N – әрбір сұраққа дұрыс жауап берген студент саны;

$P_i$ – әрбір сұраққа дұрыс жауап беру ықтималдығы;

∑ – Әрбір студенттің дұрыс жауаптарының саны;

$J_i$ – Сұрақтың информациясы;

S – информациялық энтропия (студенттің салыстырмалы білім деңгейі)

N – студенттердің конкурстық орны.

Кесте 1 – Студенттердің тест бойынша білім көрсеткіші

| **L / i** | **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | ∑ | **S** | **N** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | + | + | + | + | + | 5 | 1,52 | 1 |
| **2** | + | - | + | - | - | 2 | 0,54 | 5 |
| **3** | + | - | - | - | - | 1 | 0,176 | 7 |
| **4** | + | - | + | - | + | 3 | 0,88 | 3 |
| **5** | + | + | - | - | - | 2 | 0,45 | 6 |
| **6** | + | - | + | + | + | 4 | 1,24 | 2 |
| **7** | - | + | + | - | - | 2 | 0,64 | 4 |
| **n** | 6 | 3 | 5 | 2 | 3 | | | |
| **Pi** | 0,80 | 0,64 | 0,40 | 0,28 | 0,24 | | | |
| **Ji** | 0,22 | 0,44 | 0,91 | 1,27 | 1,42 | | | |
| **PiJi** | 0,18 | 0,28 | 0,36 | 0,36 | 0,34 | | | |

S – информациялық энтропиясы (студенттің салыстырмалы білім деңгейі) $S = \sum P_i J_i$ немесе $S = -\sum P_i LnLi_i$ формуласымен есептеледі.

$S_1$=0,176+0,28+0,364+0,36+0,34=1,52

$S_2$=0,176+0,364=0,54

$S_3$= 0,176

$S_4$= 0,176+0,364+0,34=0,88

$S_5$= 0,176+0,28= 0,45

$S_6$=0,176+0,36+0,34= 0,87

$S_7$= 0,28+0,364=0,64

Білім сапасын бағалаудың бағдарламасы төмендегідей есептеледі:

```
clear
    A=[ 1 1 1 1 1
        1 0 1 0 0
        1 0 0 0 1
        1 0 1 0 1
        1 1 0 0 0
        1 0 1 1 1
        0 1 1 0 0]
    [Na,Nb]=size(A)
    mA=[];
```

```
mA(Na) = 0;
J=1;
for i=1:Na
ATemp = A(i,:);
mA(J) = max(ATemp);
J=J+1;
end;
mA=[max(A)];
% P=(A)./
P=(sum(A)/Na)./mA
% P=((A)/Na)./mA;
% P=A/Na*mA;
% P=sum(A)/(Na*mA(J));
I=log(P)
PI=P.*I.*(-1)
% Ent = [];
Ent(Na)=0;
for I=1:Na
for J=1:Nb
if A(I,J) ==120
else
Ent(I)=Ent(I) + PI(J);
end;
end;
end;
Ent
```

Орындалуы:
Na =7
Nb = 5
P =0,80  0,64  0,40   0,28   0,24
I= 0,22   0,44    0,91   1,27  1,42
S=0,18   0,28     0,36   0,36   0,34
Ent.

Нәтижесінде студенттердің дұрыс жауаптарының саны тең болғанымен, қиын сұрақтарға жауап берген студенттердің информациялық энтропиясы жоғары болады, яғни конкурстық орны жоғары деген сөз. Ал, студенттердің дұрыс жауап берген сұрақтарымен энтропиясының мәні бірдей болса, онда олардың алатын конкурстық орындары да бірдей болады. Білім сапасын бағалау нәтижесінде 2,5,7 білім алушылар бірдей сұрақтарға жауап берді. Бірақ бағалау нәтижесі әртүрлі болады, себебі екінші білім алушының информациялық энтропиясы – 0,54, бесінші білім алушының  информациялық энтропиясы – 0,45, жетінші білім алушының информациялық энтропиясы – 0,64 мәніне тең. Сондықтан бұл есептеулерден синергетиканың осындай статистикалық заңдылықтарын қолдану студенттердің білімін дұрыс, нақты ғылыми негізде бағалауда мүмкіндігі жоғары болатын шын мәніндегі қарапайым педагогикалық технология болып табылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жаңабаев З.Ж., Ильясов Н.И., Тынтаева Ш.Б. Физиканы оқыту теориясы және әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: ТОО Полиграфия сервис и $К^0$, 2006. – 169 б.
2. Жаңабаев З.Ж., Ильясов Н., Темірқұлова Н.И. Бейсызық физика практикумы. – Алматы: Қазақ университеті. 2003. – 123 б.
3. Жанабаев З.Ж. Синергетика знания. – Алматы: Каз.универ. 1999, – С. 37.
4. Жанабаев З.Ж., Мукушев Б.А. Синергетика в педагогике. 2002. – 228 с.

5. Виненко В.Г Синергетика в школе. – М.: Педагогика, 1997. №2. – Б. 55-60.

**РЕЗЮМЕ**

***Ильясов Н.,*** *к.п.н., профессор,* ***Сандибаева Н.А.,*** *к.п.н., доцент,*
***Маханбетова С.Е.,*** *магистр физики, преподаватель*
*(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**ИНФОРМАЦИОННАЯ ЭНТРОПИЯ И ОЦЕНКА КАЧЕСТВА ЗНАНИЙ**

В статье рассматривается новый метод обработки результатов теста на основе новый синергетической системы контроля и оценки знаний.

***Ключевые слова:*** оценка знаний, синергетика, энтропия, рейтинговый балл.

**SUMMARY**

**Ilyasov N.,** *candidate of pedagogical sciences, professor,* **Sandibaeva N.A.,** *candidate of pedagogical sciences, associate professor,* **Mahanbetova S.E.,** *master of physics, lecturer*
*(Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**INFORMATION ENTROPY AND QUALITY OF ASSESSMENT KNOWLEDGE**

The article deals with a new method of processing the results of the test on the basis of a new synergetic system of monitoring and evaluation of knowledge.

***Keywords:*** estimation of knowledge, synergetics, entropy, rating point.

## ФИЛОЛОГИЯ– PHILOLOGY

**УДК 378.016:811.11137**

# АВИАЦИОННЫЙ АНГЛИЙСКИЙ ДЛЯ РАДИОПЕРЕГОВОРОВ

***Д.А. Жунусова,*** *ст. преподаватель УЦААЯ*
*(г. Алматы, Академия гражданской авиации)*

***Аннотация:*** В данной статье рассматривается операционный английский язык в сфере радиопереговоров, в котором типичен процесс редукции. Являясь типичным языком для специальных целей, авиационный английский язык имеет специфику, которая связана с использованием профессиональной фразеологии и технических терминов.

***Ключевые слова:*** авиационный английский язык, радиопереговор, фразеология.

Авиационный английский язык, используемый в сфере радиопереговоров между пилотом и диспетчером, принадлежит к группе полу-искуственных языков, созданных специально для использования в профессиональной сфере. Являясь типичным языком для специальных целей (ESP), авиационный английский имеет специфику, которая связана с использованием профессиональной фразеологии и технических терминов. Можно утверждать, что авиационный английский сочетает в себе элементы технического, профессионального и общего английского языка. Языки, созданные специально для функционирования в определенной сфере, называют операционными. Операционные языки являются результатом адаптации естественного языка к конкретной задаче использования. Общепризнано, что операционные языки эффективны только в контексте обычных, предсказуемых профессиональных ситуаций. В непредсказуемых и чрезвычайных ситуациях

эффективнее использовать естественный язык. Представляется, что операционные языки менее универсальны, но более приспособлены к конкретной задаче, чем естественный язык.

Операционные языки имеют определенные ограничения. Так, ограниченность вокабуляра операционных языков связана с использованием редких слов и строго определенной лексики. Как правило, слава операционного языка имеют одно значение. Эти значения могут быть редкими или неизвестными в естественном языке, поскольку семантика операционного языка ограничивается областью употребления. Заметим, что одно и тоже слово в разных операционных языках может иметь разные значения. Специфический характер грамматики операционного языка определяется ограниченным набором правил. При этом для каждого операционного языка характерны различные грамматические особенности. В свою очередь, прагматические ограничения обусловлены ограничением возможных целей и партнеров диалога и более строгими рамками ведения диалога [1].

Роль естественного языка в операционном языке сводится к тому, чтобы заполнять пробелы в коммуникации, когда стандартная фразеология не подходит. Но даже в этом случае лексика ограничивается ситуацией, а регистр определяется социальным статусом пилота и диспетчера. Таким образом, радиопереговоры предполагают выборочное использование естественного языка, хотя безопасность и эффективность зависят от правильного выбора языковых выражений [3].

Естественный язык не удовлетворяет этим требованиям, так как содержит слишком много слов и их значений, много синонимов. Кроме того, богатый синтаксис и грамматика стандартного английского создает основу для бесконечного числа интерпретаций.

Перечислим основные правила упрощенного английского для авиации:

1. Существует только три источника слов, которые могут быть использованы в SE:

- одобренные слова, которые содержатся в словарях SE.
- слова, обозначающие процессы: drill, retread, rivet, anneal, extrude.
- технические наименования, например: wing, fuel, seat, voltage, beacon, installation, degree. Характерно, что эти слова имеют только одно значение и могут использоваться как существительные или прилагательные, но не как глаголы для избежания двусмысленности.

2. Использование существительных:

Никогда не используются синонимы, так как повторение слова в данном случае облегчает понимание. Не используются сложные существительные, а группы существительных обычно не содержат более трех слов.

3. Глаголы:

Могут использоваться только одобренные формы глаголов: the infinitive, the simple future, the simple present, the simple past, the past participle. Ing-form в качестве present participle (by using) или gerund (releasing the breaks required) не одобряется. Не используется также present perfect [3].

Пассивные конструкции встречаются очень редко: «(No) Radar contact has been established» соответствуют следующему высказыванию естественного языка: «(No) Radar contact has been established identified». Обычно опускается подлежащее, выраженное существительным, что не характерно для естественного языка. Что касается вопросительных и отрицательных предложений, то их частота минимальна, что также вызвано особенностями радиообмена.

Трансформации на уровне фразы:

Не используется определенный артикль и притяжательное местоимение, например: «Wheels appear up»; «Resume own navigation», что равнозначно в естественном языке: «Your wheels appear (to be) up»; «Resume your own navigation». Как правило, не употребляются местоимения в функции подлежащего: «Will shortly lose radar contact», что соответствует в естественном языке: «You will shortly lose radar contact» [4]. В языке радиопереговоров опускаются вспомогательные глаголы: (have, b), например: «crossing runway»; «closing from left» вместо: «I am crossing the runway»; «You are closing from the left».

Заметим, что суффикс -ing, является единственным аспектно-темпоральным маркером. Поэтому возможно несколько интерпретаций: I am / will be / will have been. В любом случае синтаксическая двусмысленность преодолевается на основе знания ситуационного контекста пилотом. К числу модификаций в языке радиопереговоров можно отнести также опущение предлогов у глаголов, которые обычно употребляются с предлогами: «Do you agree departure from...?» эквивалентно «Do you agree to a departure from...?».

В языке радиопереговоров встречается нарушение порядка слов. Если в естественном языке изменение порядка слов обусловлено стилистическими причинами, то в ходе переговоров пилота и диспетчера изменение порядка слов может дать дополнительное время на обдумывание или, наоборот, привлечь внимание к самой главной части высказывания: «For indentification turn right heading (number)», а не прямой порядок слов: «Turn right to heading (number) for identification». Таким образом, для операционного английского в сфере радиопереговоров типичен процесс редукции, который вынуждает слушающего восстановить все сообщение. Передается только логико-семантическая часть сообщения, а аспектно-темпоральные данные могут быть восстановлены пилотом посредством экстралингвистических знаний о ситуации. Перечисленные выше виды опущений направлены на уменьшение морфологических и синтаксических характеристик, тем самым, сосредотачивая внимание пилота только на значении. Для языка радиопереговоров характерна номинализация, что является шагом на пути к лексиколизации, то есть внимание сосредотачивается на лексических единицах, выходя за пределы морфологических и синтаксических границ.

В заключение подчеркну, что язык радиопереговоров является полу-искуственным международным языком, в основе которого лежит фразеология. Эффективность использования фразеологии в качестве средства коммуникации может быть объяснена взаимодействием на экстралингвистическом и интралингвистическом уровне. Фактически фразеология связывает две системы: структурную систему английской грамматики и понятийную систему данной профессиональной сферы.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Falzon, P. Variations in Cognitive Processing and Variations in Language Use/Aviation English teaching forum, 1987.- Paris, Orly pp. 30-41.

2. Farrington, G. Simplified English: the state of the art/ International Aviation English Association. Newsletter. No 3, October 1993, pp.2-5.

3. Mell, J. Something missing in our r/t training? / International Aviation English Association. Newsletter. No 8, April 1997, pp.2-3.

4. Philips, D. Linguistic security in the syntactic structures of air traffic control English(Part Two)/ International Aviation English Association. Newsletter. No 6, December, 1995, pp.19-23.

## ТҮЙІНДЕМЕ

***Жунусова Д.А.,*** *аға оқытушы*
*(Алматы қ., Азаматтық авиация академиясы)*

## РАДИОСӨЙЛЕСУДЕ АВИАЦИЯЛЫҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІ

Бұл мақалада операциялық ағылшын тілі аясында радиосөйлесу және типтік үдерісінің жетілдіруі қарастырылады. Авиациялық ағылшын тілі кәсіби техникалық терминдер мен фразеологияның байланысын көрсетеді.

***Түйін сөздер:*** авиациялық ағылшын тілі, радиосөйлесу, фразеология.

**SUMMARY**

***D. Zhunussova,*** *senior teacher*
*(city Almaty, Academy of Civil Aviation)*

**AVIATION ENGLISH FOR RADIO NEGOTIATIONS**

This article deals with operational English in the sphere of radio negotiations in which process of a reduction is typical. Being typical language for the special purposes, aviation English has specifics which are connected with use of professional phraseology and technical terms.

***Key words:*** aviation English, radio negotiations, phraseology.

**ӘОЖ 92**

## СҮЙІНБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Б.С. Сарбасов,*** *ф.ғ.к., қауым. профессор м.а.*
*(Алматы қ.,Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада халық поэзиясы үлгісінде жазылған Сүйінбай Аронұлы өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі, оның тілдік қолданыстары қарастырылады. Ақын шығармаларындағы адамгершілік құндылықтары туралы ой толғаныстары жан-жақты талданады. Ақын поэзиясындағы көркемдік кестелер, оның тіл ерекшелігі, өзіндік мәнері, сөз қолданудағы ерекше шеберлігі сараланады.

***Түйін сөздер:*** кейіптеу, құбылту, ажарлау, суреткерлік шеберлік.

Сүйінбайдың даңқын елге жайған, ауыздан-ауызға тараған шығармаларының бір шоғыры – өз кезіндегі хан-қара, би-төре, бай-манаптарға, көз көрген замандастарына қарата айтылған өлеңдері. Бұл өлеңдері, ол бір жағынан – елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын табанды да турашыл азаматтың тұлғасын танытып отырса, екінші жағынан – айтар ойын ұрымтал образ, ұтқыр ой арқылы жеткізуге шебер ақынның тегеурінді қарымын танытады. Кез келген біртуар дарын иесі сияқты, Сүйінбай да шапағат нұрын алысқа шашқан, өзіндік мектеп қалыптастырған, үлгі-өнегесін өкше басар ұрпағына жұғысты ете білген құнарлы ақын. М.Әуезов «Сүйінбай – Жетісу ақындарының алтын діңгегі» деп нық сеніммен айтып кеткен.

Сүйінбайдың ақындық дарынының алтын бесігі халқының ежелден қалыптасқан өнерпаздық дәстүрі. Құнарлы сөз, кесек ой, келелі уәж оның поэзиясына, эпикалық қарым, көркемдік сипат дарытып отырады. Сүйінбайдың ақындық мектебі жайлы ғалым Х.Сүйіншәлиев: «Жамбылдан басқа ақындар да Сүйінбайды өздеріне ұстаз тұтып, оның таланты алдында бас иген» [1,105б.], – деп тұжырымдайды. Жоғарыдағы аталған зерттеуші ғалымдар адуын ақынның поэзиясын жоғары бағалап, Сүйінбайды таптық айқын сара бағыты бар өз алдына бөлек, бүтін бір ақындар шоғырының басында тұрған жыр алыбы деп санайды.

Сүйінбай өлерде айтқан бір өлеңінде мұрасының қағаз бетіне түсіп, жазылып қалмағанына өкінеді. Өзі қайтыс болғаннан кейін өлеңдері елдің есінде қалмай, өзімен бірге жойылып кете ме деп қауіптенеді. Өлеңінде ақын кесір мінезді Жұмыққа реніш те білдіреді. Олай болуының себебін халық ақыны Ә.Сариев былай түсіндіреді: «Аурудың батқанын сезіп, енді айықпасына көзі жеткен Сүйінбай ағасы Жұмықты қасына шақыртып алып, өзінің өлеңдерін жаздырып кеткісі келетінін айтады. Ол үшін, елден хат білетін төрт адам тауып әкел, солар менің айтқанымды жазып алсын» [2], – дейді. Бірақ, тағдырға бас иген, өнерге бейтарап Жұмық бұл сөзге құлақ аспайды. Қайта оның сөздерін ауру сандырағы деп түсініп,

Сүйінбайға «Құдай алдында күнәлі болмай, жөніңмен жатып, тағдыр бұйрығын қарсы ал», – деп ақыл береді. Жұмықтың осындай тоң мінезін сынай айтқан Сүйінбайдың «Жұмыққа» деген өлеңі былай басталады:

Атың емес, Жұмық – ай, ойың жұмық,
Бір басыңнан шығады нелер қылық.
Сүйінбайдың аты бар, өлеңі жоқ,
Жүргендей боп кеттім – ау көзім жұмып,
Сүйінбайды апарып көмгеннен соң
Отырарсың жотада жалғыз ұлып.
Өмірді келген, кеткен аңдамайсың,
Адамның болашағын болжамайсың.
Асыл сөздің білмейсің қасиетін
Жаман ойға келгенде талғамайсың,
Қияс мінез, томырық от пен жалын
Қайтейін осыныңа арланбайсың [3,305б.].

Ақынның қолда бар шығармаларын түгелдей қарастырсақ, оларды негізгі үш салаға жатқызуға болады. Олар: толғаулар, арнаулар, айтыстар.

Бірінші саласына ақынның жиырма шақты толғау – жырлары жатады. Оның мазмұны шет жұрттық басқыншыларға қарсы қол бастаған қазақ батырларының ерліктерін жырлау, өмір сырларын ақтарып, дүние-әлем, бақ-дәулет, талап-талғам, өзгерістерін толғау. Өмір – қоғам құбылыстарын байқаған, дүние, әлем, адам, оның орны туралы толғанысы терең:

Дүние – ескі сарай-ды,
Жолаушы жүрген азамат.
Көркіне оның қарайды,
Сондадағы тауарих.
Көшіп өткен керуендей,
Аттандырған талайды.
Өміріңнің орағы
Қуанба көріп жаңа айды [3,307б.].

Екінші бір шығармасында әрбір тіршілік иелерінің өз орны, барар жер, шығар тауы, өсіп-өнер ұясы, ұшып-қонары болатынын ескертеді. Үлкен өмірден адам өз орнын тауып, әлі келгенінше халық үшін қызмет етуге тиіс деп біледі.

Аққу ұшса, көлге кетеді,
Көпір бұзылса, селге кетеді.
Мал-жан біткен бәрі де,
Өсіп-өнген жерге кетеді…
Халқыңның күні саған түсті,
Әділетті жан болып,
Басқара бер,
Басыңа салған істі.

Ақын шығармаларының бұқарашылық беті, әлеуметтік сыры айқын. Оның жүрегі елім, халқым деп дүрсіл қағып, тыным таппайды.

Халықты тілмен қорғадым,
Сөз шындыққа келгенде,
Бас кессе де болмадым.
Құтылып жарлы кеткенше,
Зорларды сөзбен торладым.

Ел еңсесін көтерер ерлік, батырлық екенін айта келіп, сол батырды тудырып, баптап өсіретін ел керек, ерге сай елі, еліне сай ері болса ғана іргесі тегеурінді, мықты деген ойын ақын былайша береді:

Ер қадірін ел баққан
Ерлер білер деген сөз.

Зер қадірін зер баққан
Зергер білер деген сөз.

Ақын ерлікті, жауға мейірімсіздікті әр тұста жырлап, жастарды батырлар үлгісінде тәрбиелейді.

Самғай жүйрік жүгірер,
Аяқтан біреу шалмаса.
Жау десе батыр киінер,
Тоқталмас кегін алмаса.
Ел елдігі болмаса,
Ерменен жауға бармаса,
Елшілігі бұзылмас,
Өз жерін жаудан қорғаса [3,306б.].

Сүйінбай шығармалары – образды, сұлу суретті жырлар. Онда терең мазмұнға сай көркем бейне, сом тұлғалар дараланып, көркемдік шыңға көтеріледі. Әсіресе, үстемдер бейнесін жасауда олардың типтік мінездерін танытарлық суреттер қонымды бояулар арқылы реалистік өнер дәрежесінде тұлғаланады. Ал датқа, ұлық, болыс, би, ояз сияқтыларды суреттеуде Сүйінбай Абайдың «Болыс болдым, мінекей!» сияқты классикалық шығармасы дәстүріне лайық, соған пікірлес стильде тамаша сатиралық туынды жасайды.

Адам мінезін жасауда Сүйінбай өзі тұстас көркем сөз шеберлерімен бәсекеге түскендей. Махамбеттің Жәңгірге, Шернияздың Баймағамбетке, Жанақтың Рүстем төреге, Шөженің Бәйтікке айтқандары сияқты Сүйінбайдың төре-сұлтандар алдында айтқан тебіреністері – үндес те мұңдас, түрі-тілі, стилі де бір қалыптас шығармалар.

Хан емессің, қиықсың,
Қалың елді айдап жеп,
Теріңе зорға сыйыпсың,
Ұры-қары, залымның,
Жаныңа бәрін жиыпсың [3,301б.], –

деп басталатын Сүйінбай тебіреністері «Хан емессің қасқырсың», «Мен едім» сияқты Махамбеттің жалынды жолдарына пара-пар өжеттік пен өткірлікке толы шығарма.

Халқына қызмет еткендей ақылды адам басшы болса игі деген армандарын да білдіреді:

Халыққа жайлы хан болсаң,
Өкпе, жүрек қолқамсың,
Көп жұлдыздың ішінде
Жеке туған шолпансың.
Әділеттен тайсаңыз –
Екі көзі қанданып,
Жегеннен басқа білмеген
Тоғайда жүрген қорқаусың [3,306б.].

Халыққа төремін деп көкірексіп жүргендердің бірі хан емес, момын елге шапқан қасқыр, енді бірі төре емес, төбеде ұлыған төбет бейнесінде екенін Махамбет пен Шернияз поэзиясы анықтап берген-ді. Ал, Сүйінбай осы алып ақындар дәстүрін білгірлікпен жалғастырды. Сүйінбайдың әрбір арнау өлеңдері өзінің осы бір өжет, өткір қасиеттерімен мәнді, дәуірлік шынайы шығармалар. Ақынның бұл саладағы өлеңдерінде қазақтың әлеуметтік қоғам өкілдері бірінен соң бірі топ-тобымен бой көрсетеді. Әсіресе, пейілсіз сараң, адамгершілігі төмен жандар тізбектеліп, көз алдыңнан топ-тобымен өтіп жатады.

Ақынның «Жақсы менен жаманның айырмасы» мен «Нақылдары» – көтерген мәселелері жағынан тікелей тәрбиелік мәні бар шығармалар. «Жақсы мен жаман адамның айырмасы» деген өлеңінде ол адам бойындағы мінез-құлықтар туралы, адамгершілік қасиеттер жайында ой толғайды.

Жақсы адам елдің ерке серкесіндей,
Халқының қалың жүнді көрпесіндей

Жақсының айтқан сөзі тиянақты,
Түйенің аумайтұғын көрпесіндей.
Жамандар өтірікші, өсегі көп,
Ел-жұрттың іріткі салар арасына-ай.
Жалған сөзбен бықсытар ел арасын,
Жанбай қалған ағаштың шаласындай [4], –

деп ақын адамға тән жақсы-жаман қасиеттерді салыстыра суреттеп, оқырманына анық та айқын таңдау жасатады. Сөйте отырып, соқырға таяқ ұстатқандай етіп санаңа сіңіруді мақсат етеді.

Философиялық сарын өз кезеңіндегі басқа да ақындар сияқты Сүйінбайға да тән. XIX ғасыр поэзиясындағы жиі көтерілген мәселенің бірі – ғұмыр диалектикасы болса, бұл турасындағы ақынның көрнекті туындысының бірі – «Ақын боп жиырмамда» атты өлеңі. Адам өмірін кезең-кезеңге бөліп, әр онжылдықтың өзіндік ерекшелігін суреттеген ақын былай деп жырлайды:

Ақын боп жиырмамда желдей болдым,
Отызда асқар биік белдей болдым.
Отыз асып қырыққа келгеннен соң,
Қаптаған жердің жүзін селдей болдым.
Қырық асып елуге келгеннен соң,
Түбім терең құрақты,
Сұқсыр үйрек жатқан көлдей болдым [4,15б.].

Ойшыл ақын жиырма мен елу жастың арасын адам ғұмырының ең жемісті кезі деп лайықты бағалайды. Сөйтіп жас шақтағы табандылық пен алғырлықтың адам өміріндегі алар орнын жоғары қойды. Ақын шығармасының  негізгі идеялық түйіні – адам ғұмыры түгелдей ел игілігіне жаратылуы керек деген азаматтық тұжырымға  келу.

Асылында, Сүйінбай ақынның философиялық өлеңдері әрқашан гуманистік оймен астасып жатады. Ол ылғи адам тағдыры, заман жайлы терең толғанып, өзінің ерекше пайымдауларын ұсынып отырады. «Дүние ойлап тұрсам баяны жоқ» деп аталатын өлеңінде адам өзінің өлшеулі өмірін ізгілік пен жақсылық жолына сарп етіп, жаман қасиеттен бойын аулақ салса ғана оның әр күнінің мәнді де сәнді болатындығы туралы мағыналы ой түйген ақын:

Ажалдан құтылмайсың қашқанменен,
Кетпейсің бір тосусыз тасқанменен.
Өлшеусіз жерден ұзап кете алмайсың,
Аспанға қанат байлап ұшқанменен.
Еңкейіп басың жерге бір тиеді,
Қаншама талассаң да аспанменен [4],–

дей отырып, «Көп асқанға бір тосқан» деген халық нақылына орай адамгершіліктің ең бастысы кішіпейілділік, ізеттілік деп таниды.

Өз сөзімен айтқанда, Сүйінбай – қынаптағы қылыш, аспаннан түскен жасын, соғып тұрған құйын, ескен қызыл жел, жүйріктей жалын тараған, күніне шауып жараған, айтысқанды шаңына көмген жүйрік, айтысқанның басынан өлең жаудырып, миын шайқатқан жырдың бораны, қиякты сұңқар. Сүйінбай жырларынан оның алмастай өткірлігі де, шайқалған жорғалығы да, тұлпарлығы да, даңғыл жыраулығы да айқын, анық көрінеді.

Сүйінбай – ақындық өнердің қадір-қасиетін таныған, оның мәні мен мақсатын терең түсінген саналы өнерпаз. «Өмірде құны ескірмес, бағасы құнды асыл сөз» деген ақын өлеңнің құдірет-күшін танып, ақындық өнердің қыр-сырын бойына дарыта алған. Ақын өз бойындағы ақындық шабыт туралы да жырға қосып, өз талғамы мен шабытының ерекшелігі жайлы тебірене толғаған.

Жорға едім сартылдаған, самғайтұғын,
Бәйге аттай шу дегенде талмайтұғын.

Жасымнан көп шабылған жүйрік едім,
Сұңқардай көкке өрлесе талмайтұғын.
Сүйінбай сөйлер сөзге тарылмаған,
Жалтылдап жанған оттай жалындаған.
Саңқылдап қалың қазақ арасында,
Еліріп өлең айтса арындаған, –

деп жырлаған ақын өз бағасын өзі әділ берген.

Қорыта келгенде, ақын шығармаларындағы көркемдік кестелер, әр сөзді орынды қолдануы ақын туындыларының тіл көркемдігін, өзіндік мәнерін, сөз қолданудағы ерекше шеберлігін анық көрсетеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР


1. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1997.
2. Жолдасбеков М. Кісілік кітабы. ІІІ том. – Астана: Күлтегін, 2012.
3. Жеті ғасыр жырлайды.1 том. – Алматы: Жазушы, 2004.
4. Аронұлы Сүйінбай. Шығармалары. /Толғаулары, сын-сықақтар, өлеңдері, айтыстар/. –Алматы: Жазушы, 1990.


## РЕЗЮМЕ


***Сарбасов Б.С.,*** *к.ф.н., и.о.ассоц. профессора*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*


## ОСОБЕННОСТИ СТИЛЯ ПОЭЗИИ СУЮНБАЯ АРОНУЛЫ


В статье рассматриваются особенности стиля поэзии Суюнбая Аронулы.



***Ключевые слова:*** дисплей, шлифовка, мастерство художника.


## SUMMARY


**Sarbasov B.S.,** *candidate in pedagogical sciences*
*(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*


## FEATURES STYLE OF POETRY SUYUNBAY ARONULY


The article deals wish the poetry style peculiaries of Suinbay Aronuly.



***Key words:*** display, grinding, skill of the artist.



**ӘОЖ 372.8: 811.111**


# БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МАМАНЫНЫҢ СӨЗ ЭТИКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ


***Т.Т. Тұрғанбаева,*** *аға оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік*
*қыздар педагогикалық университеті)*



***Аңдатпа:*** Бұл мақалада бүгінгі таңда өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, шет тілін жетік білетін, сол тілдің сөз этикетін жақсы меңгерген маманды қалыптастырудың жолдары баяндалады. Білім беру бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы болудың нәтижесінде Қазақстан мектептерінің түлектері өз білімін шетелдік ЖОО-да жалғастыра алатындай болуы қажет. Сондықтан білім берудің маңызды стратегиялық міндеті бір жағынан үздік қазақстандық білім дәстүрлерін сақтау

болса, екінші жағынан мектеп бітірушілердің халықаралық біліктілік сапасын, лингвистикалық білімін жетілдіру, ең негізгісі – мемлекеттік және шет тілдерін меңгеруді қамтамасыз ету болып табылады.

***Түйін сөздер:*** сөз этикеті, шетел тілі, маман, квалификация, мәдениет.

Елімізде саяси-экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытта құруы заңды құбылыс. Себебі, қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол, шетел тілін меңгерген, көпмәдениетті мамандарды қажет етеді. Бүгінгі таңда ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев отандық білім беру саласына үлкен міндеттер жүктеп отыр. Кез келген мемлекет өзінің азаматтарына сапалы әрі заманауи білім алуға қолжетімді де, қолайлы жағдай туғызуды ел дамуының бірден-бір кепілі деп санайтындығы анық. Сондықтан мемлекетіміз жастарды халықаралық біліктілікке сай біліммен қамтамасыз ету үшін шет тілдерін меңгерту арқылы оларды саналы, мәдениетті тұлға ретінде дамытуға айрықша көңіл бөлуде. Отандық білім жүйесі Қазақстандық жастардың келешекте шетелдің жоғары оқу орындарында білім алуын еш қиындықсыз жалғастыруына мүмкіндік туғызып, бәсекеге лайықты, жоғары сапалы бірнеше тілді меңгерген маман даярлауды көздеп отыр.

Бүгінгі таңда еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев отандық білім беруде жоғары талап қойып отыр. Білім беру бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы болудың нәтижесінде Қазақстан мектептерінің түлектері өз білімін шетелдік ЖОО-да жалғастыра алатындай болуы қажет. Сондықтан білім берудің маңызды стратегиялық міндеті бір жағынан үздік қазақстандық білім дәстүрлерін сақтау болса, екінші жағынан мектеп бітірушілердің халықаралық біліктілік сапасын, лингвистикалық білімін жетілдіру, ең негізгісі мемлекеттік және шет тілдерін меңгеруді қамтамасыз ету болып табылады.

Жастардың әмбебап әрі жаһандық құндылықтарға қос тілде беттеулерінің бірден-бір мақсаты да көрші мәдениет өкілдерімен әлемдік кеңістікте өзара қарым-қатынас жасауға ұмтылу. Шет тілі мұғалімдерін даярлау тілдік оқу орындарында және орта мектепте шетел тілін оқытуды жетілдіру практикалық мақсаттарға қол жеткізу арқылы жүзеге асырылады. Адамдардың өзара қарым-қатынастарын орнату әдеп ережелерінің жиынтығы *этикет* деген арнайы терминмен айтыла бастағанына аса көп уақыт болған жоқ. Осы әдеп ережелерінің жиынтығы жаңа «сөз этикеті» деген атпен ерекшеленіп айтыла бастады. Этикет – адамдар арасындағы әртүрлі қарым-қатынастың нормасы. Кез келген халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетін танып білу, әдет-ғұрып, салт-дәстүріне құрметпен қарау қоғамдасып, бірлесіп өмір сүрудің негізгі шарты болып табылады.

Ұлттың, халықтың сырт көзге бірден байқалатын ерекшелігі ең алдымен этикетінен, сөз этикетінен көрінеді. Демек, бұл белгілі бір халықтың, ұлттың тілін үйренуде басқа елдің өкілі алдымен сол халықтың тіліндегі сөз этикетіне мән береді. Тіл үйренуді амандасу, рақмет айту, кешірім сұрау, «комплимент» айту тәрізді этикет сөздерінен бастайды. Міне, сондықтан да белгілі бір халықтың сөз этикетін меңгеру мәдениетіндегі қарым-қатынастың сапалы деңгейде өтуіне ықпал етеді. Сондықтан жоғары оқу орындары мен орта мектептердегі шетел тілінің сөз этикетін қалыптастыру мәселелері бүгінгі кезеңде де өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Қазіргі таңда осы тақырып төңірегінде еңбек еткен ғалымдардың жетістіктеріне келетін болсақ, сөз этикеттік білім, әлеуметтік лингвистика, этно лингвистика және т.б. пәндердің төңірегінде ағылшын тілінде қарым-қатынас пен сөз этикеті формаларын орыс тілінде салыстыра қарастырады. Ал қазақ тілінде Г.Ш.Оразғалиева өз еңбегінде сөз этикетінің кейбір жағдайларын салыстырмалы түрде сипаттап берген. Сонымен қатар сөз этикетін тіл мәдениетімен жанастырып айтқан ой-пікірлер мен зерттеулер де аз емес. Бұл ретте профессор М.Б.Балақаевтың қазақ тілі мен мәдениеті туралы зерттеулері, профессор

Г.Ғ.Сыздықованың сұхбаттасу мәдениеті, ал Н.Уәлиевтің сөз әдебі жөніндегі мақалаларынан көрінеді.

Қарым-қатынас біліктілігіндегі тілдік қарым-қатынас әсерлілігін арттыратын алғышарт болумен қатар, аса қажеттілік болып табылады. Мыңдаған жылдар аясында адамдардың өзара қарым-қатынасына қатысты мінез-құлық ережелері қалыптасқан. Олар ерте ғасырдан бастап *этикет* деп аталады. Сыртқы сұлулық пен адамгершіліктің үйлесімін ежелгі гректер «колагатия» (грек тілінде «колос» – әсем, «агатос» – мейірімді) деп атаған. Адамның сұлулығы мен көріктілігінің үстіне әділ, дана, өр, ақылды болуы талап етілген. Дара тұлғаның ішкі мәдениетінің, сыпайылылығының, адамгершілік қасиеттерінің айқын көрінісі деп саналатын сөз әдебі тіл қатудың, сөз жұмсаудың қоғам қабылдаған, жұртшылық мақұлдаған, ұлттық сипатқа ие ережелері мен тәртібі негізделеді.

Сөз этикетіне, моральдық принциптерге, мәдени-ұлттық дәстүрге негізделген қарым-қатынас әдептері. Жалпы сөз этикеті дегеніміз – белгілі бір тарихи кезеңде, белгілі қоғамда қабылданған сөз әдебінде іске асатын моральдық-этикалық нормалардың тілдік бейнелеуі. Кең мағынасында сөз этикеті дегеніміз – бір ұлт өкілдері арасындағы нормативті сөз әдебі формасы. Ал тар мағынасында сөз этикеті дегеніміз – белгілі бір тілдегі ұжымда, шартты әлеуметтік қарым-қатынас жағдайларында қолданып, ұлттық-мәдени және дәстүрмен негізделген типтік айтылымдар жиынтығы. Демек, тіл қатудың тәртібі қарым-қатынас жағдайына (амандасу, танысу, қоштасу, ризалық білдіру, құттықтау, жұбату, тыңдаушының назарын аудару, өтіну және т.б.) қарай жұмсалатын сөздер мен сөз орамдарының жүйесі (Good morning, Thanks, How are you, Excuse me, Sorry, I am gold to see you) арқылы жүзеге асады. Яғни сөз этикеті қарым-қатынас әртүрлі жағдайында (мекеме, көпшілік алдында, отбасында, көшеде және т.б.) екі жақтың әлеуметтік рөліне қарай (үлкен-кіші, бастық-бағынышты, мұғалім-студент және т.б.) іске асады.

Қарым-қатынас біліктілігіндегі тіл иесінің бойында әлеуметтену үрдісінде қалыптасып, белгілі бір тілдік ортада қалыптасқан, нормаларға сәйкес өзін ұстай білу, дұрыс сөйлей білуге және реттей білуге мүмкіндік береді. Қарым-қатынас мәдениеті дегенде біз қарым-қатынасты сәйкестендіретін нормаларға сәйкес дамыта білу біліктілігі деп түсінеміз. Оқу процесінде коммуникативті жағдаяттардың ұжымдастырылуы және олардың өмірде кездесуі мүмкін барлық жағдайларын қамтып, студенттер санасында мықты бекітілген жағдайда студент алдында шетелдіктермен мәдениетаралық қарым-қатынасқа түскен жағдайда, осы санасында қалыптасқан үлгілерді қайта жаңғырту арқылы тілдегі қарым-қатынасты сәтті жүргізе алады. Шетел тілдерін үйретуге қажетті кеңінен жайылған пікірлерге қарағанда, қарым-қатынас мәдениетіне бағытталған мақсатты қою тек тілдік оқу орындарында әлі үйретілмей келеді, оны оқытуды әлі де тереңдете жүргізу қажет. Мәдениетаралық және достық мәдени қарым-қатынас кезінде сөйлеуші белгілі бір грамматикалық нәтиже алуға тырысады. Бұл оның мәдени қарым-қатынасының ең жоғары деңгейде дамуына байланысты болады. Сондай-ақ, өзге тілде сөйлеуші адамдар халықаралық қатынастар, қоғамдық, дипломатиялық, экономикалық, ғылыми салаларда айтулы белгілі бір дәрежеге жетулерінде сөз этикеті маңызды рөл атқарады. Оқу үрдісінде тілдік қарым-қатынас жағдайларының ұйымдастырылуы маңызды. Алайда оқу үдерісі студенттерге барлық мүмкін тілдік қарым-қатынастарды қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан сөйлеу іскерлігі коммуникативті жағдаяттар негізінде қалыптасуы керек, олар тілдік қарым-қатынастың шынайы жағдайын бейнелеп және оның үлгісі болып келіп, студенттің қажетті тілдегі қарым-қатынастар қажеттілігін қамтамасыз етуі керек. Шетел тілін оқытудағы негізгі мақсат коммуникативті және мәдениетаралық біліктілігі қалыптасқан болып табылады.

Шетел тілінің сөз этикетін меңгеруде студенттің өз ана тілінде бар тәжірибені де қолдану маңызды. Тілдік қарым-қатынастар аясының келесі түрлерін ажыратуға болады:

1. Әлеуметтік-тұрмыстық (күнделікті тілдегі қарым-қатынастағы сөз этикетінің көріністері үйде, көшеде, дүкенде және т.б.);

2. Оқу аясы (мұғалім мен студент арасындағы тілдік қарым-қатынастағы сөз этикеттік белгісі);

3. Ресми-іскерлік (іскерлік-тілдік қарым-қатынастар этикетін жатқызуға болады);

4. Кәсіби-өндірістік (адамның қызметіндегі тілдік қарым-қатынас жағдайлары);

5. Әлеуметтік-мәдени (адамның эстетикалық мәдени қажеттіліктері. Мысалы: мұражайда, кинода, театрда).

Шетелдің өкілдерімен өзара қарым-қатынаста жүрген жағдайда ең бірінші көзге түсетіні – олардың сөз әдебіндегі тілдік қарым-қатынас мәдениеті. Ағылшын сөз этикеті тек қана ағылшындықтарға ғана маңызды болып келмейді. Ол сонымен қатар, ағылшын тілін үйренетін кез келген адамға байланысты болып кетеді. Ағылшын сөз этикетінің өзіне ғана тән ережелері мен талаптары бар. Бұл ереже кей кезде қазақ тілінің ережелерімен сәйкес келмейді. Сол себепті, өте мәдениетті деген қазақ азаматы ағылшын тілінде сөйлей отырып, ағылшын тілінің сөз этикетін меңгермесе, тілдік қарым-қатынас процесінің кей жағдайларында дөрекілеу болып көрінуі мүмкін.

Сөз этикеті сол елдің ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетінің ажырамас бөлігі, мәдениетінің көрсеткіші болып табылады. Әр шетел тілі сабағы – мәдениеттердің тоғысы, мәдениетаралық тілдік қарым-қатынастың тәжірибесі. Себебі, шетел тілінің әр сөзі шетелдік әлемді, мәдениетті бейнелейді. Әр сөздің астарында ұлттық дүниетанымға негізделген көзқарас жатыр. Міне, сондықтан да болашақ шетел тілі маманын даярлағанда, сөз этикетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

Бүгінгі таңда еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев отандық білім беруге жоғары талап қойып отыр. Білім беру бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы болудың нәтижесінде Қазақстан мектептерінің түлектері өз білімін шетелдік ЖОО-да жалғастыра алатындай болуы қажет. Сондықтан білім берудің маңызды стратегиялық міндеті бір жағынан үздік Қазақстандық білім дәстүрлерін сақтау болса, екінші жағынан мектеп бітірушілердің халықаралық біліктілік сапасын, лингвистикалық білімін жетілдіру, ең негізгісі мемлекеттік және шет тілдерін меңгеруді қамтамасыз ету болып табылады. Жастардың әмбебап әрі жаһандық құндылықтарға қос тілде беттеулерінің бірден-бір мақсаты да көрші мәдениет өкілдерімен әлемдік кеңістікте өзара қарым-қатынас жасауға ұмтылу. Осындай талаптар кәсіби мамандарды дайындауда көптілдік білім беруге асқан ден қоюға тура келтіріп, мәдени әлемімізде маңызды құралға айналып отыр.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – А.: Мектеп, 1984. – Б. 104.

2. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – М.: Просвещение, 1985. – С. 208.

3. Тиссен Л.П. Обучение речевому этикету английского языка в средней школе, Дисс. ... канд.пед.наук: – М., 1981.

4. Ступин А.П., Игнатьев К.С. Современный английский речевой этикет. – Ленинград: ПГУ, 1980. – С. 143.

5. Государственная программа развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы. – Астана, 2012.

6. Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методологии и теории. – Алматы, 2005. – С. 264.

## РЕЗЮМЕ

***Турганбаева Т.Т.,*** *ст.преподаватель*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

## ФОРМИРОВАНИЕ РЕЧЕВОГО ЭТИКЕТА БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

В данной статье анализируются особенности речевого этикета иностранного языка. Речевой этикет связан с квалификацией, профессионализмом, профессиональной компетентностью будущего специалиста.

***Ключевые слова:*** речевой этикет, иностранный язык, специалист, квалификация, культура.

**SUMMARY**

***T.Turganbayeva,*** *senior teacher*
*(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**FORMING OF SPEECH ETIQUETTE OF FUTURE LANGUAGE SPECIALISTS**

The article is about the peculiarities of speech etiquette of foreign language. Speech etiquette deals with qualification, professionalism and with professional competence of future specialist.

***Key words***: speech etiquette, foreign language, specialist, qualification, culture

## ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО– HISTORY, ECONOMY AND LAW

**ӘОЖ 37.032**

# ДІНИ БІЛІМ – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ

***Т.К. Ауелгазина,*** *саяси ғылымдарының докторы,доцент,*
*Педагогикалық білімнің халықаралық Ғылым*
*Академиясының академигі,*
*(«ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ филиалы «Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары)*

*Мұсылман діні мен христиан діні – Қазақстанның рухани дүниесінің қос қанаты*
*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев*

***Аңдатпа:*** Мақала ғылымдағы өзекті мәселелердің бірі болып саналатын – қоғамда діни тәрбие берудің маңызды тұстарын ашып көрсетуге арналған. Осы орайда аталған мақалада діни білім беру мәселесінің мәні мен мазмұны ашылады. Сонымен қатар, автор еңбекте діни тәрбие беру мәселесінің теориялық негізін де талдап көрсетеді.

***Түйін сөздер:*** Дін, қоғам, көзқарас, Ислам.

Қазақстанның тәуелсіздігін нығайту үдерісінде қоғамдағы жас ұрпақтың руханилығының, адамгершілік болмысының, ділі мен діни көзқарастарының қалыптасу сипаты басты назарда болуы өркениеттіліктің маңызды шарттарының бірі болмақ.

Адам баласы қандай қоғамда өмір сүрсе де дінге, жаратқан тәңірге, иманға берік сеніп келді. Дін – әлемдік өркениеттегі барлық қоғамдық құрылыстарға тән тарихи, әлеуметтік, дүниетанымдық және психологиялық құбылыс. Дін адамзатпен бірге келіп және де әрдайым адамзатпен бірге болмақ. Тарихтың қай дәуіріне қарасақ та дінсіз адам кездесер-ау, бірақ дінсіз қоғам кездеспейді. Яғни, адамзат діннен ешуақытта ажырамаған. Адамдарға күш-жігер беретін, қоғамды тәртіпке келтіретін, жақсылық пен туралыққа жетелейтін, жалғыздық пен қиыншылықты жойып, сенімділікті орнататын жағдаяттардың басында қашанда дін тұрмақ.

«Дін» – араб тілінен енген сөз. Сөздікте «Бас ию, мойынсұну, әдеттену, басқару, қызмет ету» мағыналарын береді.

«Дін – ғылымның атасы, ғылым – діннің баласы» деген өрелі ойға зер салсақ, дін туралы ой мүлдем өзгеріп, оның барлық тіршілік бастауына нәр болатынын байқаймыз.

Сондықтан, қоғамдағы әрбір жеткіншек ұрпақтың дін туралы көзқарасы, сауатты болуы шартты жайт. Яғни, академик Ғарифолла Есім тұжырымдағандай: «...қазіргі заманда дін қайта оралып, мәдени өміріміздің бір арнасына айналып келеді... Қай дін болмасын, өзіміз қандай дінде болмасақ та жалпы Құдай (Бог), пайғамбар (пророк) деген ұғымдарды қастерлеп, қасиет тұтқанымыз өзімізді-өзіміз сыйлағандық болар деген түсініктемін. Абай айтқандай бір Жаратушының бары хақ, оған бастайтын жолдар (діндер, сенімдер) көп. Мәдениетті адам сол жолдағы адамдардың ғұрып-салт, санасын құрметтеуге міндетті» [1].

Бүгінгі таңда Қазақстанда ислам мен православие ең ірі конфессиялар болып саналады. Мың жылдан астам уақыт бойы Қазақстан ислам әлемінің бір бөлшегі саналып, ал сүнниттік бағыттағы мұсылмандық оның халқының рухани өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Ислам философиясының түсіндіруінше, дін дегеніміз – әлемді байланыстыратын күш, Алланың барлығына сенім. Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі және оның Жаратушы Құдаймен байланысын орнату болса, ислам тұжырымдамасы бойынша, рухани жетілу сатысының бірінші деңгейінде тұрған адамның алғашқы махаббаты мен таза құлшылығы Аллаға арналады. Ислам дәстүрі бабаларымыздың халықтық мәдениетінің қалыптасуына, адамгершілік болмысына арқау болды. Ол белгілі дәрежеде салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, адамгершілігіне ықпалын тигізді. Адамгершілік мұраттары тәрбиенің өзегіне айналды. Дегенмен, осындай үдерістердің үзілуі мен Ислам діні туралы сауатсыздық жат мінезге, имансыздыққа, дін мен өмір парқын болжамауға әкеп соқты. Кеңес Одағы кезінде және одан кейінгі кезеңдерде білім беру жүйелеріндегі білім мазмұны діни ұстанымдарсыз жүргізіліп келді. Дін туралы сауатсыздықтың салдарынан қоғамда қазақ халқының тарихында бұрын-соңды болмаған нашақорлық, жезөкшелік, тастанды бала мен ата-анаға мойынсынбау және тағы басқа осындай теріс қылықтар көрініс беруде. Міне, мемлекеттік құрылымдағы осындай кереғарлықтар жастардың бойында діни танымды сөзсіз өркендетуді қажет етеді.

Осылайша, «Дін – қоғамдағы әлеуметтендіру институттарының ішіндегі, мекемелер арасындағы ең маңызды рөл атқаратыны болып табылады. Дін – адамды әлеуметтендіруде отбасы факторынан кейінгі екінші орындағы фактор. Діннің мемлекеттен бөлінуіне байланысты қоғамда діннің рөлі біршама төмендеп кеткен болатын. Ал қазіргі кезеңде, керісінше ол маңызды орынға көтеріліп отыр, екіншіден, дін әр елдегі халықтардың сеніміне сәйкес әртүрлі әрі ол барған сайын өсіп келеді. Әрбір дін ұйымдары өз қатарларын көбейте түсу үшін барынша жұмыс жүргізіп келеді» [2].

Халқымыз қашанда отбасында адамгершілік пен имандылықты ерекше дәріптеген. Имандылық – әрбір адамның ішкі рухани тазалығы, өзіндік сенімі. Сондықтан да имандылық тәрбиесін оқушы бойына сіңіру, оның ішкі сенімін оң бағытта дамытуға күш салу аса маңызды. Осы орайда білім беру тұжырымдамасында: «Жалпы білім беретін мектептің мақсаты – жас ұрпақты ұлттық игіліктермен адамзат мәдени мұрасының сабақтастығын сақтап оқыту, тәрбиелеу және әрбір шәкіртті жеке тұлға деп санап, оның жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау», – делінген [3]. Ол үшін әрбір жас ұрпақтың ой-санасында, тілінде, діні мен ділінде ұлттық рухқа бағытталған мінез-құлық үлгісі қалыптасуының маңызы айрықша. Әсіресе, жеткіншектердің діни сауаттылық деңгейін арттыру маңызды. Ол үшін әрбір жас ұрпақтың ой-санасында, тілінде, діні мен ділінде ұлттық рухқа бағытталған мінез-құлық үлгісі қалыптасуының маңызы айрықша.

Түрлі тарихи дәуірлерде Қожа Ахмет Ясауи мен Асан Қайғыдан бастап, Абай мен Шәкәрімге дейінгі қазақтан шыққан ұлы тұлғалар еңбектерінде ұлтымыздың діни көзқарастарын ислами ағартушылық тұрғысынан жүйелеп берген еді.

Ислам дәстүрі бабаларымыздың халықтық мәдениетінің қалыптасуына, адамгершілік болмысына арқау болды. Ол белгілі дәрежеде салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, адамгершілігіне ықпалын тигізді. Халқымыздың адамгершілік мұраттары тәрбиенің өзегіне айналды. Қазақ өлкесіне исламның келуімен мешіттер, медреселер ашылып, кітапханалар салынды. Ол кітапханаларда елдің рухани қазынасына айналған көптеген ойшылдардың кітаптары сақталды. Соның бірі ақыл мен даналық кітабы деп аталған Қожа Ахмет Ясауидың «Диуани

хикмет» еңбегі. Қожа Ахмет Ясауи «Диуани хикметті» өткен өмірін қорытындылап, «Құл Қожа Ахмет, надандықпен өмірің өтті» деп өзін сынаудан бастайды [4]. Ол жаратушының өзінен басқа пенделері өкінбес үшін оларға мәнді өмір сүрудің жолын көрсетуге ұмтылды. Адам ең әуелі өзінің өмірлік мақсатын, яғни, кемел адам деңгейіне жету жолын анықтап алуы қажет дейді ойшыл. Ғұламаның ұйғарымы бойынша: «кемел адам – өзінің құдаймен тұтастығын толық жүзеге асырған, яғни, Алланың сипаты мен бейнесін қабылдап, оған бүтіндей ұласқан адам» [5]. Әрине, қай кезеңде де кемел адам дәрежесіне жету оңай емес, дегенмен жетілу мүмкіндігі әр адамға да берілген. Сондықтан қоғамның әрбір мүшесінің ғұлама-ойшылдарымыз нұсқаған кемелділік пен даналық жолдарымен өзін-өзі дамытуы аса зор қажеттілік.

Сонымен бірге, қазақ халқынан шыққан ұлы ұстаз, ағартушы Ы.Алтынсариннің «Мұсылмандықтың тұтқасы» (Шариятұл ислам) атты еңбегі өз заманында жаңаша көзқараспен жазылған қазақ балаларын татарлану мен орыстанудан сақтаудың жолын іздеген еңбек болып табылады. «Мұсылмандықтың тұтқасы» – діни бағыттағы күрделі ғылыми еңбек. Аталған еңбекті Ы.Алтынсарин шәкірттеріне діни тәлім-тәрбие беру мақсатымен жазған. Ағартушы-педагог көзі ашық адамның рухани және материалдық құндылықтарға, айналадағы қоршаған ортаға деген көзқарасы, сан алуан құбылыстар туралы өзіндік ой-пікірі және т.б. қалыптасады деген тұжырым жасайды.

1915 жылы Уфа қаласынан жарық көрген Н.Манаевтың «Иман ислам» оқулығы да имандылық бағытын дамытуға қосылған үлкен үлес болып саналады. Бұл шығармада автор ислам дінінің негізгі қағидаларына, шариғат үкімдері мен Мұхаммед ғ.с. пайғамбардың хадистеріне тоқталады. Зерттеуші Ғ.Қабекенов атап көрсеткендей, халқымыздың рухани қалыптасуына сүбелі үлес қосқан Н.Манаевтың еңбегінде: «...адамның тумысынан тағдырлылығы, ізгілік пен қайырымдылықтың жоғары күш әмірі мен адам қоғамында өзін-өзі жасайды, оның болмысы да өзі анықтап қалыптастырған әлеумет арқылы ықпалы бойынша жинақталған тұлғалық болмысы болатындығы, яғни, наным түрінде де имандылық бойынша қалыптасу қажеттілік идеясы ұсынылған» [6]. Демек, өмірге келген әр адамның діннің шын мәніндегі түп негізін түсінгенде барып, өзгеге жақсылық жасау, рақымшылық көрсету, кең пейілділік таныту сияқты қасиеттерге бой алдыратыны ақиқат. Міне, осы тәрізді иманды әрекеттер адам баласын рухани биікке көтеріп, нұрға бөлері сөзсіз.

Осымен байланысты ұлы Абай шығармашылығына жүгінелік. Өз заманындағы діни ахуалды жіті зерттеген ғұлама 12-ші қарасөзінде: «Кімде-кім жақсы-жаман ғибадат қылып жүрсе, оны ол ғибадаттан тыюға аузымыз бармайды, – дейді данышпан, – әйтеуір, жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз. Лакин, сондай адамдар толымды ғибадатқа ғылымы жетпесе де, қылса екен. Бірақ оның екі шарты бар, соны білсе екен». Міне, осылайша, ұлы Абай халыққа, әсіресе, керегі – «толымды ғибадат» деп түйеді. Ал, толымды ғибадатқа не қажет? «Әуелі, – дейді ұлы Абай, – иманның иғтиқадын махкемлемек керек, екінші – үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны Құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды» [7, 27-б]. Ұстазымыз Абай «толымды ғибадат» түсінігін 27-ші қарасөзінде: «Құдай тағаланың «Мені таныған ақылменен таныр» дегені қайда қалады? Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады деп ойын одан әрі дамытады. Сонымен, қазақстандық қоғамда бүгінгі таңда қалыптасқан діни ахуалға қатысты «не істеу керек?» деген күрделі сұрақтың жауабын ұлы Абайдан тауып отырмыз. Данышпанның өсиетінше, иманның ихтиһаты және ғамали құлшылық өзара бірíккенде ғана ғибадат толымды болмақ. Сондықтан осы мәселенің мәнін жете ұғынып, оны әдіснама негізіне айналдыру бүгінгі күннің сұранысы болып табылады. Осылайша, «иманның ихтиһатын тоқтамай үйрене беру керек» деген ұлы Абайдың өсиетіне құлақ асатын уақыт шындап жетіп отыр. Себебі, ел жастарының рухын көтеріп, оларды өзге халықтарға танытудың қажеттігі сияқты келелі проблемалардың шешімі осы идеяға келіп тіреледі. Демек, «бабаларымыз ұстанған асыл дініміз – Исламда жас ұрпақтың санасына ізгіліктің дәнін сеуіп, жеткіншектерді атаның баласы емес, адамның баласы болуға баулу айрықша маңызға ие» [8]. Өз кезегінде заманымыздың заңғар

жазушысы М.Әуезов «...кемеңгер Абайдың ақындық өнерін ғана емес, оның ғұлама ойшылдығын, діни білімпаздығын, пайым-парасатын, өміршең мақсат-мұраттарын замана оқиғалары, кезеңдік жағдайлар арқылы кең тыныспен, биік адамзаттық деңгейде таныта алды» [9].

Осы орайда Әлихан Бөкейхановтың «мәдениет әмірі – құдірет әмірі» деген сөзінде де терең мағына жатыр. XX ғасыр басында дінді бір жүйеге келтіру ресейлік мұсылман зиялыларын толғандырғанда, Ә.Бөкейханов: «Біздің қазақ рухани ісін де ақ жолға салып аламын десе, бұл – зор жолды істің бірі ғой» деп ой түйген.

Дүниежүзі халықтарының ғасырлар бойы қалыптастырған сан қырлы рухани мәдениетінің бір саласы – дінтану болып табылады. Дінтану ғылым ретінде XIX ғасырдың басынан бастап қалыптаса бастады. Дінтану ғылымы діннің пайда болуы, оның мағынасы, адамға әсері, коғамдағы, тарихтағы, мәдениеттегі орны, мыңдаған жылдар бойы әлемдегі алатын маңызы жайлы мәселелерді зерттеумен шұғылданады. Басқаша айтқанда, дінтанудың мақсаты – дінді анықтау, түсіну және оның қоғамдық сана (идеология) есебінде әлеуметтік құбылыс екенін түсіндіру.

Дінтану ғылымы дінді теологиялық, философиялық-әлеуметтік, биологиялық, психологиялық және этнологиялық (грек тілінде ethnos – халық, logos – ілім) тұрғылардан бөліп қарастырады. Ал, Қазақстанда тәуелсіздіктен кейін діни сенім бостандығына жол ашылып, қоғамда дінді ұстанушы адамдардың саны арта бастағаны белгілі. Соған орай, дінтанулық білім беру қоғамның қажеттілігінен туындады десек те болады. Демек, бүгінгі қазақстандық қоғамдағы жасөспірімдерді саналы тәрбиелеудің басты міндеттерінің бірі – мектептерге, жоғары оқу орындарында «Дінтану» пәнін оқыту екендігі сөзсіз жайт. Себебі мемлекеттегі енді қалыптасып келе жатқан жас жеткіншектердің діни көзқарастарын негіздеуде діндер тарихы мен ілімдері туралы ғылыми негізде жазылған оқулықтың қажеттігі айрықша. Бұл қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында академик Ғарифолла Есімнің авторлық жетекшілігімен 9-сынып оқушыларына қазақ және орыс тілдерінде «Дінтану негіздері» оқулығы дайындалып, жарыққа шықты. Авторлық ұжым құрамына философия ғылымдарының докторы, профессор А.Әбуов, Қ.Бегалинова, философия ғылымдарының кандидаты Е.Смағұлов, исламтанушы Қ.Жолдыбайұлы кірген. «Дінтану негіздері» оқулығында жалпы діни сананың қалыптасуы, политеистік діндерден кейін монотеистік діндердің пайда болуы, бір сөзбен айтқанда, әлемдік және дәстүрлі діндер мен дәстүрлі емес діни культтар жайында ақпарат берілген. Аталған оқулықтың қоғамдағы жастардың діни көзқарастарын қалыптастырудағы маңызы зор. Өз кезегінде ескеретін маңызды жайт: «...діни білім қазақ халқының ұлттық-рухани дәстүрі мен тарихи ерекшеліктеріне негізделіп, отансүйгіштік, патриоттық бағытта белсенді түрде оқытылуы қажет [10].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек. Біз өзін-өзі ұстаудың ерекше үлгілерін алуға тиіспіз», – деген тұжырым жасады [11]. Шындығында, бүгінгі күні халықтың мәдени-рухани тұрғыда жаңғыратын уақыты келді. Мұхаммед Пайғамбарымыз – «Отанды сүю имандылықтан басталады» деп өсиет етсе, дана қазақ халқы – «Иманды елді жау алмас» дейді. Қазір әлемде үш дін – Ислам, Христиан, Будда діндері кең таралған. Осы әлемдік үш діннен басқа иудаизм, даосизм, конфуциялық, синтоизм секілді этностық діндер мен анимизм, тотемизм сияқты дәстүрлі діндер де бар. Қоғамдағы жас ұрпақ арасында жоғарыда аталған діндер туралы мәлімет беріп, ақпарат тарату – өмір талабы. Себебі оңы мен солын, ақ пен қараны, жақсылық пен зұлымдықты енді ғана ажырата бастап, әлі толық қалыптасып үлгірмеген жас буынның бойында дін туралы түсінік қалыптастыру арқылы оларды кесел-кедергілерден аман алып қалуға болады. Бұл ретте ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұстанып келген дініміздің қағидаларын, Қожа Ахмет Ясауидың хикметтерін, ұлы Абайдың терең елдік көзқарастары мен танымдық толғамдарын, Ш.Құдайбердиевтің философиясын ел жастарының санасына сіңірудің мәні ерекше.

Олай болса, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы ұстанып келген имандылықты өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойында қалыптастыру заман сұранысы екендігі даусыз жайт. Себебі ел жастарының діни сауаттылығын көтеру – олардың өмірге деген сенімінің айқын да тұрақты болуына бағыттайтын сара жол екендігін уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Есім Ғарифолла. Пәлсапа дәптерінен // Жас алаш. – 1998. №3(13783). – 8 қаңтар.
2. Әтемова Қ.Т. Әлеуметтік педагогика: Оқулық. – Алматы, 2012. – 103 б.
3. Қазақстан Республикасының білім беру тұжырымдамасы.
4. Қожа Ахмет Ясауи. «Диуани хикмет». – Алматы, 1993. – Б. 20.
5. Нысанбаев Ә. Диуани хикмет – даналық қазынасы // Ақиқат. 1998. – Б. 27.
6. Қабекенов Ғ. Нұғман Манаевтың «Иман Ислам» оқулығы // Материалы международной научно-практической конференции посвященной 1500-летию Туркестана. – А., 2000. – Б. 115-116.
7. Абай. Қара сөз, поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. – 272 б.
8. Дербісәлі Ә. Ислам және жастар // *www.muftyat.kz/index.php?newsid=6258*
9. Сманов Б.Ө. М.Әуезов және дін мәселелері // Хабаршы. «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы. – А.: Абай ат. ҚазҰПУ. – 2009. №4(28). – Б. 35.
10.Қазіргі Қазақстандағы діни ахуал: жағдайы және мәселелері. Мақалалар жинағы. – Астана, «Ұлағат» мәдениет және даму қоры. 2011. – Б. 54.
11.Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» // Алматы ақшамы. – №151-152 (4713). 2012. 15 желтоқсан.

## РЕЗЮМЕ

***Т.К. Ауелгазина,*** *доктор полит.наук, доцент*
*(г. Алматы, академик международной Научной Академии педагогического образования)*

## РЕЛИГИЗИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ – НАЧАЛО ВОСПИТАНИЯ

В статье рассматривается актуальные вопросы религиозного воспитания в обществе. А также в статье освещаются понятие и основные принципы религиозного образования. Автор дает научный анализ теоретических подходов к изучению данной проблемы.

***Ключевые слова:*** Религия, общества, подход к исламу.

## SUMMARY

***T.Auelgazina,*** *doctor of polit.sciences*
*(city Almaty, Academician of the International Academy of Science of Pedagogical Education )*

## RELIGIOUS EDUCATION - START OF EDUCATION

The article deals with current issues of religious education in the community. And also in the article highlights the concept and basic principles of religious education. The author provides a scientific analysis of theoretical approaches to the study of this problem.

***Key words:*** Religion, society and approach to Islam.

**ӘОЖ 336.76**

# ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ – БӘСЕКЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АНЫҚТАУШЫ ФАКТОР

***А.Е. Жолдыбаева,*** *аға оқытушы,*
***Э.М. Ахмадиева,*** *аға оқытушы,*
(*Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті*)

***Аңдатпа:*** Мақалада бәсекенің нарықтық шаруашылық жүйесіндегі рөлі, нарықтың даму дәрежесі, ондағы қызмет етудің күрделілігі көп жағдайда бәсекелестік ортаның ерекшелігімен анықталатындығы қарастырылады.

***Түйін сөздер:*** бәсеке, нарық, инновация, ғылыми-техника, экономика, компания.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «...еңбек өнімділігінің кешенді өсімі маңызды тапсырмалардың бірі ретінде таяу 10 жылдықтағы индустриялық-инновациялық даму жеделдетілген диверсификация, нарықтық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру есебінен қамтамасыз етілетін болады», – деді Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауында. Елбасының «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» (2004), «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу ел қатарына кіру стратегиясы» (2006 ж.) Жолдауларында бәсекелестік қабілетін арттыру траекториясының параметрлері белгіленіп, басым бағыттары әлеуметтік салаға арналды. Бұл еліміздің бүкіл әлемдік нарықтық экономикалық жағдайға негізделуіне жасалған басты қадамдардың бірі деп білеміз. Нарық қатынастарының басты принципі – тауар өндірушілердің еркін бәсекелестігі.

Нарық қатынастарындағы ішкі мәнді айқындайтын түсініктің түйіні «конкуренция» түсінігі болып табылады. «Бәсекелестік» немесе «конкуренция» сөзі латын тілінен аударғанда «бетпе-бет» деген ұғымды білдіреді. Бұл іс жүзінде тәуелсіз экономикалық субъектілердің шектелген экономикалық ресурстар үшін күресі, пайдалы өндірістік жағдай және өнімді тиімді өткізу үшін, тұтынушылар үшін тауар өндірушілер арасындағы күрес. Бұл нарықтағы өзіне лайықты орынды иелену үшін күрес, тауар сапасы мен арзандығы үшін күрес.

Бәсекелестіктің дамуы нарықтағы тұтынушылардың кажеттілігін қанағаттандыру жағдайын жақсартып, сапаның жоғарылауына ықпал етеді. Бұл нарықтағы өндіріс көздерінің өзара әрекеттестігінің экономикалық процесі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Жаңа онжылдық, жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Тек инновация ғана еңбек өнімділігінің шұғыл көтерілуіне мүмкіндік береді», – деп ерекше атап көрсетті. Өйткені, бәсекелестік өнім өндіру барысында өндірушінің ғылыми-техникалык жетістіктерді енгізу, еңбек өнімділігін көтеру, технологияны жетілдіру, еңбекті ұйымдастыру барысындағы өндіріс қарқынын және көлемін реттеуде маңызды рөл атқарады. Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын негізгі фактор – инновациялық даму, жоғарғы технологияларды пайдалану, экспорт тұспалданған өнімдерді дамыту болса, бәсекеге қабілеттілік қор мен бәсекенің шектеулі жағдайында әлемдік шаруашылық жүйесінде белгілі бір орынға ие болуға мүмкіндік беретін мемлекет экономикасының маңызды сапасы болып табылады. Сонымен қатар, әлемдік тауар рыноктарындағы белгілі бір сегменттерін өрістету немесе кеңейту қабілеттігімен, халықаралық саудаға мемлекеттің кіру деңгейімен анықталады.

Бәсекелестік күресі өнімге деген сұраныстың төмендеуі барысында барынша дамиды. Әдетте, нарықтың дамуына қарай жылдам бейімделу мақсатында кез келген өндірістік орындар өзінің барлық қаржылық, басқару ресурстарын пайдалануға күш жұмсайды. Нарықтың өсуі төмендеген сайын өндіріс орындары нарықтық үлеске деген күресті

күшейтеді. Бұл нарықтағы өзіндік орынды иеленуге бағытталған жаңа стратегиялық идеяларды туындатуға ынталандырады.

XIX ғасырдың орта кезінде нарықта еркін бәсекелестік кең өріс алды. Мұндай нарық сұраныс пен ұсыныс негізінде бағаның ауытқуымен байланысты болды. Бәсекелестік күресі – бұл динамикалық процесс. Ол тұтынушылардың талабымен есептеседі, тауардың сапасын жақсартуға, еңбек өнімділігін арттыруға, өндірісті ұлғайтуға, өнім бірлігіне шығынды азайтуға ынталандырды. Бәсекелестің негізгі екі түрі бар:

1) Бір сала ішіндегі бәсекелестік – бұл бір саланың тауар өндірушілері арасында болады. Онда ең жоғары еңбек өнімділігі бар, ғылыми-техниканы қолданатын кәсіпорын жоғары табысқа жетеді, ал артта қалған кәсіпорындардың табыстары төмен болады, тіпті күйреуі мүмкін.

2) Салааралық бәсекелестік – бұл халық шаруашылығы салалары аралық күрес. Мұнда төмен деңгейдегі пайда табатын саладан капитал пайда деңгейі жоғары салаға құйылады. Оның қорытындысында жаңа сапалы тауарлар көптеп шығарылып, халықтың әл-аухаты жоғарылайды. Ол саладағы пайда деңгейі төмендегенде ғылыми-техникалық жетістіктер негізінен жаңа тауарлар пайда болады, сапасы жоғарылайды, халықтың табысы көбейген сайын сұраныс өседі, осылай жаңа сатыға өсе береді.

Батыстық экономикалық ғылымда халықаралық бәсекелестік XX ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап қарастырыла бастады.

Бәсекелестік нарық жүйесіндегі шаруашылық жүргізуге тән болып табылатын көпаспектілі және көпдеңгейлі күрделі категория. Ұлттық бәсекелестіктің ресми ұйымдармен қабылданған қазіргі заманғы анықтамасы М.Портердің теориясына сай анықталып, жаңа кезеңдегі бәсекелестік басымдығы эволюциясының түсінігін айқындап береді. ОЭСР-да қабылданған жалпы түсінігі: бәсекелестік – бұл компанияның, саланың, аймақтың және ұлттың халықаралық бәсекелестік үшін ашық болуын қамтамасыз ететін кірістің және еңбекақының салыстырмалы түрдегі жоғары деңгейін қалыптастыру қабілеттілігі болып табылады. Мұндай пікірді белгілі американдық ғалымдар Д.Доллар және Э.Вульф те қолдайды. Олардың пікірі бойынша жоғары технология базасында халықаралық саудада және кіріс пен еңбекақының жоғары өнімділігін үйлестіре отырып қол жеткізуді дәлелдеген мемлекет бәсекелестікке қабілетті. Бәсекелестіктің динамикалық аспектісіне алғаш рет назар аударған М.Данн. Ол бәсекелестіктің маңызды қасиетінің бірі ретінде уақытқа қарай өзгермелілігінде деген пікір білдірген.

Бәсекеге қабілеттілік – бұл ұлттық экономиканың құрылымдық өзгерістерді алдын ала көре білуге және оған бейімделуге деген икемділігі деп түсіндіреді.

Ұлттық бәсекелестік (ағнл. – *National contention)* – көп мәнді термин ретінде:

1.Мемлекеттің орта мерзімдік перспективаға төтеп беретін экономикалық өсудің жоғары қарқынына қабілеттілігі;

2.Мемлекеттегі өндіріс өнімділігінің факторлары;

3. Мемлекет ішіндегі немесе халықаралық нарықтағы ұтымды бәсекелестігі туралы түсініктерді білдіреді.

Ұлттық экономиканың бәсекелестігі нарықтық шаруашылық және оның субъектілерінің қызмет ету тиімділігінің барынша жалпы, интегралды керсеткіші болып табылады. Дамыған елдердің көпшілігінде экономикалық саясаттың қазіргі заманғы парадигмасы ретінде ұлттық бәсекелестікті көтеруге деген құлшыныс басым болып отыр. Қазіргі таңдағы ұлттық экономиканың бәсекелестігі көбінесе өнеркәсіптік өндірістің жаңашылдықты енгізу және модернизациялық қабілеттігімен анықталады. Шындығында, өнеркәсіп бүгінгі таңда да инвестициялық және жеке тұтыну тауарларын өндірудегі және мемлекеттік қазынаға салық төлеуші жетекші өндіріс күші ретінде қалып отыр. Жалпы ғылыми-техникалық жаңару, басқа салалардағы еңбек өнімділігінің өсуі, тұрғындардың өмір сүру нарығы оның даму деңгейіне тікелей байланысты. Осыған орай үкімет тарапынан 2003 жылы 2015 жылға дейінгі елді индустриялық-инновациялық дамыту стратегиясын жүзеге

асыру шараларын бастады. Ол екі өзекті міндетті – экономиканы индустрияландыруды және индустрияландыруды инновациялық арнаға бағыттауды көздегенді.

Қазақстанды индустриялық дамытудың жаңа кезеңі басталды. Ел экономикасында орын алған проблемалардың орын алуына байланысты Елбасы Үкіметке дағдарыстан кейінгі кезеңдегі экономиканы дамытуға бағытталған 2020 жылға дейінгі ұзақ мерзімді стратегияны жасауды тапсырды. Екі бесжылдық кезеңде жүзеге асырылуға тиісті стратегиялық жоспар бойынша белгіленген мемлекеттік бағдарламалар жасалып, оларда даму мақсаттары мен міндеттері бес жылға нақтыланып отыру көзделді. Сонымен қатар салалық бағдарламалар, шеберлік-жоспарлары жасалады. Дәйектілігі мен сабақтастығын сақтау мақсатында мемлекеттік бағдарлама мен салалық бағдарламалар бұрын қабылданған индустриялық-инновациялық даму стратегиясымен, кластерлік бастамалармен, негізгі миссиясы ұлттық экономиканы жаңартуды шапшаңдату және басты жалпы ұлттық мақсатқа – Қазақстанның серпінді дамуын қамтамасыз етіп, бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруге қол жеткізу үшін қазақстандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған «Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы» бағдарламасымен, индустрияландыру саласындағы басқа да бағдарламалық құжаттармен ұштастырылады.

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауы бойынша Минскіде өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның ашылуында сейлеген сөзінде Қазақстанның Беларустағы Төтенше және өкілетті елшісі А.Смирнов: «Қазақстан ұлттық экономиканы әртараптандыруды жеделдетіп, бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы Қазақстан таяу уақытта орнықты және теңдестірілген экономикалық дамуды қамтамасыз етеді. Қазақстандық қоғамның алдында: ел экономикасын дағдарыстан кейінгі дамуға әзірлеу, жеделдете индустрияландыру және инфрақұрылымды дамыту арқылы экономиканың орнықты дамуына қол жеткізу, адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін болашақ игілігі үшін арттыруды белсенді инвестициялау сияқты жаңа міндеттер тұр», – деп атап көрсетті. Бұл еліміздің экономикасының өзіндік даму сатысын көрсетеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Жаңа онжылдық, жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіншіліктері». ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.

2. Dollar D Wolf E. The Clobal Competive // Joirnal *of* International Economics. 2003. № 27 (3-4). – Oxford iniversiti press. – P. 199-220.

3. Портер М. Международная конкуренция. – М.: Международные отношения, 1993. – 590 с.

## РЕЗЮМЕ

***Жолдыбаева А.Е.,*** *старший преподаватель,*
***Ахмадиева Э.М.,*** *старший преподаватель*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

## ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ – КАК ОПРЕДЕЛЯЮЩИЙ ФАКТОР КОНКУРЕНТНОСПОСОБНОСТИ

В данной статье рассматривается роль конкуренции как ключевой рычаг системы рыночного хозяйства. Степень развития рынка, сложность работы на нем во многом определяются особенностями конкурентной среды.

***Ключевые слова:*** конкуренция, рынок, инновация, наука и техника, экономика, компания.

**SUMMARY**

*A.E. Zholdybaeva, senior lecturer, E.M. Akhmadieva, senior lecturer*
*(city Almaty, Kazakh State Women's Training University)*

**INNOVATIVE DEVELOPMENT - SHAPING COMPETITIVENESS**

This article discusses the role of competition as a key lever of the market economy. The development of the market, the complexity of the work on it is largely determined by the peculiarities of the competitive environment.

***Key words:*** competition, market, innovation, science and technology, the economy, the company.

**ӘОЖ:94 (574)**

## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР

***Қ.Қ. Жылқышыбаева,*** *т.ғ.к., доцент*
***М.А. Қасымбекова,*** *тарих магистрі, аға оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік*
*қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада қазақ хандығының құрылуына байланысты мәселелер қарастырылған. Қазақ хандығының негізін қалаушы алып тұлғалар – Керей мен Жәнібек хандарға қатысты тарихи зерттеулер мен деректерге шолу жасалып, ғылыми пікірлер келтірілген. Биылғы жылдағы ең маңызды оқиғаның бірі – 1465-1466 жылдары құрылған Қазақ хандығына 550 жыл толуы. Сондықтан қазақ тарихындағы осы айтулы оқиғаға ерекше мән берілген. Хандықтың құрылып нығаюы алғашқы қазақ хандарының хандық территориясын кеңейтуге, күшейтуге бағытталған. Хандықтың құрылуында алғашқы хандардың қазақ мемлекеттілігін қалыптастырудағы жүргізген ішкі және сыртқы саясаты баяндалады. Қазақ хандығының құрылу тарихын, жеке тұлғалардың, хандардың тарихын білу келешек ұрпаққа патриоттық сезімді қалыптастыра отырып, ұлағат болып сақталады.

***Түйін сөздер:*** Қазақ хандығы, патриот, тарих, ұрпақ, хандар, негізін қалаушы.

*«Тарих тоғыстырған, тағдыр табыстырған бүгінгі ұлы күнге біз берік сеніммен жетіп отырмыз...»,* – деген Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың айтқан сөзімен бастағым келіп отыр. Биыл Қазақ мемлекетінің бастауы болған – Қазақ хандығымыздың құрылғанына 550 жыл. Бұл мейрам Қазақ хандығына деген қызығушылықты арттырып, қажеттілік тудырған маңызды оқиға.

Тарихтың өзі адамзаттың өткенін зерттейтін, үздіксіз даму үстінде болатын ғылым. Өткенімізді білмей, келешегімізді болжау мүмкін емес. Бұл ғылым біздің болашағымызға дұрыс қадам жасауға көмектеседі. «Тарихсыз халық жоқ» деген нақыл сөз бекерге айтылмаған болса керек.

Қазақ хандығының құрылуы, бірігу тарихы туралы көптеген деректер сақталған. Олар Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди», Захир ад дин Бабырдың «Бабырнама», Самарқандидің «Матлағ ас-сағдайн ва маджмағ ал-бахрайн» (Екі бақытты жұлдыздың шыққаны және екі теңіздің түйіскен жері), Махмуд бен Уәлидің «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар», Рузбихан Исфағанидің «Мехмана-наме-және-Бухара» атты еңбектерден көптеген мәліметтер көре аламыз.

Қазақ хандығының құрылу тарихына байланысты жазылған тарихи зерттеулерде, әдебиеттерде Қазақ хандығының негізін салушылар – Керей мен Жәнібек хандар екені белгілі.

Деректерде көрсетілгендей, «олардың Әбілқайыр ханнан бөлініп, Жетісудағы Моғолстан хандығында Қазақ хандығы құрылды» деген пікірді зерттеушілердің бәрі мойындайды. XIX ғасырдың ортасында айтылған бұл пікір қазіргі күнге дейін тек даму үстінде болды. Бірақ та осы саяси үрдісте жетекші рөл атқарған тұлғалар – Керей мен Жәнібек хандар туралы зеттеулер толық жүргізілмей, олар туралы біліміміз тек дерек мәліметі деңгейінде қала берді. Оған себеп – деректік мәліметтердің аздығы. Қазіргі күнде заман талабы өзгеріп, өз тарихымызға қайта үңілгенде, алғашқы хандарымыздың тарихын, олардың атқарған рөлін көрсетуге осы себеп қолбайлау болады да тұрады. Олай болса, қолда бар деректерге сүйеніп, ұлттық мемлекетіміздің іргетасын қалаушылардың ел тарихындағы алатын орнын неге ашып көрсетпейміз?!

Керей мен Жәнібек хандарға тағдыр жаңа этникалық бірлестікке негізделген мемлекетті құру және оны басқару үлесін берді. Бұл үлес кездейсоқ сияқты болып көрінгенімен, заңдылық болатын. Өйткені екі ханның арғы ата-бабалары – Шыңғыс ханнан Керей мен Жәнібек хандарға дейін Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы саяси билікті мұрагерлік жолмен иемденіп, атадан балаға қалдырып отырған. Басқаша айтқанда, Керей мен Жәнібек бірнеше ғасыр бойы уысынан кетпеген өте мықты, әрі өте беделді әулеттің өкілдері болып табылады.

Тарих ғылымында XIX ғасырдың 60-шы жылдарынан бері Қазақ хандығының негізін қалаған екі тұлғаның – Керей мен Жәнібектің есімдері анықталып, белгілі болған. В.В.Вельяминов-Зернов алғаш рет Оразмұхаммед ханның шығу тегін анықтау барысында «Тарих-и Рашидидің» мәліметтерін айналымға енгізе отыра, былай деп жазған болатын: «Қазақтар туралы (В.В. Вельяминов-Зернов қырғыз қайсақтар деп жазды – Б.К.) «Тарих-и Рашидиде» Мұхаммед Хайдар айтқан мәліметтер хижра бойынша 860 жылдан 944 жылға дейінгі, яғни 1456 жылдан 1537-38 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Осы 80 жыл ішінде Мұхаммед Хайдар бойынша қазақтардың ең басты тұлғалары: жошылық Керей мен Жәнібек, Керейдің ұлы Бұрындық, Жәнібектің ұлдары Әдік пен Қасым және Әдіктің ұлы Тахир болды». Міне, осы кезден бастап Керей мен Жәнібек хандардың Қазақ хандығының құрылуындағы тарихи рөлі анықталып, қазіргі күндерге дейін оны ешбір зерттеуші теріске шығармай, керісінше, оны зерттеушілердің бәрі біраузыдан мойындап отыр [1].

Әйгілі орта ғасырлық тарихшы, Моғол хандығы тарихнамасының басты өкілі Мұхаммед Хайдар Дулаттың көлемді тарихи баяндауы 1541-1546 жж. жазылған. Мұхаммед Хайдар Қазақ хандығының бастапқы тарихына кең көлемде тоқталған: «Ол кезде XV ғасырдың 50 жылдары Дешті Қыпшақта Әбілқайыр хан билеп-төстеді. Жошы әулетінен шыққан сұлтандарды көп мазалады. Жәнібек хан мен Керей хан Моғолстанға қашты. Есенбұға хан ниетімен қарсы алып, оларға Моғолстанның батыс қиыры Шу мен Қозыбасы аймақтарын берді. Олар анда жарылқанып жатқанда, Әбілқайыр хан өлген соң Өзбек ұлысы ретсіздікке тап болды: онда үлкен бейберекетсіздік басталды. Халықтың көбі Керей хан мен Жәнібек ханға көшіп кетіп, маңындағылары екі жүз мың адамға жетті. Оларда «өзбек-қазақ» деген атау бекіді. Қазақ сұлтандарының билей бастауы – сегіз жүз жетпісінші жылдан (1465-66 жж.), анығын Алла біледі».

«Әбілқайыр хан өлген соң Өзбек ұлысында бұлғақ (өзара қырқыс) басталды. Қауіпсіздік пен береке іздеген әркім, қолынан келсе, Керей хан мен Жәнібек ханға кетті. Осыған байланысты олар едәуір күшейді.

Олар әуелі қашып, өздерінің көп халқынан бөлініп, біраз уақыт дәрменсіз, жалқы тұрғандықтан, оларды «қазақтар» деп атап, бұл атау оларға бекіп кетті» [2].

*Керей хан* (т.ж.б.- 1473) – Қазақ хандығының негізін қалаушы ұлы екі тарихи тұлғаның бірі, алғашқы қазақ ханы. Ақ Орда ханы Орыстың ұрпағы. Орыс ханнан Тоқтақия, одан Болат, одан Керей хан тараған. «Тауарих-и гузида-йи нусратнаме» дерегі бойынша, Керей хан – Болаттың жалғыз баласы. Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегінде Керей хан туысы Жәнібек ханмен бірге XV ғасырдың 50-жылдарының аяғында Қазақ хандығының құрылуына қатысты оқиғаларда алғаш рет атала бастайды. Онда Керей хан мен Жәнібек ханның Әбілхайыр хандығынан бөлініп, Моғолстанның батысындағы Шу бойы мен

Қозыбасы өңірі аралығына келіп қоныстанғаны туралы баяндалады. Бұл аймақ сол жылдардағы Моғолстан билеушісі Есенбұға хан мен оның туған ағасы Жүніс хан иеліктерінің арасы болды. Керей хан мен Жәнібек хан қол астындағы ру-тайпалармен 1457-1459 жж. Шу өңіріне көшіп келген. Керей 1465 жылы хан сайланды. Әбілхайыр ханға наразы сұлтандар, әмірлер, ру-тайпа басылары Керей хан мен Жәнібекке келіп қосылады. Аз уақыт ішінде Қазақ хандығындағы халық саны 200 мыңнан асып кетеді. Керей хан мен Жәнібек ханның арқасында Есенбұға хан ағасы Жүніске қарсы күресте сенімді, әрі мықты одақтас табады. Жүніс 1461/62 жылы Есенбұға хан қайтыс болғанға дейін Моғолстан тағына қарсы ешқандай әрекет жасай алмайды. 1461/62 – 1469 жылдары Моғолстан ханы Досмұхаммедтің мәнсіз, мағынасыз жүргізген саясатынан Керей мен Жүніске қолдау көрсете бастайды. Ақыры, 1469 жылы Досмұхаммед хан қайтыс болғаннан кейін, Моғолстандағы билік басына еш қиындықсыз Жүнісхан келеді. Керей хан тұсында негізі қаланған Қазақ-Моғолстан қатынасы XVI ғасырдың 30-жылдарына дейін достық, бейбіт сипатта болды. Әбілхайыр хан Керей хан мен Жәнібек хан ықпалының күшейе бастағанынан қауіптеніп, оларды дер кезінде талқандау мақсатымен 1468/69 жылы жорық ұйымдастырады. Жорық кезінде Әбілхайыр хан ауырып қайтыс болады да әскері кейін оралады. Кешегі Әбілхайыр ханның қарсыластары – Ахмет пен Махмұт хандар, Ноғай мырзалары Мұса мен Жаңбыршы, Сібір ханы Ибақ, шайбанилық Берке сұлтан және Қазақ хандары Әбілхайыр ханның мұрагері Шайх Хайдар ханға қарсы шығады. «Тауарих-и гузада-йи нусратнаме» дерегінде Қазақ хандары ретінде Керей хан мен Жәнібектің есімдері аталса, «Фатхнама», «Шайбани-наме» деректерінде тек қана Жәнібек ханның есімі кездеседі. Дегенмен Керей хан есімі тарихи деректерде соңғы рет 1472-1473 жылдары, Жүніс хан Ордасында Бұрыш Оғлан деген сұлтанның шабуыл жасауына байланысты аталады. Аңыз бойынша, Керей хан Хан тауы етегінде жерленген. Керей ханның қандай жағдайда, қай жылы қайтыс болғандығы жөнінде нақты мәліметтер жоқ. Керей ханның үш баласы болды. Олар: Бұрындық хан, Қожа-Мұхаммед және сұлтан Әлі. Олардың ішінде 30 жылдан астам Қазақ хандығын билеген Бұрындық ханнан соң тақ билігі түпкілікті түрде Жәнібек ханның ұрпақтарының қолына өтеді. Керей ханның қалған екі ұлы жөнінде деректер кездеспейді [3].

*Жәнібек хан*, Әбу Сайд (т.ж.б. - 1470) - Қазақ хандығының негізін қалаған хандардың бірі, Орыс ханның ұрпағы, Барақ ханның кіші ұлы. Керей ханмен бірге Қазақ хандығының негізін қалаған. 1428 жылы әкесі Барақ хан (Ақ Орда ханы) өлген соң, Дешті Қыпшақтағы саяси билік Әбілхайыр ханға көшеді. 1457 жылы жаздың соңында Әбілхайыр хан Сығанақ түбінде қалмақтардан жеңілгеннен кейін, Керей мен Жәнібек сұлтандар қарамағындағы ұлысымен Моғолстанға көшеді. Көшуге тарихи аңыз бойынша, Қобыланды батыр мен Ақжол би арасындағы дау-жанжал себеп болған. Жазба деректердегі мәлімет бойынша Керей мен Жәнібектің қалмақтарға қарсы әскер жию туралы Әбілхайыр ханның жарлығына құлақ аспауы және 1457 жылғы жеңілістен кейінгі қалыптасқан жағдай, яғни екі сұлтанға Әбілхайыр хан тарапынан қауіп-қатердің төнуі – Орыс хан ұрпақтарының өз ұлыстарымен бірге кетуіне мәжбүр етеді. 1457 жылы күз айының соңында көшіп келген екі сұлтан ұлыстары Шудың төменгі бойында қыстап шығады. 1541-1546 жылдары жазылған «Тарих-и-Рашидиде» қазақ сұлтандарының билік ете бастауы 870-ші жылдан (1465-66 ж.) басталады делінеді. Керей хан қайтыс болғаннан кейін Жәнібек ханның ұрпақтарына толық көшеді. Қазақ тарихында Жәнібек хан – Қазақ хандығының құрылуы үрдісіне толық қатынасып, басшылық еткен тарихи тұлға. 1469 жылға дейін Қазақ хандығының халқы Әбілхайыр ханның қарсыластары есебінен өсе түседі. 1469 жылы Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан соң хан мұрагеріне Сібірден Ибақ хан, Алтын Ордадан Ахметхан, Ноғай Ордасынан Мұса мен Жаңбыршы билер, Хорезмнен Береке сұлтан, ал Қазақ хандығынан Керей мен Жәнібек хандар қарсы шығады. 1470 жылдың басында Шайх – Хайдар хан өлтірілген соң Дешті Қыпшақтың басым бөлігінде Қазақ хандығының билігі орнайды. Жәнібек хан XV ғасырдың 70-жылдары ішінде қайтыс болған. Жәнібек хан тұсында Қазақ хандығы жеке ел болды. Жәнібек ханның артында тоғыз ұлы қалды. Олар: Иренші, Махмұт, Қасым, Әдік, Жаныш, Қамбар, Таныш, Үсек және Жәдік. Бұлардың ішінде Қасым мен Әдіктің XV ғасырдың соңы

XVI ғасырдың басында қазақ қоғамындағы ықпалы өте зор болды. XVI ғасырдың соңы мен XIX ғасырға дейінгі барлық қазақ хандары Жәнібек ханның ұлы Жәдік сұлтаннан тарайды [3].

Қазақ хандығының құрылу кезеңін баян еткен шығыс жылнамаларын талдап шыққан зерттеуші Т.Сұлтанов Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлініп шығу жылын хижраның 864/1459-60 жж. деп көрсеткен болатын [4]. Бұл оқиғаны бір жылда ғана – 1459 ж. немесе 1460 ж. болған деп көрсетудің нақты уақытнамалық дерекке негізделмейтінін ғана атап өткіміз келеді.

Қазіргі қазақ тарихнамасында Керей мен Жәнібек сұлтандардың жаңа саяси орталық құру әрекетінің себептеріне тоқталумен қатар, бұл қай жылы болады деген жорамалдарды ұсыну жиі кездеседі. Бұл мәселеге қатысты қорытынды есебінде шолу мақаланы Н.Ағытаев жариялады [5].

Қазақ хандығы Алтын Орда империясы ыдырай бастағанда одан бөлініп шықты. Батыс зерттеушілері К.Г.Босворт, С-П. Стэнли тағы басқалар Алтын Орда 1244 – 1505жж., енді бір авторлар ол 1241 – 1470 жылдар аралығында ғұмыр кешті деседі. Қазақ хандығының құрылуы жөнінде, белгілі ғалым Н.Мыңжани Қытай, араб-парсы, Еуропа деректеріне сүйеніп, аталмыш хандық 1456 ж., Қазақ мемлекетінің тұңғыш тарихшысы мырза Мұхаммед Хайдар Дулати 1465-66 жж., құрылды дейді, бірақ соңғы авторлардың жыл қайыруын қайта есептегенде 1466 жыл 1460-шы жылға дәл келген (С.И.Сұлтанов) [4].

Қарастырылған Қазақ хандары туралы мәліметтерімді қорытындылай келсем, Хандықтың құрылуы, орта ғасырдағы хандар өмірі, ішкі-сыртқы мәселелері мен тарихы еліміздің тарихымен тікелей байланысып жатқандықтан, бұл жеке тұлғалардың тарихын білу арқылы өз тарихымызды терең біле түсеміз және ұлы адамдар өмірі әрқашанда бізге үлгі, өнеге болады деп айта аламыз. Бір орталыққа бағынған, берекелі, мықты Қазақ хандығын құруға қажырлы қайрат жұмсаған мемлекет қайраткері деп толықтай есептеуімізге болады.

Хандықтың құрылып нығаюы алғашқы қазақ хандарының хандық территориясын кеңейтуге, күшейтуге бағытталған. Сырдария өңіріндегі қалалармен Шығыс Дешті – Қыпшақтың қырдағы аудандарындағы өз билігін нығайтуға бағытталған белсенді сыртқы саясаты туралы баяндайды. Керей мен Жәнібек хандар Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанның құлдырауын пайдалана отырып, XV ғасырдың 60-жылдарының соңында қазақ халықтары мекендеген аумақты біріктіру жолындағы мақсатты алға қойған болатын және ойдағыдай күрестерін жүргізді. Қазақ хандығының құрылып, бір орталыққа бірігіп ел болуы тарихтағы маңызды оқиға болды. Олар ұлан-байтақ өңірді мекендеген қазақ халқының, қазақ тайпаларының басын бір орталыққа қосып шоғырландыруда, қазақтың этникалық территориясын біріктіруде, қазақтың байырғы заманнан басталған өз алдына жеке ел болып қалыптасуын біржолата аяқтап, оны бір орталыққа бағындырып, аса маңызды және түбегейлі шешуші рөл атқарған оқиға болды.

«Сөздің ең ұлысы – тарих», – деп Ахмет Байтұрсынов атамыз айтқандай, кешегі өткен тарихымызды, тағдырымызды, бүгінгі күнімізді, келер келешегімізді болжап көрсете алатын оқиғамыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кәрібаев Б. Алты алаштың ардағы. Керей мен Жәнібек хандар. Қазақ мемлекетінің негізін қалаушылар болды // Ана тілі. 2-Маусым, 2011.

2. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков: извлечения из персидских и тюркских сочинений // сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин. – Алма-ата, 1969; Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. – Алматы, 2003.

3. Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы // Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Исин А.И.. – Алматы, 2011. – Б. 98-110.

4. Потомки Чингиз-хана. Поднятые на белой кошме // Султанов Т.И. – Алматы, 2001.

5. Ағытаев Н. Время образования Казахского ханства: некоторые аспекты проблемы в историографии и источниках // Отан тарихы. 2006. №1.

6. Жалғабаев Е. Қазақтың арғы атасы: // Қазақ хандығы. – Алматы, Білім, 2009. – Б. 150-160.

## РЕЗЮМЕ

***Жылкышыбаева К.К.,*** *к.и.н,. доцент,*
***Касымбекова М.А.,*** *магистр истории, старший преподователь*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

## ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О КАЗАХСКОМ ХАНСТВЕ

В данной статье рассматриваются вопросы, связанные с важнейшим событием отечественной истории – основанием Казахского ханства. В статье дается обзор историческим исследованиям и источникам, касающихся деятельности основателей Казахского ханства – ханов Джанибека и Керея, также приводятся различные научные точки зрения по данной проблематике. Одним из значимых событий этого года является 550-летие становления Казахского ханства, основы которого были заложены в 1465-1466 годах и изучению которого придается особое значение в казахстанской исторической науке. В статье уделяется большое внимание проблемам укрепления государственности, вопросам внутренней и внешней политики, проводимой первыми казахскими правителями с целью расширения границ и усиления могущества Казахского ханства. Изучение истории становления Казахского ханства, роли отдельных личностей, ханов, несомненно, имеет важнейшее значение для формирования патриотических чувств у молодого поколения и представляет бесценный исторический опыт для будущего нашей страны.

***Ключевые слова:*** Казахское ханство, патриот, история, ханы, основатель.

## SUMMARY

***K.K. Zhylkyshbaeva,*** *Candidate of historical sciences, associate professor*
***M.A. Kasymbekova,*** *master of history, senior lecturer*
*(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

## HISTORICAL SOURCES OF THE KAZAKH KHANATE

This article discusses issues related to the most important event in the motherland's history - the foundation of the Kazakh Khanate. The article provides an overview of historical research and sources concerning the activities of the founders of the Kazakh Khanate – Khans Janibek and Kerey, also provides a variety of scientific point of view on this issue. One of the significant events of the year is the 550th anniversary of the formation of the Kazakh Khanate, whose foundations were laid in the years 1465-1466 and the study of which is emphasized in the Kazakhstan historical science. The article focuses on the challenges of strengthening the state, domestic and foreign policy pursued by the first Kazakh rulers to expand the borders and strengthening the power of the Kazakh Khanate. The study of the history of formation of the Kazakh Khanate, the role of individuals, khans, of course, is essential for the formation of patriotic spirit among the younger generation and is an invaluable historical experience for the future of our country.

***Key words:*** Kazakh khanate, patriot, history, khans, founder.

# ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ
# PEDAGOGY AND PSYCHOLOGY

**ӘОЖ 37.018.2**

## БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ДАМЫТА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

***В. Ерғожаева,*** *оқытушы*
*(Ақтау қ., №11 мамандандырылған физика-математикалық мектебі)*

***Аңдатпа:*** Бастауыш сыныпта дамыта оқыту мәселесі қарастырылған бұл мақалада тұлға қалыптастырудың маңыздылығы айтылады. Оқушының ойын дамытудың түрлі жолдарын қарастыруда әуелі мұғалімнің білімі талапқа сай болуы айтылады. Дамыта оқыту технологиясының теориясын жасауда ғалымдардың пікірлері сараланып, тәжірибеде көрсететін нәтижелік қарастырылады. Психология ғылымында дәлелденген оқыту мен дамыту арасындағы тұтастық әдіс-тәсілдерді шебер қолдануда жемісті нәтиже бермек. Осы тұрғыда, дамыта оқыту сабақтарында баланың ізденушілік-ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталатыны және бұл жүйенің мақсаты 3 құрамдас бөлікті қамтитыны сөз болды. Оқушыны дамытудың жолдары қарастырылып, мұғалім мен оқушының жұмысы айқындалды.

***Түйін сөздер:*** іштей талқылау, жинақтау, модельдеу, мәселені шешу, миға шабуыл.

Білім беруде оқытудың, тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері қоғам дамуымен ілесіп, заманауи бағытта іске асырылуда. Жаңашыл ағымдағы педагогикалық үрдістер, жаңа технологиялар дүниеге келуде. Оқытудағы бұл үрдістер жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал етеді және осы тәжірибені мұғалімнің өзінің игеруі, білімін жоғарылатуы, әлемдік озық үлгіден тәжірибе жинақтауы өте маңызды болып саналады. Қазіргі білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді. Мектепте мемлекеттік білім стандартын жүзеге асыру негізінде оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны тәжірибеге көптеп ендіру, критериалды бағалауды жолға қою, ақпараттық коммуникативтік технологияны меңгеру секілді тың әрекеттер қолға алынуда. Мұғалімдердің білім жетілдіру курстарынан өту арқылы білімін жетілдіру маңызды болып отыр. Сондықтан, оқу-тәрбие үрдісінде жаңа оқыту технологияларын енгізу арқылы оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу ісі, яғни қазіргі таңда сабақ түрлерін түрлендіруге, қолданылатын көрнекіліктердің формаларына өзгеріс ендіру әдіс-тәсілдердің жаңаруымен тікелей байланысты.

Бастауыш білім – бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын және қайталанбайтын кезеңіндегі білім. Сондықтан бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда негізінен дамыта оқыту технологиясы басшылыққа алынады. Себебі, қазіргі оқулықтар дамыта оқыту технологиясы негізінде жазылған. Сондықтан әрбір бастауыш сынып мұғалімі «Дамыта оқыту» технологиясындағы сабақтың құрылымын, әдіснамалық негіздерін толық меңгеріп, өз іс-тәжірибесінде шығармашылықпен қолдана білуі тиіс [1].

«Даму» ұғымының психологиялық анықтамасы – жаңарту үрдісі, жаңаның өмірге келіп, ескінің жоғалуы деген мағынаны береді. Баланың психикасы үнемі диалектикалық жолмен дамып, өзгеріп, бір деңгейден екінші деңгейге өтіп отырады. Оқыту мен дамыту арасында тығыз байланыс бар екенін психология ғылымында дәлелденген. Көрнекті

психолог Л.С. Выготский бұл мәселені түбегейлі зерттеп, бала дамуының төмендегідей екі аймағы болатындығы жайлы ілім ұсынды.

1. Бала дамуының жақын аймағы – баланың тек үлкендердің көмегі арқылы атқара алатын істері.

2. Бала дамуының қол жеткен аймағы – баланың үлкендердің көмегінсіз істей алатын істері [2].

Баланың дамуы бірінші аймақты меңгеру арқылы жүзеге асады. Дамудың қол жеткен аймағы жақын аймақпен өзара қызметтесе отырып, оны игерген кезде дамуға өріс ашылады.

Л.В.Занков ақыл-ой қызметінің төмендегідей көрсеткіштері дамуды іске асырады деп есептейді. Олар байқампаздық, өз ойын еркін жеткізе білу, практикалық іс-әрекеттер атқара білу. В.В.Давыдов ақыл-ой дамуының көрсеткіші ретінде жинақтай, қорытындылай алу дағдысын есептейді [3].

Тұтас алғанда барлық авторлардың даму туралы ойлары оқыту барысында баланың психикасының жаңа сапалық деңгейге көтерілуі дегенге келіп саяды және оның басты шарты ретінде әрекет алынады. Осы теорияларды саралайтын болсақ, ойлауға үйрететін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз.

Дамыта оқыту сабақтағы ерекше жағдай мен мұғалімнің оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынасы. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың ақыл-ойының көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Дамыта оқытудың басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып жалпы дамыту, оның еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жекелік қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, әрі қарай ұшқырлау, тұлғалыққа бағыттау.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады.

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.

2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.

3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл – үшеуі дамыта оқытудың Д.Б.Элконин – В.В.Давыдов жасаған жүйесінің негізгі құрылымдары.

Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Оқушы болған соң, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермейді, алайда әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор.

*Біріншіден* – білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізуі қажет. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы мәселені шешу барысында қиындықтарға ұрынса, олар өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенін сезінеді. Ары қарай сол ақпаратты біле түскісі келеді, сабаққа деген қызығушылықтары оянады, ішкі түрткілері пайда болады.

*Екіншіден* – дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. «Жақсы оқушы», «Жаман оқушы» ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады.

*Үшіншіден* – оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Сол себепті дамыта оқытудағы оқыту әдістері оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды.

*Төртіншіден* – дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді. Мұғалім қалыпты жағдайдан шығып, оқушы ойымен санаса отырып, оқушы өз пікірін ашық айта, ойын дәлелдей, дәйектей алатын, сонымен қатар басқаның да ойын тыңдап, көзқарасын құрметтей білуге үйренген жаңа сападағы білімді меңгеру түрі пайда болады.

Дамыта оқыту технологиясының нәтижелері:

1. Түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
2. Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;
3. Олардың әрқайсысының деңгейін анықтауға болады;
4. Оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік бар;
5. Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді;
6. Оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады;
7. Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады.

В.В. Давыдов «Дамыта оқыту дегеніміз – ақыл-ой дамуының көрсеткіші ретінде жинақтай, қорытындылай алу дағдысы», – дейді. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің осы кезге дейінгі білетін тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезініп, содан барып оның білім алуға деген ынтасы артып, білім алуда әрекет жасайды. Дамыта оқыту жүйесіндегі сабақтардың типологиясы:

- оқу міндетін қою сабағы;
- модельдеу сабағы;
- түсінікті нақтылау сабағы;
- нақтылау сабағы;
- бағалау сабағы.

Дамыта оқыту белгілері:

1. Педагогикадағы түсіндірмелі-көрнекі әдісі алмастырады. Бұл әдіс тұлға дамуымен тығыз байланыста.
2. Дамытудың барлық заңдылықтарын ескереді, жеке бастың өзіндік деңгейі мен ерекшелігіне сәйкестендіріледі.
3. Балаға іс-әрекеттің толыққанды субъектісі болып табылады.
4. Балаға қоршаған ортамен өзара қатынасқа түсетін дербес субъект рөлі беріледі.
5. Тұлғаның барлық қасиетін тұтас дамытуға негізделген.
6. Баланың жақын даму аймағында жүзеге асады.

Осылайша, дамыта оқыту бойынша сабақ кезеңдерінде:

- оқушылар сабақтың мақсат, міндетін өздері анықтайды;
- мәселені шешу жолын іздестіреді;
- жаңаны өздері табады;
- ақылдасады, кеңеседі.

Аталған әрекеттері арқылы әр оқушының мәселені шешу, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктері қалыптасады. Құзыреттілік қалыптастырудың келесі міндеті әр сабақтың өмірлік жағдайлармен байланыстылығы. Бұл орайда құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағдарланған тапсырмалар қолданылады.

Дамыта оқытуда мұғалімнің басты міндеті:

Оқу материалдарын оқушыға дайын күйінде көрсету емес, оқушымен бірлесіп, жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру, оларды шешудің тәсілдерін, жолдарын іздестіру арқылы өз іс-тәжірибесінде қалай қолданады?

1) Оқу әрекетін қалыптастыру, айналадағы дүниемен белсенді әрекеттестік, этикалық, эстетикалық қарым-қатынасқа дайындау, дара тұлғалық адамгершілік қалыптарын меңгерту.

2) Оқу барысында баланың бойындағы дамытуды қалыптастыруды дағдыға айналдыру.

3) Оқу мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу.

4) Сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу.

5) Оқушының сезіміне әсер етіп, логикалық ойын дамыту.

6) Жалпы оқушының жан дүниесін дамыту.

Қорыта келгенде, дамыта оқыту технологиясы оқушы құзыреттілігін дамытуда аса маңызы бар технология.

Бастауыш сыныпта түрлі дидактикалық дамытпалы ойындар, шығармашылық тапсырмалар, жалпы түрлі интербелсенді әдістер қолдану арқылы сабақтарды түрлендіреміз. Математика сабағында логикалық есептер, «миға шабуыл» әдістері арқылы Л.В. Занков теориясында көрсетілгендей, күрделі тапсырмалар ұсынылады. Сонымен қатар оқушылар математикада басқатырғылар, ребустар, лабиринттер, сиқырлы шаршылар шешеді. Дүниетану сабағында қосымша дидактикалық материалдарды кең қолданып, семантикалық картамен жұмыс, салыстырма диаграммасын толтыру, топтау жұмыстары жүргізіледі.

Қазақ тілі бойынша криптограмма шешу арқылы, әріптерден сөз құрау тапсырмасы негізінде оқушы шапшаңдыққа және ойды жинақтауға, сөздік қорды молайтуға бағытталады. Сондай-ақ, «Адасқан сөздер» дидактикалық ойынында оқушылар орны ауысқан сөздерден сөйлем құрайды. «Не артық?» ойыны барысында ерекшеленіп тұрған әріпті атау арқылы байқағыштықты шыңдайды. Баланың сауаттылығымен қатар, ой өрісін, танымын дамытуға аса көңіл бөлінеді. Бұл орайда сөзжұмбақ құрастыру немесе сөзжұмбақ шешу, ребус құрастыру және шешу, шарада, метаграммалар, филворд т.б. жұмыстары жүргізіледі. Білімді тиянақтау кезеңінде шағын тест орындау, пікір айттыру, эссе жаздыруға дайындық жұмыстары, тұжырым жасату секілді ой еркіндігі дағдысын қалыптастыратын тапсырма түрлерін орындау жүзеге асырылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР


1. Бастауыш мектеп методикасы. – Алматы, 1987. – Б. 6-12.
2. Айдосова З. Дамыта оқыту технологиясының мәселелері (қазақ тілі мен әдебиеті). 2004. – Б. 93-7.
3. Молдатаева М. Тілді дамыта оқыту: Бастауыш мектеп. 2000, №3. – Б.4-9.
4. Асқарбаев А., Жазыбаев М., Рахметова С. Бастауыш оқудың тиімділігін арттыру. – Алматы,1975. – Б. 6-47.


## РЕЗЮМЕ


***В.Ергожаева,*** *преподаватель*

*(г. Актау, физика-математическая специолизированная школа №11)*


## ЭФФЕКТИВНОСТЬ В НАЧАЛЬНОМ КЛАССЕ РАЗВИВАЯ ОБУЧЕНИЯ


Эта статья предусматривает о важности формирования личности в развитии преподавания в начальной школе. Образования педагога должно соответствовать чтобы преподавать развивая мышлениям студентам. Было анализировано мнения ученых и заключили выводы о теории развития образовательной технологии. Целостность проверенной науки обучения психологии и развития будет иметь успешных результатов. В этом контексте, развитие обучения уроки исследования сосредоточилась на поведении ребенка и включал в себя 3 компонента. Было рассмотрено пути развития студента и изъяснилась совместная работа преподавателя и студента.



***Ключевые слова:*** внутренняя дискуссия, синтез, моделирование, решение проблем, мозговой штурм.

**SUMMARY**




***V. Ergozhaeva,*** *teacher*
*(Aktau city, Specialized Physical and Mathematical School №11)*



**EFFICIENCY IN PRIMARY SCHOOL DEVELOPING EDUCATION**

This article provides for the issue of the development of primary school teaching speaks of the importance of the formation of the person. Student of the game in different ways initially said to be in accordance with the requirements of the teacher education. Different opinions of scientists to the theory of the development of educational technology, will result in practice. Integrity of the proven science of psychology training and development will continue to use methods of successful results. In this context, the development of learning the lessons of research focus on the behavior and thinking of the child that the aim of the system includes 3 components. Development of a student to be considered and determined by the work of the teacher and the student.



**Keywords:** internal discussion, synthesis, simulation, problem solving, brainstorming.



**ӘОЖ 37.013**


## ТІЛДІК ТҰЛҒАЛАРДЫ МЕҢГЕРТУДІҢ МӘТІНМЕН БАЙЛАНЫСЫ


***Ш.Л. Ерғожина,*** *п.ғ.к.*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*



***Аңдатпа:*** Қазақ тілін оқытудағы мәтіннің рөлі айқындалып, оның құрылымындағы ерекшеліктер айтылды. Мәтін білім алушылардың ойлауы мен тілін, грамматикалық автоматизмін қалыптастырады және жазбаша тілді дамытудағы үлесі зор. Мәтіннің түзілуінің өзіндік шарттары болса, ол мәтіндерді білім алушыларға берілер білімнің мазмұнымен сәйкестендіру мәселесі бірінші кезекте тұрады. Игерілуге тиісті білімге сай мәтіннің таңдалуы – ұстаздың кәсіби шеберлігі. Мақалада тілді меңгертудегі мәтін түрлерін таңдап алудың талаптары және ол мәтіндердің қандай да болмасын білім алушының танымдық дүниесін кеңейтетін, ойын, тілін дамытатындай сипатта болуының маңыздылығы сөз болды. Ғалымдардың мәтін туралы зерттеулері сараланып, қазақ тіліндегі тілдік тұлғаларды меңгертудегі қызметіне талдау жасалды.



***Түйін сөздер:*** тілдік элементтер, текстология, дескриптивтік текстология, тілдік қатынас.


Қазақ тілін оқыту барысында өзіндік ұстанымдарға сүйене, түрлі әдіс-тәсілдердің көмегімен грамматикалық білім меңгертіледі. Білім алушы үшін мағынаны меңгеру кезеңінде мұғалімнің сөзі қаншалықты маңызды қызмет атқарса, іскерлік дағдыны қалыптастыру мақсатында орындалатын әрекеттің алатын орны ерекше. Іскерлік студенттің анализ-синтез, индукция-дедукция жасау, тұжырым шығаруымен қатар, білімін бекіте түседі.

Оқытудағы тәжірибеге сүйенетін болсақ, тілді оқытудың негізгі құралының бірі жаттығу екендігі айқындалады. Қазақ тіліндегі тілдік бірліктерді меңгертуде, ең алдымен, практикалық тұрғыдан жазбаша жаттығуларды аламыз. Жаттығулар игерілген білімге негізделе жүргізіледі. Жаттығулар түрлі мәтіндер арқылы беріледі. Мәтін – тіл бірліктерінің үлкен тұтастығын танытатын ерекше бірлік. Мәтіннің өн бойында дыбыстан бастап, құрмалас сөйлемнің түріне дейін қызмет етіп, өзінің үлкен жүйені құраушы болмысын танытып тұрады. Онысымен де мәтін білім алушылардың ойлауы мен тілін, грамматикалық автоматизмін қалыптастырып, жазбаша тілін дамытуда үлкен орын алады. Студенттердің ойлауы мен тілін дамытуда сөз тіркесінің түрлі белгілері мен түрліше қызметтерін тек сыртқы деректерді көру арқылы ғана

емес, терең тынысты байланыстарды түйсіну арқылы да танылуы қажет. Ол үшін сөз бен сөз тіркесі, сөйлеммен салыстырғандағы өзіндік айрықша белгілері мәтіннің құрамында танытылуы тиімді болмақ. Сөздердің тіркесу қабілеті – олардың өздерінен үлкен тіл бірлігін жасау қызметінен танылады. Жеке сөз келесі жеке сөзбен интонация, орын тәртібі, жалғау, шылау арқылы байланысқа түсе келе, байланыстың белгілі бір түрін туғызады (қиысу, қабысу, жанасу, меңгеру, матасу). Осылай байланысқан сөздер айтылмақ ойдың синтаксистік схемасына барып еніп, тіл бірлігінің келесі жоғары түрі – сөйлем туындауына қатысады. Мәтін құрамындағы сөйлемдердің өзара байланысы оны құрауға негізделеді. Мәтіннің түзілуінің өзіндік шарттары болса, ол мәтіндерді білім алушыларға берілер білімнің мазмұнымен сәйкестендіру мәселесі бірінші кезекте тұрады. Игерілуге тиісті білімге сай мәтіннің таңдалуы – ұстаздың кәсіби шеберлігі. Егер ұстаз бұдан қателесетін болса, оқушылардың білімді игеру сапасы әлсіреуі де мүмкін. Себебі, жаттығу – тілдік категорияларды игертудің бір тәсілі. Тіл білімінің салаларына сай, лексикалық жаттығулар, морфологиялық жаттығулар, синтаксистік жаттығулар орындатылады. Жаттығулардың денін мәтіндер құрайды. Мәтіндерді таңдауға қойылатын талаптар:

1. Мәтін өтілетін тақырыптың мазмұнына сай болуы шарт.
2. Сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сәйкес келуі тиіс.
3. Мәтін білімдікпен қатар дамытушылық мақсатқа сай келуі тиіс.
4. Оқушының бойына сіңіретін тәрбиелік сипаты болуы шарт.
5. Мәтінді құрайтын сөз саны сынып деңгейі нормасын сақтауы тиіс.
6. Мәтінді құрайтын сөйлемдердің түсінікті болуы. Осы аталған талаптар ескеріліп, тиянақты жүргізілген тапсырмалар білімдік дағды қалыптастырып, білімнің сапасын арттыра алады. Мәтін мәселесін ғылымның түрлі саласы өзінше белгілі дәрежеде зерттеп келе жатқаны мәлім. Мәтінді тіл білімі тұрғысынан И.Р.Гальперин, Н.Д.Зарубина, ИА.Новиков, т.б. ғалымдар зерттеді. Тіл білімі ғалымдары мәтінді тілдік талдау нысанасы ретінде алып, оның ішкі құрылысын, ішкі бөлімдерінің байланысу жолдарын, атқаратын қызметін т.б. тілдік ерекшеліктерін зерттеді. Осыған орай тіл білімінде текстология ілімі пайда болды. Ғалымдар текстология ілімінің зерттелуі үш аспектіде жүргізілетінін көрсетеді: 1) текстология теориясы, бұл салада ғалымдар текст жасалуының жалпы заңдылықтарын зерттеп, мәнін, теориясын анықтайды; 2) дескриптивтік текстология, ол мәтінге анализ жасау мәселесін зерттейді және мәтін түрлерін белгілейді; 3) практикалық текстология, ол мәтін қолдану және мәтінді өзгерту, икемдеу т.б. [1] мәселелермен айналысады. Қазақ тілін оқыту барысында қажет мәтінді сұрыптап алу өте маңызды орын алып отыр. Мәтіннің түрлері, оның ішкі элементтері, тілдік элементтердің байланысы, тақырыптың ашылуы, мәтіндегі негізгі ой көрсеткіштері сияқты т.б. ғалымдар анықтаған ұғымдар оқытушыларға үлкен жәрдем береді. Тілді оқыту әдістемесінде зерттеуші ғалымдар мәтін мәселесіне соқпай өтпеген.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің мамандары да бұл мәселемен айналысып жүр. Олардан С.Рахметованы, А.Жапбаровты, Т.Әбдікәрімованы, Ж.Адамбаеваны, А.Күзембаеваны атауға болады. С.Рахметова мәтінмен жұмысты оқушының мәтінді қабылдау әрекетімен байланысты зерттейді де төменгі жұмыс түрлерін ұсынады:

- мәтінді оқушы дұрыс қабылдау үшін, алдымен оқушыны психологиялық жағынан дайындау керек;
- мәтінге байланысты сөздік жұмысын жүргізу;
- шығарманы оқу;
- әңгіменің жоспарын жазу;
- оқыған шығарманың мазмұнын айту;
- шығарманың мазмұны бойынша шығармашылық жұмыстар [2].

Т.Әбдікерімова мәтінмен байланысты жүргізілетін жұмыстың түрлерімен бірге тәрбие мәселесін де байланыстыра қараған. Сондықтан да ғалым мәтінді таңдауға мән берген. Бұл осы еңбектің негізгі ерекшеліктерінің бірі деп қарауға болады. Мәтінмен байланысты жүргізілетін жұмыстың Т.Әбдікерімова 7 түрін керсеткен. Негізінен олардың

көбі С.Рахметова пікірімен сәйкес болғанымен, екі мәселеде ерекшелік бар. Егер С.Рахметова «мәтінді оқуға оқушыларды психологиялық жағынан дайындау» деп алса, Т.Әбдікерімова «тақырып жайында мұғалімнің кіріспе әңгімесі» деп берген. Шындығын да, бұл мәселеде авторлардың пікірі сәйкес десек те, соңғысында мәселені кеңірек алғаны байқалады. Ал, Т.Әбдікерімова «Тілді оқыту» мәселесін қосқан, оны автордың мәтінмен жүргізілетін жұмыс түрлерін кеңейтуі деп қарауға болады. Сонымен бірге оны пайдалы жұмыс түрі деп санаған дұрыс, өйткені бұл мәтіндегі тірек белгі ретінде қаралатын негізгі пікірлерді жинақтауға арналған. Сол арқылы мәтіннің негізгі арқауын қайталау оны бекітуге жатады, ол оқушының мәтінді есте сақтауына көмектеседі. Ғалымдар оқытуға алынатын мәтіндердің стильдік ерекшелігіне де мән береді. Мысалы, Е.Никитина кітап тіліне байланысты әдебиет тілінің стилі, ғылыми стиль, көпшілікке бағытталған ғылыми (научно-популярный) стиль және баспасөз стилі деп бөледі. Ал, оқытуға арналған оқытушы дайындаған мәтіндерді оқу мәтіндері деп бөледі. Оқытуға алынатын мәтін туралы И.Р.Гальперин пікірінде мәтінде білуге тиісті түрлі сөздер, олардан сөйлем құрауға байланысты ойды жеткізуге қажет тілдік жағдай, грамматикалық көрсеткіштер іс жүзінде берілетіні айтылған. Мәтінде тілдің барлық деңгейіне қатысты тілдік тұлғалардың бәрі орын алады. Сондықтан мәтін арқылы тілдің фонетикасын, лексикасын, грамматикасын, яғни морфологиясын, синтаксисін оқытуға болады. Ал, түрлі деңгейдегі тілдік тұлғалардың бәрінің түйісетін орны мәтін екен. Сондықтан да ол тіл оқытудағы басты бірлік (единица) болып саналады. Тілдік тұлғалар бір-бірімен тығыз байланыста өмір сүретіні анық. Мысалы, дыбыс сөз ішінде, сөз тіркес ішінде, сөз тіркесі сөйлем ішінде, ал сөйлем мәтін ішінде қолданылады. Бұл байланыс тілді оқыту кезінде үнемі ескеріліп отырады. Сондықтан дыбыс өзінше, лексика бір бөлек деген сипатта тіл оқытылмайды. Тілдік тұлғалардың байланысы оқытуда да сақталады. Оның анық көрсеткіші – мәтін. Мәтін арқылы тілдік көрсеткіштері өз қызметінде, тілдегі өз орнында көрсетіп, олардың қолданысының үлгісін меңгертуге болады. Ал, ол тілдік көрсеткіштер туралы ереже жаттау емес, сөйлеуге, қарым-қатынасқа жатқызу деген сөз. Мәтінде тілдік тұлғалардың басы түйісіп қана қоймайды, тілдік тұлғалар мәтінде өз қызметін атқарады. Мәтін арқылы студент әр тілдік тұлғаның қандай жағдайда қандай қызмет атқаратынымен танысады, танысып қана қоймайды, оны меңгереді. Ал, тілдік тұлғалардың қызметі тілдің қатынас құралы қызметін атқаруға, ойды толық жеткізуге бағытталады. Сондықтан студент мәтін арқылы тілдің қарым-қатынас құралымен танысады, тілді қарым-қатынаста қолдануға жаттығады, дағдыланады. Мәтін арқылы тілдік қатынастардың барлық түрі үйретіледі. Ол мәтінді оқыту әрекетімен бірге мәтін бойынша әңгімелеу арқылы сөйлеу әрекетіне, мәтін бойынша сұрақ-жауап арқылы тілдесім әрекетіне, мәтін бойынша мазмұндама жазғызу арқылы жазу әрекетіне, мәтін оқумен бірге тыңдау әрекетіне, мәтін туралы ойын жеткізе айту әрекетіне үйретіледі. Ф.Ш.Оразбаева тілдік қатынасқа байланысты сөйлесім әрекеті (речевая деятельность) деп танып, оған төмендегідей анықтама берген: «Сөйлесім әрекеті – белгілі бір ойды, хабарды не деректі баяндау және оны екінші біреуге жеткізу арқылы онымен түсіністікке жету», – дейді [3]. Ал, тілдік қатынасқа байланысты сөйлесім әрекетінің өзін іштей беске бөледі: оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім. Автор бұл сөйлесім әрекетінің әрқайсысына анықтама, суреттеме берген. Бұл арада ғалым-әдіскер дәлелдеген тілдік қатынасқа байланысты сөйлесім әрекеттерінің барлық түрі мәтін арқылы үйретілетінін айту қажет деп білеміз. Бұл айтылғандардан сөйлесім әрекетіне қажет, тілдік қатынас қызметін атқаруға керек тілдік тұлғалардың бәрін мәтін арқылы үйретуге болатыны анықталды. Осымен байланысты мәтін таңдауға белгілі талаптар қойылады. Ол талапты жалпы алғанда үшке топтауға болады:

1. Мәтіннің лингвистикалық мақсатқа;
2. Мазмұнының танымдық педагогикалық ұстамға;
3. Әдістемелік нысанға сәйкес болуы керек. Бұны мәтін таңдауға қойылатын шарттар деп санауға болады. Мәтінге әдістеме тұрғысынан қарағанда, ол дидактиканың заңдылықтарына сай болуы қажет. Дидактиканың негізгі заңдылықтарының бірі –

оқытудың жеңілден ауырға деген ұстанымына негізделуі. Әдістемелік талаптың мәтінге қойылатын тағы бір түрі – жалғастық ұстанымы. Алғашқы мәтіндегі сөздер, тілдік тұлғалар келесі мәтінге жаңа сипатта қоса қолданыс табу керек. Егер әр мәтінде өткен тілдік сипатпен жалғаспаса, онда ол тез ұмытылады. Бұл тілді үйренуге кедергі болып шығады. Сондықтан мәтін таңдауда жалғастық принципі үнемі ескеріліп отыруы керек. Әдістемелік талаптарға мәтіндердің студентті қызықтыратындай болуы жатады. Мәтіннің мазмұнымен бірге оның жас адам жүрегіне әсер ете алатын шынайылылығы мен өткірлігі, әсерлігі де ерекше назарда болуы керек. Мәтіннің үнемі бір сарында болуы студентті жалықтырады. Сондықтан мәтіннің жанрын өзгертіп отыру, күлдіргі әңгімелерді араластыру, тапқырлық үлгілерін көрсету т.б. сол сияқты түрлендірулер мәтін таңдауда, оның берілу жолын іздеуде үнемі ескеріліп отырылады. Оқуға берілетін мәтіндердегі алуан түрлі хабарлар жастар талабына сай, сезіміне қозғаушы күш-қуат беретін, өмірге құштарлығын арттырып, ойына ой қосатын, біліміне білім қосатын, ақылына ақыл қосатын, үнемі алға жетелеп тұратын болғаны дұрыс. Мәтіннің түсініктілігі оның ішкі мағыналық бөлімдерінің байланыстылығына да қатысты. Мәтіннің ішкі бөлімдерінің мағыналық байланысы анық көрініп тұруы өте қажет. Мәтіндерде үлкен шегіністер, мағынаны ашуға алысырақ қатысы бар ұзақ түсініктемелер сияқты басы артық бөлімдер мәтіннің мазмұнын түсінуді қиындатады. Сондықтан мәтінді таңдауда олар да ескерілуі керек. Мәтін атаулының бәрі тілді оқыту бағдарламасына сай алынатын дәлелдеуді керек етпейді. Өйткені мәтін – тілді оқыту құралдарының негізгі бір түрі. Тілді оқыту болса, бағдарлама негізінде жүйелі түрде жүргізіледі. Олай болса, ол мәтінге де қатысты. Екінші жағынан алғанда, мәтін де тілді оқыту жүйесіне лайықталып сұрыпталады. Студент жастардың дұрыс тәрбиеленуі – қоғам келешегінің нық, берік болуының бір көрсеткіші. Бұл мәселеде мәтін мазмұнының өзіндік атқаратын қызметі ерекше.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР


1. Гальперин П.Я. Экспериментальное формирование внимания. – М., 1974. – 234 б.
2. Рахметова С.Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2002. – Б.251 б.
3. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теория және әдістеме. – А., 2002. – 264 б.


## РЕЗЮМЕ


***Ш.Л.Ергожина,*** *к.п.н.*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*


## СПОСОБСТВОВАТЬ УСВОЕНИЮ ЯЗЫКОВЫХ ЛИЧНОСТЕЙ СВЯЗЬЮ ТЕКСТОМ


Рассматривается различная структура и выясняется роль текста в преподавании казахского языка. Текст формилирует мышления, грамматические формы автоматизма и вкладывают важную роль развитию письменного языка студента. Если в контексте преобразуется условия формирования то, прежде всего, будет ставиться вопрос идентификации. Выбор текста с соответствующими знаниями для развития это профессиональное мастерство учителя. В этой статье, требования видам текста в формулировании языка и будет обсуждаться важности расширения образовательной системы студента. Было проанализировано исследования ученых и анализировано обучения языковых норм в казахском языке.



***Ключевые слова:*** языковые элементы, текстология, дескриптивная текстология, языковые отношения.

## SUMMARY

***Sh.L. Ergozhina,*** *cand.ped.sci.*
*(Almaty city, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

## PROMOTE THE ABSORPTION OF THE LANGUAGE PERSON OF TEXT COMMUNICATION

It examines the various structures and the role of the text in turns teaching the Kazakh language. Text formulating thinking, grammatical forms of automatism and put the important role the development of written language student. Unless the context converted formation conditions, first of all, the question will be put identification. Selecting text with the appropriate knowledge for the development of a professional skill of the teacher. In this article, the requirements type text in the formulation of the language and will discuss the importance of increasing the student's educational system. It analyzed research scientists and analyze learning language rules in the Kazakh language.

***Keywords:*** language elements, textual, descriptive textual, linguistic relations.

**ӘОЖ 45.12**

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІГІ

***С.Н. Жиенбаева,*** *п.ғ.д., профессор*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада мектепке дейінгі балалардың танымдық құзыреттілігін қалыптастырудың ерекшелігі талданып, оның бастауыш білім беру сатысымен сабақтастықта жүргізу, ойын іс-әрекетімен байланыстырғанда тиімді жүзеге асырылатындығы айтылады.

***Түйін сөздер:*** құзыреттілік тұғыр, мектеп жасына дейінгі балалар, танымдық құзыреттілік, сабақтастық, ойын іс-әрекеті.

Қазақстан Республиксының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында білім берудің негізгі міндеті – білімдік шоғырландырудан нәтижеге бағытталған құзыреттілік тұғырға көшу екені атап көрсетілген [1]. Білім беру нәтижесінің жаңа типі білім, білік, дағдыны, сол сияқты дербес іс-әрекетіндегі тәжірибесі мен жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған. Қазіргі білім беру жағдайында әлемдік деңгейдегі белгіленген білім беру міндеттерін нәтиже ретінде көру мүмкіндігі туындайды. Осыған орай мектепке дейінгі білім берудегі білім беру нәтижесі денсаулық сақтау, танымдық, қарым-қатынас, әлеуметтік және шығармашылық құзыреттіліктерді көздейді. Бастауыш білім беру сатысында баланың жеке тұлғасын дамыту және қалыптастыруда жаңа тұрғымен қарап, білім, біліктерін өмір жағдайларында қолдана алатын қабілеттерін, негізгі құзыреттіліктер: проблеманың шешімін табу, білімнің ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырып, дамыту көзделіп отыр. Құзыреттілік тұғыры бойынша білім беру прагматикалық сипатта болады және мыналарға бағытталады: тәжірибеден пайдалыны ала білу; өзінің алған білімін өзара байланыстыра білу және оны ретке келтіре алуы; өзінің алдындағы міндеттерін өздігімен шешу біліктілігі.

Педагогика ғылымында құзыреттілік тұғыр негізінде тұлға игеруге тиісті таным, тәжірибе, әрекет тәсілдерінен басқа құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталады. Құзыреттілік тұғыр – білім беру үдерісін ұйымдастыру, ол субъектінің іс-әрекеті арқылы (оқу, таным, ойын және. т.б) өзін-өзі жүзеге асыру құқығына, құзыреттілікті меңгеруге және

пайдалануға негізделген. Бұл үшін «құзырет» және «құзыреттілік» деген ұғымдардың мән-мағынасын ашып алуды жөн көрдік. «Құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдарын, тұлғаның феномен ретінде құзыреттілікке ие болуының мәнін және табиғатын түсінуде А.М.Аронов, Дж.Равен, А.Н.Тубельский, Б.И.Хасан және т.б. пайымдауларының мәні зор. Соның ішінде А.М.Аронов құзыреттілікті тұлғаның белгілі бір әрекетке даярлығы деп қарастыруды ұсынады, құзыреттіліктің іс-әрекеттік негізі қазіргі білімдік және болашақтағы практикалық әрекетті байланыстырады [2]. Ғалымның ойын жалғастырушы. Г.Б.Голуб құзыреттілік тұғырда оқушының белгілі бір өнімі бар іс-әрекеті жатыр, «іс-әрекет – ойлау әрекетінің бөлігі», ал құзыреттілік «бұл – іс-әрекеттің жіктелген, субъектіленген түрі» деп ерекше атап өткен [3]. Бұл құзыреттілікті іс-әрекеттік категория деп түсінуге мүмкіндік береді. Автордың пікірінше, ол субъективтіленген, яғни жеке іс-әрекет тәжірибесінен өткен, субъективті тәжірибеге айналған. Сонымен, құзыреттілік – оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушылардың білімді, біліктілігін, дағдыны және әрекеттің барлық тәсілдерін меңгеруі, білім берудің нәтижесі.

И.А.Зимняя танымдық әрекеттің құзыреттілігі: танымдық міндеттерді қоя алуы және оны шешуі; проблемалық жағдаяттан шыға алуы; өнімді және репродуктивтік танымы, зерттеушілік қабілеті; зияткерлік тапсырмаларды шешуі және іс-әрекеті, оқи алу біліктілігімен анықталады [4]. М.А.Холоднаяның пікірімен бөлісе отырып, зияткерлік іс-әрекет бұл әрбір баланың зияткерлік мүмкіндігі мен қабілетін дамыту мақсатында көрсетілетін жеке дара көмек берудегі оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру формасы [5]. Зияткерлік дамудың басты белгісі ретінде белгілінің шеңберінен шыға алуы, қоршаған заттардан жаңаны байқауы және олардың арасындағы байланысты түсінуі, жаңаны зерттеу амалын іздеуі. Бұл қабілет тек ойдың қызметі ғана емес, тұтастай танымдық құзыреттілік ерекшелігін көрсетеді.

И.А.Зимняяның пікірімен келісе отырып, құзыреттілік тұлғаның бастамашылдық өмір тіршілігі негізінен тұрады. Автордың ойынша, тек оқып қана қою емес, жеке танымдық ресурстарды кеңейту және күрделендіру қажет. Тек біліп қою ғана емес, білімді қолдану, ұйымдастыруы және меңгерудің тетігін білгенге тиімді болады. Ойын үрдісінде бұл білімдер жаңа деңгейге көтеріледі: тілдік қарым-қатынасқа түсіп, өзінің ойын жалпылайды, жаңғырады және жетіледі. Ойындағы баланың қарым-қатынасы олардың өзара білімдерін толықтыруға, пікірлерімен алмасуға ересектердің кеңесіне жүгінуіне, қосымша ақпарат алу көздеріне сүйенуге ықпал етеді [4]. Мысалы: шығармашылық ойындар өздерінің табиғатынан балалардың бұрынғы біліміне сүйеніп, қоршаған өмірден алған әсерлерін бейнелейді. Біздің көзқарасымызша танымдық құзыреттілігін қалыптастыруда оқу іс-әрекетінің алғышарты ретінде ережелі ойындардың орны ерекше. Оған мазмұны мен педагогикалық бағыттағы үстел үсті, қимыл-қозғалыс, ұлттық ойындары жатады.

Бұл ойындар түрлі білімдерді меңгертуге, зейіні мен есте сақтауын дамытуда, арнайы қимыл-қозғалыс, танымдық және зияткерлік қабілеттерін жетілдіруде маңызы зор. Ережелі ойындарда бірнеше қатысушылардың қатысуы серіктестерімен бірлесіп әрекет ету біліктілігін дамытуда мәні бар. Мектеп жасына дейінгі балалар ойын ережесін жеңіл есте сақтайды, өзінің және басқалардың әрекетін бақылай алады, бірлескен әрекетті реттеп отыру амалын үйренеді. Мысалы: ойындағы балалардың кезегін сақтау үшін санамақ және т.б. тәсілдерді меңгерсе, өздерінің табыстарына және сәтсіздіктеріне адекватты түрде қарауға қалыптасады.

Бірлескен ережелі ойында көптеген әлеуметтік түсініктер, оның ішінде шыншылдық және әділетсіздік туралы түсінік алып, өзіне-өзі баға беруі дамиды. Атап отырған сапалар балалардың оқу іс-әрекетін қалыптастырудың алғышарты бола алады. Бала саналы түрде ережеге бағынуға, оның үстіне олар үшін ішкі түрткімен іске асады. Ережеге бағыну қабілеті және сыртқы ереженің ішкіге айналуы оқу іс-әрекетінің қалыптасуында маңызы зор. А.Н.Леонтьев пікірінше, ережені игеру ол өзінің мінез-құлқын меңгеруі, оның белгілі бір міндеттеріне бағынуы дейді [6].

Мектептегі оқуға көшу кезінде бұл қабілеттер баланың оқу міндеттері мен мақсаттарын орындауда белсенділік көрсетуіне негіз болады. Ережелі ойында бала тек өзінің нәтижесіне емес, нәтижеге жетудің амалына мән бере бастайды. Бала мектепке келгеннен кейін де ойын іс-әрекеті арқылы оқыту негізінде танымдық құзыреттілігін қалыптастыруды жалғастырады. В.А.Сухомлинский «Мектеп бала өміріне нұқсан келтірмейтіндей болуы керек. Бала оқушы бола отырып, кешегі жасағанын бүгін жасауын жалғастыруы шарт. Бала үшін жаңа бірте-бірте келіп, әсерін бұзбасын» деп мектепке дейінгі ұйым мен мектептің арасындағы сабақтастықты сақтауды ескертеді [7].

Қазіргі заманның педагогикалық сөздігінде сабақтастық  бұл ескі мен жаңаның және жаңа мен ескінің өзара байланысы, тиісті компоненттердің ұйымдасқан өзара әрекетінің арқасында осы байланыс жағдайында туындайтын қайшылықтар ретімен шешіледі.

Сабақтастық мәселелерін шешуде психологтар В.Г.Онушкина, З.А.Мукашева тұлғаның құрылымы мен қажеттіліктеріне, түсіну үшін әр жас ерекшелігіне тән нақты даму жағдайын ескеру қажет деген қағидаларының маңызы зор. Тұлғаның өмірлік жолының тұтастығын, үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін жас кезеңдерін бөле отырып, әр кезеңнің тұлғаны дамытудағы рөлін ғылыми түрде негіздеді, әр кезеңнің келесі кезеңге қалай дайындайтынын және оған қалай әсер ететінін көрсетті [8]. Сабақтастық түрде оқу іс-әрекеті адамның ойлау қызметінің психологиялық заңдылықтарына негізделеді. Ол ойлау қызметінің бір кезеңінен екіншісіне күрделі түріне өту қажеттілігін тудырады. Сабақтастық психологиялық деңгейде бала дамуының жас ерекшелігіне және психологиялық заңдылықтарына байланысты болады.

Қазіргі білім жүйесінде, оның құрылымы мен қызмет етуінің негізгі ұстанымдарында сабақтастықты жүзеге асыратын шынайы мүмкіндіктер бар: бұл барлық оқу-тәрбие мекемелерінің мемлекеттік және қоғамдық сипаты ұстанымы, білім беру жүйесінің тұтастығы мен барлық оқу орындарының сабақтастығы ұстанымы.

Қазақстандық С.Смайлов, М.С.Керімбаева, А.М.Мұбараков, Т.О.Оспанов, Ұ.Б.Төлешева және тағы басқалар өз зерттеулерінде білім беру жүйесіндегі сабақтастық мәселесіне, өзіндік көзқарастарын ұсынады. А.М.Мұбараковтың пайымдауынша, үздіксіз білім берудегі педагогикалық үдеріс диалектикалық тұрғыда дамиды. Оның барлық компоненттері өзара шартты және сабақтастық байланыста [9]. Педагогикалық үдеріс үздіксіз және дискреттікті бірлікте: бір жағынан, балалардың дамуында сандық өзгеріс болса, екінші жағынан, басқа сатыға сапалық көшу болады. Соның ішінде Ұ.Б.Төлешева мектеп пен университет арасындағы кіші мектеп жасындағы балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы сабақтастықты «төменгі сатыдағы алған білімін, меңгерген дағдыларын, қалыптасқан тәлімдік нормалары мен ұстанымдарын білуге, үйренуге, түрлі іс-әрекетті орындау әдіс-тәсілдерін меңгеруге деген ішкі сезімдерін (ынта, ықылас, ниет, түрткі, тілек, қажет т.с.с.) жоғары сатыда жаңа деңгейде ары қарай дамыту» деп тұжырымдаған. Мұнан шығатын қорытынды: танымдық іс-әрекеті сабақтастық дамудың әртүрлі кезеңдерінің, сатыларының ерекше байланысы, оның мәні жүйе ретінде өзгергенде кейбір бөліктердегі немесе құрылымындағы кей тұстар сақталып қалып, жаңа құбылыста әрқашан алдыңғы даму кезеңінің бөлшектері сақталып, балалардың еңбектегі тәжірибесіне негіз болады.

Үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатылары мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш мектептегі оқытудың мазмұны, формасы, әдістерінің сабақтастығын К.Р.Исаева, Т.А.Плотникова, Г.В.Быховец, В.А.Завалько дамыту мәселесін Р.Наурызбаева зерттеген. Зерттеулерге жүргізілген теориялық талдау білім беру үрдісіндегі сабақтастықты әрбір сатыдағы оқыту үрдісінің өзіндік ерекшелігі және сабақтастық сипатын әртүрлі қырынан қарағандығын байқадық. Соның ішінде мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш мектептің сабақтастығы білім беру мазмұнының құрылымын, компоненттерді, белгілі бір идеяларды немесе білім берудің барлық буынындағы бірізділікті көрсету үшін қолданылады. Мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш мектептің бағдарламалары балалардың танымдық құзыреттілігін қалыптастыруда мүмкіндігі сақталған. Бірақ біздің пікірімізше, практикада бағдарламаның әлеуеті  толық пайдаланылып отырған жоқ. Оның басты себебі тәрбиешілер мен мұғалімдер танымдық материалдарды оқытуда және

қолдануда құзыреттілік тұғырын қолдануы жеткіліксіз. Барлық уақытта оқу-тәрбие үрдісінде ойын әрекеті қолданыла бермейді.

Хореограф – профессия сложная. Хореограф, работающий в общеобразовательной школе с разновозрастными детьми – профессия сложная вдвойне. Ведь кроме обычных трудностей, всегда сопутствующих освоению классического танца, кроме необходимости решать большие воспитательные задачи, учитель хореографии должен чрезвычайно умело разбираться в возрастных особенностях своих воспитанников.

Поэтому главная задача педагога в первые годы обучения классическому танцу заключается в том, чтобы наряду с изучением основных форм и движений, предусмотренных программой, развить у учеников интерес к классическому танцу, дать им элементарные представления о его красоте, об эстетике.

Необходимо также развить у учеников сознательное, вдумчивое отношение к занятиям, чтобы они могли более активно работать на уроке и знали, на что особенно важно обращать внимание в том или ином упражнении.

Важной задачей первых лет обучения хореографии является освоение азбуки классического танца. Развивается выворотность ног, танцевальный шаг, правильная постановка корпуса, гибкость, устойчивость, лёгкий высокий прыжок, чёткая координация движений. Всё это – элементы, необходимые для дальнейшего развития техники и навыков.

Исходя, из этих задач целесообразно рекомендовать с самого начала обучения периодические посещения учениками вместе с педагогом уроков хореографии средних классов, для того, чтобы учащиеся получили представление о том, чем им предстоит заняться в дальнейшем. На первом уроке целесообразно проводить беседу о танце, о его красоте и выразительности, об обязательной согласованности движений; рассказать о том, как дети должны себя вести, занимаясь классикой (реагировать на замечания, сделанные другому ученику, запоминать замечания и т.п.). На первых порах обучения урок следует строить так, чтобы добиться, возможно, большего разнообразия в чередовании и перемене упражнений – упражнения лицом к палке, переход на середину, возвращение к палке и т.п.

Это необходимо для того, чтобы учащиеся не приучались механически выполнять движения, а работали в состоянии сосредоточенного внимания. Кроме того, такой урок не будет однообразным и скучным.

Время на упражнения у палки и на середине зала должно быть по возможности распределено равномерно, например: 10-15 минут – упражнения у опоры, 10-15 минут – на середине зала и т.д. Учитывая это, каждый педагог, руководствуясь своим опытом, рационально распределяет время урока.

Показав и объяснив учащимся то или иное упражнение, необходимо указать на самое главное в его исполнении. Индивидуальный опрос учащихся – устный и с показом – необходимо проводить систематически. Кроме индивидуальных замечаний полезно останавливать класс во время исполнения того или иного упражнения и проверять правильность положения ног, корпуса, рук – одновременно у всего класса. Следует также спрашивать ребят, в чём ошибка того или иного ученика и как её надо исправить. Систематическое повторение с учениками пройденного материала тренирует и улучшает качество исполнения.

Показ педагогом всех движений должен быть точным и аккуратным, что особенно важно в младших классах. В противном случае, как показывает практика, учащиеся будут выполнять упражнения неряшливо и неточно.

Все французские термины преподавателю следует переводить на русский язык и систематически проверять усвоение их учащимися.

Для развития у учащихся выразительности, фантазии и артистичности следует на протяжении первых лет обучения (начиная примерно с конца первого месяца) практиковать простейшие этюды на смену настроения.

При музыкальном оформлении педагогу не следует считать вслух на уроке, так как это притупляет музыкальное восприятие ученика. Объяснив ученику, в каком размере и темпе делается данное упражнение, необходимо дать ему возможность вслушиваться в музыку. Считать вслух допустимо только вначале обучения нового упражнения. Особенное внимание должно быть обращено на качество музыкального оформления урока начального обучения, необходимо остерегаться сведения его к сухому отбиванию такта-счёта. Музыкальное оформление должно прививать учащимся эстетические навыки, осознанное отношение к музыкальному произведению – умение слышать музыкальную фразу, ориентироваться в характере музыки, ритмическом рисунке, динамике. Весь урок должен быть построен на музыкальном материале. Переходы от упражнений у опоры к упражнениям на середине зала, а также поклоны при входе в класс и после окончания урока должны быть музыкально оформлены, чтобы дети привыкали организовывать свои движения согласованно с музыкой. Качество музыкального оформления уроков хореографии во время занятий классическим танцем в младших классах должно находиться на высоком уровне, т.к. именно здесь дети знакомятся с музыкой в её связи с движением. Поэтому крайне важно дать учащимся с самого начала правильное представление о принципах и закономерностях этой связи.

Последующие годы обучения – средние классы – наряду с развитием выносливости, силы и устойчивости воспитывают более свободное владение корпусом, движением головы и особенно рук, которые должны быть не только пластичными и выразительными, но и активно участвовать в исполнении прыжков. Для достижения этого в уроки средних классов вводятся комбинации с различными, более сложными сочетаниями движений и связующие движения например: pas de bouree, passe и т.д. В целях выразительности танца следует добиваться различия в исполнении основных и связующих движений. Задача последних выделить основное движение упражнения. Однако слишком увлекаться комбинациями движений не следует. Главное – качество исполнения. Поэтому новые движения программы средних классов изучают обязательно в чистом виде. Если движение трудное, и достичь правильного исполнения сразу нельзя, изучают сначала его элементы. Только в этом случае движение будет по-настоящему усвоено. Экзерсис у опоры в средних классах полезнее

исполнять (у опоры) en face. Положение epaulement в какой-то мере затрудняет правильную постановку корпуса, а значит, и выработку устойчивости.

На середине зала, напротив, упражнение следует выполнять epaulement, это воспитывает танцевальность. Чередую переходы из epaulement в en face и обратно, надо внимательно следить за правильностью поворотов корпуса и движений ног.

Технические трудности в средних классах возрастают. Программу средних классов необходимо распределить с учётом возрастающих трудностей движений. Обязательно учитывать время, необходимое для их усвоения. В комбинациях выделяется основное движение. Не следует перегружать комбинации большим количеством разных движений. Систематический тренаж, точное выполнение методических правил – залог хорошего усвоения программ.

Музыкальное сопровождение упражнений классического танца на уроках хореографии в средних классах следует ещё больше разнообразить. Характер музыкальных ритмов меняется в ходе занятий. Когда изучается новое движение или отдельные его элементы, ритм должен быть простым. В комбинациях же можно варьировать ритмический рисунок внутри такта, особенно в прыжках.

Для слитности исполнения с музыкой, необходимо обратить внимание на подготовительное движение, на «затакт», помня при этом, что любой «затакт» определяет темп всего упражнения. Современное поколение педагогов классического танца оснащено разнообразными теоретическими знаниями. Многие известные педагоги имеют свой практический опыт.

Тем не менее, начинающий педагог часто сталкивается с трудностями в работе с учениками. В какой последовательности изучать те или иные движения, сколько раз движение должно быть повторено в учебном примере, какие движения целесообразнее сочетать в одной комбинации, как построить урок в целом?

Эти и многие другие вопросы встают перед начинающими педагогами. Мы почти не знаем, как строили свои уроки, как добивались замечательных результатов знаменитые педагоги прошлого. История донесла до нас лишь описание методов преподавания Карло Блазиса и один из уроков Ф.Тальони. Ученицы А.Я.Вагановой, конечно, хранят в памяти её уроки, но лишь два урока полностью зафиксированы в её книге «Основы классического танца». Уроки А.М. Мессерера могут лишь частично служить ориентиром для педагогов, так как они рассчитаны не на учащихся, а на артистов балета.

Записи уроков многих других выдающихся педагогов (Вазем, Легата, Тихомирова, Собещанской), к сожалению, не систематизированы и не опубликованы и поэтому не могут быть достоянием педагогов наших дней. Единственным учебным пособием для педагогов служит уже много лет книга В.С.Костровицкой «100 уроков классического танца».

Обучение классическому танцу начинается с экзерсиса. В экзерсисе разносторонне развиваются мускулатура ног, их выворотность, шаг и plie (приседание) постановка корпуса рук и головы, координация движений. В результате систематических тренировок фигура приобретает подтянутость, вырабатывается устойчивость.

Экзерсис начинается у палки, затем, по мере усвоения движений переносится на середину зала. За упражнениями на середине зала следует adagio и allegro. Навыки, приобретённые учащимися в экзерсисе, должны поддерживаться систематическими тренировками, основанными на строгих методических правилах.

Нагрузку в течение урока следует распределять равномерно во всех упражнениях. Если преподаватель находит необходимым увеличить количество повторений какого-либо движения, то следующее упражнение следует сократить, так как всякая физическая перезагрузка вредна: она приводит к расслаблению мышечной системы и связок, в результате чего легко можно повредить ноги. Последовательность экзерсиса не должна быть случайной. В зависимости от степени трудности, следует учитывать полезное и логическое сочетание движений, не соединяя их в комбинации только ради рисунка движений.

Экзерсис у станка содержит много трудных движений. Поэтому считается правильным рекомендовать ученикам возможность разогревать мышцы и связки до начала урока, особенно в средних классах. Для младших классов бывает достаточно обыкновенной разминки по кругу в начале урока. Это даёт возможность вести работу у станка более эффективно

Экзерсис у станка в младших и средних классах должен занимать примерно одинаковое время, а именно 15 минут. Это объясняется тем, что если в средних классах увеличивается объём движений, то одновременно увеличивается и темп исполнения. А в младших классах, давая минимум движений, особое внимание обращаем на их отработку, что требует много времени.

В школе экзерсис у станка носит учебный характер. Движения должны так сочетаться в комбинации, чтобы можно было закрепить пройденный в предыдущих классах материал, дать возможность учащимся грамотно исполнить движения и контролировать своё исполнение. В тоже время именно у станка разучиваются новые сложные движения, которые затем составляют основу экзерсиса на середине зала.

Существуют разные точки зрения на то, с какого движения следует начинать урок классического танца. Одни (это традиция идёт от Карло Блазиса, и к ним принадлежала А.Я. Ваганова) считают, что начинать экзерсис у станка надо с plié. Другие педагоги начинают урок с battement tendu, так делал, в частности известный педагог Н. Легат. Но чаще всего урок начинается с demi-plié и grand–plié, они сочетаются с различными видами port de bras. Это большая по длительности комбинация. Важно включить в работу и ноги, и весь корпус. Demi-plié, растягивая ахил, готовит стопу для дальнейшей нагрузки на неё, grand–plié растягивает и укрепляет мышцы, работающие на выворотность бедра. Обычно port de bras даются после rond de jambe par terre, мы же даём их в первом упражнении в частности 1-е port de bras, так как оно хорошо включает в работу мышцы самого корпуса. Второе и третье упражнение – battement tendu и battements tendus jetés. В этих упражнениях приобретаются постановка ног, выворотность, активно вводится в работу все группы малых и больших мышц. Это основные движения, тренирующие и вырабатывающие силу ног.

Battements tendus jetés органически связаны с battements tendus, поэтому исполняются непосредственно за ними. Темп исполнения, по сравнению с battements tendus, ускоряется в два раза.

Четвёртое упражнение – rond de jambe par terre. Это движение, наиболее эффективное во всём экзерсисе, выполняет функции, направленные на развитие вращательной подвижности тазобедренного сустава, от которой зависит диапазон выворотности ног.

Следующее движение battements fondu, связано с проработкой одного из основных приёмов классического танца-plié-relevé. От правильного исполнения его зависят устойчивость во всех позах и положениях в adagio, качество прыжка. Это первое движение, в котором опорная нога поднимается на полупальцы, подготавливаясь к дальнейшей, более усиленной работе. Fondus вырабатывает мягкость приседания и эластичность. Эти движения можно сравнить с растяжением и сдержанным сокращением тугой резиновой ленты.

К battements присоединяются или идут следом за ними frappés и double frappés, которые исполняются резко и энергично. Это приучает мышцы и сухожилия быстро (контрастно) переключаться с мягких, плавных движений на резкое стаккато. Самое трудное движение экзерсиса – battements développés исполняется на 90º и выше и требует всесторонней подготовки.

Développés развивает шаг и силу бедра, что помогает удерживать ногу на предельной высоте. Développés подготавливает тело к adagio на середине зала, а также к прыжкам, где сила бёдер необходима при толчке от пола и мягкому полуприседанию после прыжка.

Упражнение, завершающее экзерсис – grands battements jeté (большие батманы). Они развивают шаг значительно активнее, чем développés: большой энергичный бросок ноги способствует развитию внутренних бедренных мышц и сухожилий, усиливает работу тазобедренного сустава, что является главным в развитии шага. В конце экзерсиса полезно

дать комплекс разнообразных растяжек для развития шага и выворотности, усложняя его port de bras. Большая нагрузка падает на экзерсисе на опорную ногу, сильно втянутую, выворотную и принимающую на себя тяжесть всего тела. Корпус во всех упражнениях находится в вертикальном и подтянутом положении, за исключением моментов, когда его наклона, перегиба или поворота требует комбинация.

В движениях рук по позициям и в позах вырабатывается мягкость. Подготовка рук и закрепление правильной формы происходит главным образом на второй позиции.

Всевозможные наклоны и повороты головы сопровождают все движения экзерсиса, начиная с первого упражнения у станка. Темп экзерсиса у станка должен быть предельно спокойным. Важно проработать каждое движение, закрепить пройденное, постоянно стремиться и добиваться выворотности и абсолютной правильности исполнения движений. Медленный темп даёт возможность достичь этого. Но строить весь экзерсис в медленном темпе нельзя. Помимо чередования медленного и быстрого темпов, полезно иногда выполнить комбинацию сначала в медленном темпе, а затем повторить её в быстром темпе.

Не рекомендуется во время экзерсиса у станка делать большие паузы между упражнениями.

Необходимо помнить, что одна из задач экзерсиса – это сила мышц и выносливости. Некоторые педагоги останавливают урок, подробно объясняют ошибки, поправляют учеников. На это уходит много времени, паузы нарушают правильный темп ведения экзерсиса, сводят на нет эффективность исполненных до этого упражнений. Объяснять и повторять движение, поправить ошибки можно и нужно по ходу исполнения. А также в паузе после окончания экзерсиса у станка.

Экзерсис на середине зала имеет такое же значение и развитие, как и экзерсис у опоры. Последовательность его в основном та же. На середине зала он значительно сложнее, т.к. следует сохранять выворотность ног и равновесие тела без опоры. Правильное распределение центра тяжести подтянутого корпуса на двух или одной ноге, ровные бёдра и, в особенности, подтянутое и выворотное бедро работающей ноги – основные условия для овладения устойчивостью.

Работая перед зеркалом, не следует сосредотачивать внимание на какой-либо отдельной части тела, – необходимо охватывать взглядом всю фигуру, следя за правильностью формы и положения ног. Но кроме зрительного восприятия должно быть ощущение всего тела, его собранности и подтянутости.

Движения adagio изучаются постепенно. Сначала отрабатываются: développé и port de bras, исполняемые в медленном темпе на всей ступне. В процессе обучения темп adagio несколько ускоряется.

Allegro (прыжки) – самая трудная часть урока. Всё, что вырабатывается экзерсисом и adagio, непосредственно связано с прыжками и во многом способствует их развитию. И особенное внимание следует уделять прыжкам. Прыжок зависит от силы мускулатуры ног и особенно от силы бедра. Самое же главное – уметь во время отталкиваться от пола с plié. Сохранять одновременность броска работающей ноги и толчка опорной, подтянутость корпуса, оказать помощь руками и ощутить собранность всего тела перед прыжком, в момент прыжка и его окончании на demi plié.

На каждом уроке тщательно прорабатываются все виды прыжков – маленькие, средние и большие. Педагог должен разъяснять ученикам, в чём разница между маленькими, средними и большими прыжками, а так же дать почувствовать особенности партерных, стелющихся прыжков и воздушных, устремлённых в высь.

Первые прыжковые комбинации должны состоять из маленьких прыжков с двух ног на две, подготавливающих ноги к более трудным с маленьким прыжкам на одну ногу. Переход от маленьких прыжков к средним прыжкам и большим должен быть постепенным, несложные большие прыжки комбинируются с маленькими.

Музыкальное оформление играет в прыжках значительную роль, т.к. музыкальный рисунок должен подчёркивать различный характер прыжков.

В заключении можно сказать что, существует точка зрения, согласно которой в педагогическом процессе воспитывающая и обучающая деятельность, организуемая педагогами. Она отличается от любой другой человеческой деятельности, что в ней «цель в субъекте» имеет первичное, первостепенное значение, а «цель в продукте» как бы подчиняется ей, а не наоборот, хотя это подчинение носит относительный характер. Это означает, что деятельность воспитанников, учеников организуется, прежде всего, ради обеспечения возможности их личностного и индивидуального развития, которому способствует их активное, деятельное овладение опытом взаимодействия с окружающим миром.

Следовательно, при организации учебно-воспитательной деятельности педагог предусматривает два вида результатов: регистрируемые (очевидные) и нерегистрируемые (неочевидные), тесно взаимосвязанные.

Можно проследить очевидные результаты. С этой целью периодически проводятся зачётные уроки. Здесь можно во время увидеть слабые места в программе обучения, что-то изменить. Скорректировать, а так же увидеть слабые и сильные места в работе каждого ребёнка. В конце учебного года каждый класс даёт открытый урок для родителей. В работе педагогами используются такие методы измерения образовательных результатов, как: опрос, анкетирование, наблюдение, беседы с детьми, родителями, классными руководителями; просмотр видеозаписей концертов; фотографирование детей на уроках и концертах; участие в смотрах художественной самодеятельности, где учащиеся занимают первые места.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Ивинг В.П. Хореографическая работа со школьниками – часть 1 глава 2. – М., 1985. № *2*.

2. В. Конорова – Введение, часть 1, главы 1 и 4. Хореографическая работа со школьниками; изд министерства просвещения РСФСР. – Ленинград 1958.

3. Базарова Н., Мей В. Азбука классического танца. – Ленинград: Искусство. 1983. – С. 75.

4. Ваганова А.Я. Основы классического танца. – Ленинград: Искусство. 1963. – С. 87.

## ТҮЙІНДЕМЕ

***Л.М. Кремер**, профессор*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

## КӨРКЕМӨНЕРПАЗДАР ТОБЫНЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ БИ КОМПОЗИЦИЯСЫ МЕН БОЛАШАҚ ХОРЕОГРАФИЯ МАМАНЫН ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада көркем өнерпаздық ұжымдардың жетекшілеріне, классикалық биді оқып үйрету әдістемелерін меңгеру жолдары қарастырылады. Сонымен қатар бүгінгі күні жас хореограф мамандарын болашақ ұстаз педагог ретінде даярлау мәселелері қарастырылады.

***Түйін сөздер*:** шебер, суретші, туындыгер.

## SUMMARY

***L.M. Kremer,** professor*
*(city Almaty, Kazakh State Women`s Teacher Training University)*

## COMPOSITION CLASSICAL DANCES IN AMATEUR AND ITS IMPORTANCE IN TEACHER TRAINING CHOREOGRAPHY

The task of the teacher in the early years of learning classical dance is that along with the study of basic forms and movements in the program, the students develop an interest in classical dance, to give them a basic understanding of its beauty, the aesthetics. It is also necessary to

develop in students a conscious, thoughtful attitude to employment, so that they can work more actively in class and know what is particularly important to pay attention in a particular exercise.

***Key words*****:** master, artist, creator.

**ӘОЖ 78.398**

**МАГИСТРАНТТАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ПРАКТИКАЛАРЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ**

***Ш.Б. Кульманова,*** *п.ғ.д., профессоры*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік*
*қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада магистранттардың музыкалық білім мамандығы бойынша педагогикалық және зерттеу практикаларын өткізу туралы жан-жақта талданады. Педагогикалық және зерттеу практикалары «Музыкалық білім» мамандығы бойынша оқып жатқан магистранттардың білім әлеуеттерін, тәжірибе жүзінде және ғылыми тұрғыда ойлау қабілеттерін тереңдетуге, ой-саналарын дамытуда және кәсіптік құзыреттітіктерінің өсуінде үлкен орын алады.

***Түйін сөздер*****:** магистратура, магистрант, музыкалық білім, педагогикалық практика, зерттеу практика, өндірістік практика, мақсат, міндеттер, портфолио, есеп, практика жетекшісі, ғылыми жетекші, құзыреттілік.

Қазіргі кезеңде елімізде білім беру саласында болып жатқан түбегейлі өзгерістер, жоғары мектеп 6М010600-Музыкалық білім мамандығы бойынша білім беру үрдісінің сапасын, болашақ мамандардың кәсіптік деңгейін көтеруді талап етеді. Осыған орай болашақ педагог-музыканттардың алған білімдерін тәжірибе жүзінде пайдалану, заманауи оқыту мен ақпараттық технологияларды игеру, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, кәсіби білімі мен шеберлігін жетілдіру және үнемі ізденіс үстінде жүруіне педагогикалық және зерттеу практикаларының ықпалы жоғары деп айтуға болады.

Музыкалық білім беру саласында жоғары кәсіби мамандарды даярлауында магистранттар практикасы ең маңызды, қажетті кезең. Ол болашақ мамандығы бойынша құзыреттілігі мен оқу үрдісінде практикалық іскерлік (білік) пен дағдылар түрінде алынған магистранттардың теориялық білімдерін бекітуге бағытталған.

Мамандық бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу бағытына байланысты магистранттар келесідей практика түрінен өтеді.

«Ғылыми және педагогикалық» бағытындағы магистратураның оқу мерзімі екі жыл. Біздің университеттің жұмыс оқу жоспарында, осы бағыттағы магистратураның педагогикалық және зерттеу практикаларына 3 кредиттен берілді.

«Бейіндік» магистратураның (оқу мерзімі – 1,5/1 жыл) өндірістік және зерттеу практикаларына 2 кредиттен берілді.

Ғылыми және педагогикалық магистратурада педагогикалық практика магистранттардың таңдап алған пәні бойынша практикалық іскерлік пен оны оқыту әдістемесін меңгеруді қалыптастыру мақсатында жүргізіледі.

Осы бағыттағы зерттеу практикасы магистранттарды отандық және шетелдік педагогикалық ғылымдардың жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің қазіргі жаңа әдістерімен, эксперименттік мәліметтерді өңдеу және талдау, экспериментті жүргізуді таныстыру мақсатында жүргізіледі.

Бейіндік магистратураның өндірістік (орындаушылық) практикасы магистранттардың мамандық пәндері бойынша оқу үрдісінде алған теориялық және практикалық білімдерін

бекітуге, практикалық орындаушылық іскерлігі мен құзыреттілігін қамтамасыз етуге, сонымен қатар алдыңғы қатарлы тәжірибені меңгеруге бағытталған.

Ал зерттеу практикасы магистрлік диссертация тақырыбы бойынша эксперименттік зерттеулерді жүргізуге дағдыландыру мақсатында өткізіледі.

Әрбір бағыттағы өндірістік практика талаптарына сай магистранттардың оқу-тәрбие үрдісін жобалауға, музыкалық-орындаушылық пәндер бойынша лекциялық-практикалық және жеке сабақтарды талдау, жобалауға жүйелілік қатынасты қалыптастыруға, педагогикалық еңбек пен ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің аса маңызды элементтерін қалыптастыруға мақсатталған.

Практиканың барлық түрі магистранттардың ғылыми-теориялық және практикалық даярлығының арасындағы тығыз байланысты меңгертуді, мамандық бойынша алғашқы тәжірибе беруді және ғылыми-педагогикалық зерттеудің қажетті дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етуге бейімделген.

Практика түрлерінің толық курсын өткеннен кейін магистрант жобалау, ұйымдастыру, өзін-өзі талдау, өткізген лекциялық-практикалық немесе жеке-орындаушылық музыкалық пәндерді талдауда, ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік құжаттарды безендіруде, алынған ғылыми және практикалық білім, дағды, іскерлікті қолдануда *құзыретті* болуы тиіс.

*Педагогикалық практика* ғылыми-педагогикалық мамандардың нысаны болып табылады және тәжірибелік дағдылар мен оқыту әдістемесін қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Оның мазмұны теориялық білімдерді жүзеге асыру мен магистранттардың студенттік топтармен жұмыс жасаудың тәжірибелік дағдылары мен іскерліктерін жетілдіру және жоғары дәрежелі мамандарды кәсіби даярлаудың сапасын арттыруға бағытталған.

*Педагогикалық практиканың мақсаты* – болашақ жоғары оқу орны оқытушының музыкалық-педагогикалық іс-әрекеттерін ұйымдастыру және жобалау, оқыту-тәрбиелеу үрдісін талдау және мониторинг жүргізу, мамандық бойынша сапалы дәріс беруді даярлау, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік туғызу.

*Педагогикалық практика міндеттері:*

- музыкалық (тарихи-теориялық, орындаушылық және т.б.) пәндер оқытушысының педагогикалық және тәрбие жұмыстарының, кафедра мен факультеттің оқу-әдістемелік, ұйымдастырушылық-әдістемелік және тәрбие жұмыстарының ерекшеліктерімен, сипатымен таныстыру;
- оқытылатын пәндердің ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие үрдісіндегі оқытудың тиімді әдістері мен технологияларын пайдалануға мүмкіндік беру;
- оқытудың топтық формасы барысында студенттік ұжымның психологиялық ерекшеліктерін және жеке оқыту формасында студенттің жеке ерекшеліктерін диагностикалау іскерліктерін бекіту;
- студенттермен бірге тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық дағдыларын қалыптастыру;
- болашақ жоғары оқу орнының оқытушысының кәсіби жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Базалық кафедраның келісімімен педагогикалық практика оқу үрдісінен қол үзбей теориялық оқу кезеңінде де өтілуі мүмкін.

Магистранттардың педагогикалық практикасы базалық бітіруші кафедра құрастырған және бекіткен педагогикалық практика бағдарламасына сай және педагогикалық практика жетекшісінің бақылауымен жүргізілуі тиіс. Практиканың әдістемелік жетекшілігін тікелей ғылыми жетекшілері, бітіруші кафедраның профессорлары немесе доценттері жүзеге асырады. Практиканың басқа жоғары оқу орнында өткен жағдайында қосымша жетекшілікке сол оқу орнының оқытушысы бекітіледі.

Магистранттардың практика бойынша жеке бағдарламасын тікелей жетекшісі құрастырып ұсынады және кафедра отырысында бекітіледі. Әрбір магистрант оқу-әдістемелік құжаттарды, көрсететін үлестірме материалдарды құрастыру бойынша

психологиялық-педагогикалық зерттеулер мен тәрбие жұмыстарын жүргізу бойынша жеке тапсырмалар алады.

Педагогикалық практика магистранттың ұсынған портфолиосы негізінде бағаланады, оның мазмұны мен құрылымы педагогикалық практика бағдарламасында ашылады. Үлгісі 1 кестеде берілген.

*Өндірістік практика* бейіндік магистратураның негізгі білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады. Өндірістік практика, таңдалған мамандығына сәйкес оқытылатын пәндердің топтық немесе жеке түріне байланысты өндірістік немесе өндірістік (орындаушылық) деп те аталынады.

*Өндірістік практиканың мақсаты* – магистрантты білім беру мекемесінің (жоо, колледж, мектеп, гимназия) музыкалық оқу-тәрбие үрдісімен таныстыру, топтық немесе жеке пәндерді жүргізу әдістемесімен, сонымен қатар таңдалған пәндерді оқыту- практикалық қызметін қамтамасыз ету.

Өндірістік практика жалпы теориялық оқу жоспарлаған арнаулы пәндер жүйесін оқуды біткеннен соң ұйымдастырылады.

*Өндірістік практиканың міндеттері*:

– таңдалған мамандық саласында кәсіби білім мен орындаушылық іскерлікті қалыптастыру және дамыту;

– мамандандырылған дайындық бағыты бойынша қажетті кәсіби құзыреттілікті меңгеру;

– магистрлік диссертация жазуға практикалық материалды жинақтау.

Магистранттардың өндірістік практика бағдарламасы бітіруші кафедрамен құрастырылып, бекітіледі. Практика жетекшісінің бақылауымен жүргізіледі. Магистранттардың педагогикалық практикасының әдістемелік жетекшілігін тікелей ғылыми жетекшілері, бітіруші кафедраның профессорлары немесе доценттері жүзеге асырады. Практиканың басқа жоғары оқу орнында өткен жағдайында қосымша жетекшілікке сол оқу орнының оқытушысы бекітіледі.

Магистранттың практика бойынша жеке бағдарламасын тікелей жетекші құрастырады және кафедра меңгерушісі бекіткен кафедраның педагогикалық практикасын жүргізудің жалпы кестесіне ұсынылады. Әрбір магистрант оқу-әдістемелік құжаттарды, көрсететін үлестірме материалдарды құрастыру бойынша психологиялық-педагогикалық зерттеулер мен тәрбие жұмыстарын жүргізу бойынша жеке тапсырмалар алады.

Өндірістік практика магистранттың есебі және дайындаған қажетті құжаттар негізінде бағаланады, оның мазмұны мен құрылымы практика бағдарламасында ашылуы тиіс.

Кесте 1 – Педагогикалық практика бағдарламасы

| № | Мазмұны | Мерзімі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Дайындық кезеңі | | |
| 1 | Бекіту конференциясын өткізу:<br>- өткізу базасы мен практика жетекшілеріне бөлу;<br>- педагогикалық практика бағдарламасымен, оны ұйымдастыру және өткізу талаптарымен танысу. | Бірінші апта |
| 2 | *Пассивті практика*:<br>- оқытушылардың дәрістік-практикалық немесе жеке (магистранттың арнаулы пәнін ескере) пәндеріне қатысу, бақылау;<br>- пәндер бойынша оқу-әдістемелік құжаттарды меңгеру;<br>- қажетті ақпарат пен мәліметтерді күнделікте белгілеу. | |
| 3 | Әдіскер мен оқытушыдан кеңес алу. | |
| Негізгі жұмыс кезеңі | | |
| 4 | *Белсенді практика:*<br>- курстас-магистранттардың өткізетін сабақтарына қатысу және талдау;<br>- студенттер арасындағы тәрбиелік іс-шараларға қатысу және ұйымдастыру;<br>- таңдап алған пән бойынша сабақтар өткізу;<br>- оқу үрдісінде студенттерді бақылау; | Кейінгі апталар |

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | - оқытылатын пән бойынша есептік сабақты ұйымдастыру және өткізу;<br>- студенттер арасында бір есептік тәрбиелік іс-шараны ұйымдастыру және өткізу;<br>- оқытылатын пән бойынша жоспар-конспекті құрастыру;<br>- оқытылатын пән бойынша оқу-әдістемелік кешенді құрастыру. | |
| 5 | Кафедраның және оқытылатын пәннің оқу-әдістемелік құжаттарымен танысу | |
| 6 | 1.Дәрістік-практикалық пән болған жағдайда студенттер ұжымына және жеке студентке психологиялық-педагогикалық мінездеме құрастыру;<br>2. Жеке пән болған жағдайда бір студентке психологиялық-педаго-гикалық мінездеме жазу. | |
| 7 | Күнделікті және басқа да құжаттарды уақытылы толтыру | |
| 8 | Педагогикалық практика жетекшісі мен пән оқытушысынан кеңес алу және есеп беру | |
| | Қорытынды кезең | |
| 9 | Практика қорытындысын шығару. | Соңғы апта |
| 10 | Қажетті құжаттардың соңғы безендірілуі, педагогикалық практика жетекшісіне өткізу, қорытынды баға. | |
| 11 | Есептік конференция (кафедра жоспары бойынша) | |

*Зерттеу практика* – магистранттардың ғылыми және педагогикалық, сонымен бірге бейіндік магистратураның негізгі білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады.

Зерттеу практикасының негізі магистранттарды өз бетінше зерттеу жүргізу іскерлігі мен зерттеу барысында алынған мәліметтерді пайдалануға дағдыландыру.

*Зерттеу практикасының мақсаты* - магистранттарды отандық және шетелдік педагогикалық ғылымдардың жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің қазіргі жаңа әдістерімен таныстыру, эксперименттік мәліметтерді өңдеу және талдау, ғылыми-зерттеу жұмыстарын өз бетінше жүргізуде практикалық дағдыларын меңгеру, ғылыми материалдарды жинақтау және магистрлік диссертацияны қажетті деңгейде жазуға даярлау.

*Зерттеу практикасының міндеттері:*

- магистрлік бағдарлама пәндерін оқу үрдісінде меңгерген білім, білік және дағдыларын бекіту;
- кәсіби салада өз бетінше ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын меңгеру;
- магистранттардың ғылыми зерттеулердің қазіргі әдіснамасын оқып, білуі;
- ғылыми ақпараттарды жинақтау, талдау және өңдеудегі қазіргі әдістерді білу, зерттеудің қолайлы әдістерін таңдау;
- зерттеу жүргізу үшін қажетті жабдықтарды құрастыру және эмпирикалық материал-дарды жинақтауды меңгерту;
- ғылымның қазіргі әдіснамасына сәйкес магистранттардың ғылыми зерттеулерін жүргізуді ұйымдастыру, ғылыми зерттеулер жүргізу кезеңдері мен логикасын сақтау;
- ғылыми зерттеулерді жүргізуге магистранттардың шығармашылық қатынасын белсендіру және ынталандыру;
- алынған нәтижелерін есеп, мақалалар, семинар мен ғылыми конференцияларда баяндама жасау түрінде жеткізу дағдыларын меңгерту;
- көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Ғылыми және педагогикалық бағыттағы магистранттардың зерттеу практикасына үш кредит бөлінеді, ал бейіндік бағыттағы зерттеу практикасына екі кредит бөлінеді. Өту мерзімі оқу жұмыс жоспары бойынша өткізіледі.

Зерттеу практикасы кафедрада бекітілген және магистранттың ғылыми жетекшімен бірге құрастырылған практиканың жеке жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Зерттеу практикасының мазмұны диссертациялық зерттеу тақырыбымен айқындалады.

Магистранттың зерттеу практикасына жетекшілікті ғылыми жетекші атқарады. Зерттеу практикасы бекітілген жеке жоспарының орындалу талаптарына және алған нәтижесі бойынша бағаланады. Үлгісі 2-ші кестеде берілген.

Кесте 2 – Зерттеу практикасының бағдарламасы

| № | Мазмұны | Мерзімі |
|---|---|---|
| Дайындық кезеңі | | |
| 1 | Бекіту конференциясын өткізу:<br>- зерттеу базасымен танысу;<br>- зерттеу практикасының бағдарламасымен, оны ұйымдастыру және өткізу талаптарымен танысу;<br>- зерттеу практикасын жүргізу шарттарымен танысу. | Бірінші аптаның басы |
| Негізгі жұмыс кезеңі | | |
| 2 | 1. Диссертацияға қажетті ғылыми материалдарды жинақтау бойынша ғылыми кітапханада, ғаламторда, мұрағаттарда, эксперименттік базаларда өз бетінше жұмыс жасау;<br>2. Ғылыми мәліметтерді, зерттеудің тиімді әдістерін жинақтау, талдау және өңдеу жұмыстарын өз бетінше жүргізу;<br>2. Зерттеу жүргізу үшін қажетті жабдықтарды құрастыру және диссертация үшін эмпирикалық материалдарды жинақтау;<br>3. Ғылымның қазіргі әдіснамасына сәйкес магистранттардың ғылыми зерттеулерін жүргізу, ғылыми зерттеулер жүргізу кезеңдері мен логикасын сақтау;<br>4. Эксперименттік жұмыс талаптарына сәйкес зерттеу тақырыбы бойынша эксперименттік жұмыстарды жүргізу;<br>5. Мақалалар жазу және ғылыми баспаларда жарыққа шығару;<br>5. Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарларда баяндамамен шығу;<br>6. Зерттеу практикасының қорытындысы бойынша жазбаша есеп беру. | Кейінгі апталар |
| 3 | Күнделікті және басқа да құжаттарды уақытылы толтыру | Апта бойы |
| 4 | Ғылыми жетекшіден кеңес алу, есеп беру | Апта бойы |
| Қорытынды кезең | | |
| 5 | Практика қорытындысын шығару. | Соңғы апта |
| 6 | Зерттеу практикаға байланысты құжаттарды дайындау және практика жетекшісі мен ғылыми жетекшіге өткізу, қорытынды баға алу. | |
| 7 | Зерттеу практикасы бойынша конференцияға қатысу. Қорытынды конференцияда зерттеу практикасының қорытындысы бойынша магистранттың көпшілік алдында есеп беру, презентация жасау (кафедра жоспары бойынша) | |

*Практиканың топтық (ғылыми) жетекшісі:*

1. Білім беру мекемелеріне практикаға келген магистранттардың барлық топтарының жұмысына жетекшілік жасайды.

2. Білім беру мекемесіндегі педагогикалық жұмыстың барлық қызметтері, ерекшеліктерімен магистранттарды таныстырады.

3. Практиканың жалпы бағдарламасына сәйкес әрбір магистрантқа нақты мақсаттар мен іс-әрекеттер түрлерін айқындайды.

4. Магистранттардың есептік сабақтарына қатысады және оны он бір балдық жүйемен бағалайды.

5. Барлық жұмыс түрлері бойынша магистранттарға ғылыми-әдістемелік көмек көрсетеді.

6. Практика бағдарламасына сай практиканттарға кеңес өткізеді, практиканың өтуіне бақылау жасайды, практика бойынша есептерді тексереді, оны қорғауға қатысады.

7. Практиканттардың есептерінің негізінде топ жетекшісі педагогикалық практика өтуі туралы жазбаша пікір (есеп) береді және педагогикалық практиканың кафедралық жетекшісіне ұсынады.

8. Себепсіз қалғаны үшін, мекеменің жұмыс кестесін бұзғаны үшін, кәсіби құзыретсіздігі үшін магистрантты педагогикалық практикадан босату мүмкіндігі бар.

9. Практика мазмұнын жетілдіру бойынша кафедраға ұсыныс береді.

*Магистрант практика кезеңінде келесі міндеттерді атқаруы тиіс:*

- практика бағдарламасын толық орындауы, жоғары оқу орнының бекітілген формасы бойынша практика күнделігін жүргізу;

- базалық мекеменің ішкі тәртіп ережелеріне бағыну;

- еңбек қорғау ережелерімен, 5.03.005-2009: ҚР МЖМББС өндіріс санитарлық қауіпсіздік техникасымен танысу және қатаң сақтау;

- бітіруші кафедра тапсырмалары бойынша оперативтік жұмыстарға қатысу;

- практика жетекшісіне бекітілген формада практика түрлері (педагогикалық, өндірістік, зерттеу) алдын ала ескерген, жетекшінің қолымен расталған, базалық мекеменің барлық тапсырмаларын орындалуы туралы жазбаша есеп-күнделікті өткізу.

Сонымен, қорыта келгенде, *педагогикалық және зерттеу практикалары* кәсіптік оқытуда, болашақ педагог-музыканттардың кәсіби даярлығы жүйесінде мынадай маңызды қызметтерді атқарады: ғылымилық, әдістемелік, оқытушылық, дамытушылық, тәрбиелік.

Біз жоғарыда қаралған педагогикалық пен зерттеу практикаларын ұйымдастыру және өткізу талаптары мен мазмұнын бірнеше жылдар бойы «Музыкалық білім» мамандығы бойынша дәріс алған магистранттар арасында тәжірибе жүзінде байқап, соңғы жөнделген нұсқасын осы мақалада ұсынып отырмыз.

Практика, жоғары оқу орындарында магистранттардың теориялық оқыту мен оқу-тәрбие тәжірибелік жұмыстар арасындағы байланыстырушы буын болып табылады деп ойлаймыз. Оларды алғашқы, әрі өте құнды педагогикалық іс-әрекет тәжірибесімен қаруландырады, теориялық білімдерді бекіту мен тереңдету құралы ретінде қарастырылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасының заңы. 27 шілде, 2007.

2. 5.04.019-2008 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты». Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру. Магистратура. 2009 ж. 23 қаңтарда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекіткен негізгі ережелер.

3. 5.03.005-2009 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты». Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі. Кәсіби практика. 2009 ж. 31 шілде. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің №365 бұйрығымен бекіткен Негізгі Ережелер».

4. 7.09.129-2010 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты». Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру. Магистратура. 6М010600 – Музыкалық білім 2011 ж. 31 шілде. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекіткен Негізгі Ережелер.

5. 2008 ж. 18 наурыз. ҚР Білім және ғылым министрлігі №125 бұйрығымен бекіткен білім алушылардың ағымдық бақылау, үлгірім, аралық және қорытынды аттестация өткізу Ережелері.

6. 2007 ж. 22 қараша ҚР БжҒМ №566 бұйрығымен бекіткен оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру Ережелері.

## РЕЗЮМЕ

***Ш.Б. Кульманова,*** *д.п.н., профессор*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

## ПРОВЕДЕНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ И ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ПРАКТИКИ МАГИСТРАНТАМИ ПО СПЕЦИАЛЬНОСТИ «МУЗЫКАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

Педагогическая (производственная) и исследовательская практики магистрантов, обучающихся по специальности «Музыкальное образование», занимают важное место в углублении с позиций практики  и науки мыслительной деятельности и знаний, развитии осознанного отношения и профессиональной компетентности.

***Ключевые слова*:** магистратура, магистрант, музыкальное образование, педагогичекая практика, производственная практика, исследовательская практика, цель, задачи, портфолио, отчет, руководитель педпрактики, научный руководитель, компетентность.

## SUMMARY

***Sh.B. Kulmanova,*** *dr. of ped.sci., professor*
*(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

## REALIZATION OF PEDAGOGICAL AND RESEARCH PRACTICE MASTER'S DEGREE ON SPECIALITY «MUSICAL EDUCATION»

Educational (industrial) research and practice of undergraduates, teaching coun-in «Musical Education», play an important role in deepening from the standpoint of the practice and science of mental activity and knowledge, the development of a conscious attitude and professional competence.

***Key words***: Master, undergraduate, music education, pedagogical practices, manufacturing practices, research practice, purpose, objectives, portfolio, report, head of supervised practice, research manager, competence.